

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

**Жалпы орта білім беретін мектептің
4-сыныбына арналған
оқулық**

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру
бағдарламасының авторы С.А. Назарбаева

Ізғұттынова Р.О.

Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің
4-сыныбына арналған оқулық/ Ізғұттынова Р.О.,
Оралбекова Ә.Қ., Төттімбетова Қ.Ж. – «Бөбек»
ҰҒПББСО, Алматы 2019. – 176 б.

4-сыныпқа арналған оқулықта жалпыадамзаттық құнды-
лықтар мен адамгершілік қасиеттердің мәнін ашып, жарыққа
шығаратын оқу материалдары ұсынылған.

ЖАС ДОСТАР!

4-сыныптың «Өзін-өзі тану» оқулығы арқылы өзіңді тануда көптеген жаңалықтар ашасыңдар. Өзін-өзі тану сабақтарынан рухани-адамгершілік білім аласыңдар.

Оқулықтағы даналық сөздердің мәнін ұғынып, өмірді тануға талпынатын боласыңдар. Оқу материалдарын оқу, зерттеу, қолдану жұмыстарымен айналысасыңдар. Түрлі шығармашылық тапсырмалар орындау, сұрақтарға жауап беру, жағдаяттарды шешу, эссе жазу, өлең шығару, сахналық көріністер көрсету сендердің ой-өрістеріңді шыңдай түседі.

Өз бойларыңдағы ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау сияқты жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін жақсылық, қайырымдылық істер арқылы іс жүзінде көрсетуге мүмкіндік аласыңдар.

Оқу материалдарын меңгере отырып, әлемдік мәдениетпен, ұлттық мәдениетпен танысасыңдар.

Адамның өмірлік мақсаты, мінезі, ішкі сұлулығы туралы білетін боласыңдар.

Отбасындағы өзара түсіністіктің, өзара сыйластықтың, отбасы дәстүрлерінің мәнін ұғасыңдар.

Дербестік және жауапкершілік, батылдық пен табандылық сияқты қасиеттеріңді жақсы іс-әрекеттерің арқылы көрсетуге ұмтыласыңдар.

Ар-ұждан ілімі, азамат болу жөнінде білімдеріңді нығайтасыңдар.

Табиғаттың күші, судың қасиеті, туған жердің әсемдігі, жердің қадірі туралы түсініктеріңді кеңейтесіңдер.

Жас достар! Білім жолында сәт сапар тілейміз!

«Оқушы дәптері» Ozin-oz-tanu.kz интернет-порталы, «Оқушыларға» бөлімі, «Электронды кітапхана» айдарына салынған.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Дана сөздер



Бірге оқимыз



Әңгімелесейік



Жақсылық жасайық



Жаңаны білеміз




Жүректен жүрекке



Жаңа сабақ

I тарау

ҒАСЫРЛАР ДАНАЛЫҒЫ



1-2

АДАМЗАТ МӘДЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ӘЛЕМІ



Алдымен өзіңді – өзің таны.

Сократ

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Сократ – ежелгі грек ойшылы

Сократ қарапайым өмір сүрген. Ол ел ішіндегі атақты адамдармен кездесе бастайды. Бірақ оларға көңілі толмайды. Содан жұрт алдына шығып сөз сөйлейді. Қарапайым адамдармен өмір жайлы әңгімелесуді әдетке айналдырады. Оған «жастарды азғырып жатыр» деген жала жабылады. Артынан қуғын түседі. Ақыры түрмеге қамалады. Жазадан құтылудың жалғыз жолы не өз ойынан бас тарту, не елден кету болады. Сократ достарының көмегінен бас тартады. Сократ «Менің жазадан қорқып, өз ойымнан бас тартуым – жауынгердің қорыққаннан шайқасты тастап кетуімен бірдей» деп, табандылық танытады.

«Ұлылардан ұлағат» топтамасынан.



- Сократ деген кім?
- Ол қарапайым адамдармен не жайында әңгімелесуші еді?
- Сократты не үшін қамауға алды?
- Жазадан құтылу үшін Сократқа қандай шарт қойды?
- Сократ елінің адал азаматы екенін қалай көрсетті?

- Өзің ұлы адамдардың бойында қандай қасиеттер болады деп ойлайсың?



1-тапсырма

Грек даналарының нақыл сөздерін көкейлеріңе түйіп алыңдар.

Грек даналарының нақыл сөздері

Арды биік қоюға әдеттен.
Сөйлеген кезде асықпа.
Жалған сөзден аулақ бол.
Күшпен алма, ақылмен ал.
Ұят нәрседен қаш.
Білімді сүй.
Жолда асықпа.
Өзіңді-өзің сақта.

2-тапсырма

Сократтың нақыл сөздерін оқып, дәптерлеріңе жазып алыңдар.

Сократтың нақыл сөздері

Әрбір адам күн сияқты, тек оған жарқырауға мүмкіндік беру керек.

Ақшасы жоқ адам кедей емес, арманы жоқ адам кедей.

Тек бір ғана жақсылық бар ол – білім, тек бір ғана жамандық бар ол – надандық.

Ізгілік пен игілік жоқ жерде әсемдік те жоқ.

Әлемді өзгертпес бұрын, өзіңді өзгерт.

3-тапсырма

Өз ойларыңнан қанатты сөздер ойлап табыңдар. Дәптерлеріңе жазыңдар.



Даналық – адамзат баласының сан ғасырлар бойы жинаған рухани байлығы. Даналық – адамның ақыл-ойының, білімінің, тәжірибесінің жемісі. Даналық сөздер ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріліп отырады. Даналық ойлар адамның өзін, өзгелерді, қоршаған ортаны, әлемді тануға мүмкіндік береді. Даналықтан тәлім-тәрбие, өнеге-үлгі, өсиет, ұлағат аламыз.



Оқиғалар

Эзоп

Түлкі мен барыс

Түлкі мен барыс кім сұлу екендігіне таласып жатады. Барыс өзінің керемет теңбіл терісімен мақтанады. Бұған түлкі: «Терің теңбіл болған сенен, менің жаным ажарлы, сенен қаншалықты сұлуырақ екенімді түсінемін», – деген екен.

Бұл мысал тән сұлулығынан, жан сұлулығы артық екендігін көрсетеді.

Түлкі мен жүзім

Аш түлкі салбырап өсіп тұрған жүзімнің сабағын көріп, алып жемек болады. Қанша талпынса да, жете алмайды. Кетіп бара жатып: «Ол әлі піспеген екен», – дейді өзіне.

Бұл мысал кейбір адамның жетістікке өз күшінің жетпегенін емес, жағдаятты кінәлайтынын білдіреді.

Балықшылар

Балықшылар балық аулауға барады. Алайда, қанша талпынса да, ештеңе түспей, көңілсіз өз қайықтарында отырады. Сөйтсе, бір балық жанынан

шолпылдатып қашып бара жатып, өзі секіріп қайыққа түсіп қалады. Балықшылар оны ұстап алып, қалаға апарып, сатып жібереді.

Бұл мысал осылайша, өмір сыйға тарта алмағанды, кейде бір сәттілік сыйға тартатынын байқатады.

Әтештер мен құр

Бір адамның әтештері болған екен. Бірде ол базардан қолға үйретілген құрды көріп, оны сатып алып келіп, әтештеріне қосып бақпақшы болыпты. Алайда, әтештер оны бөліп, қуа бастапты. Құр олардың тегінен болмағандығынан қуғынға ұшырап отырмын деп қайғырыпты.

Алайда, сәл кейінірек әтештердің өздері бір-бірімен қызылкенірдек болып қырылысып жатқанын көріп: «Жоқ, енді мен өзімді құды деп қайғырмаймын, себебі, олар өздерін де аямайды екен», – деп ойлапты.

Бұл мысал өз жақынын аямаған, өзгелерді де аямайтынын көрсетеді.



- Оқиғалардан қандай сабақ алуға болады?
- Жан сұлулығы нәліктен тән сұлулығынан маңызды деп ойлайсыңдар?
- Жетістікке жету үшін қандай қасиеттер керек болады?
- Сабырлылық не үшін қажет?
- «Өзін сыйлай білген, басқаларды да сыйлай алады» дегенді қалай түсінесіңдер?



4-тапсырма

Эзоп – грек халқынан шыққан. Ол – мысал жанрының алғаш негізін салушы. Эзоп мысал өлеңдерінде бай-манаптардың теріс қылықтарын сынап-мінеп жазған.

Эзоптың өлеңін оқып, мағынасын өз сөздеріңмен айтып беріңдер. Өлеңде қандай түйін келтірілген?

Құмырсқа мен инелік

Эзоп

Аударған Өтебай Тұрманжанов

Құмырсқа еңбек етті ала жаздай,
Шұбырып кіре¹ тартып, тобын жазбай.
Шілдеде саршатамыз² таңдай кепкен
Азығын таси берді азбай-тозбай.

Азығын сарайына қойған құйып,
Күздегі жауын-судан дымқыл тиіп.
Құрғатып күн көзіне кептірмекке,
Алдына есігінің қойды үйіп.

Қалжырап жаурап тоңған аш инелік,
Алдына құмырсқаның жетіп келіп:
– Қырманнан кеусен³ беріп, қараспасаң,
Достар-ау, қалатынмын аштан өліп...

Құмырсқа сонда айтты инелікке:
– Біреуден сұрап алған дүниелік пе?
Қамдамай қыс азығын жазда неге
Сандалып, сағым қуып жүрдің текке?

– Өлеңнен ала жаздай қол тимеді,
Жиюға қыстық азық жол тимеді.
Ән салып, өлең айтып, қосық⁴ тартып,
Мастанып ұмытыппыз қысты тегі...

¹ *Кіре* – жал-жал боп үйілген десте.

² *Саршатамыз* – жаздың ең ыстық кезі.

³ *Кеусен* – астықтан берілетін сыбаға.

⁴ *Қосық* – қысқаша ұйқастырылған өлең.

Күлді де құмырсқалар мына сөзге,
– Қылығың, инелікжан, – деді – өзге.
Жазасың, жаз ән салсаң, қыс береді,
Еріншек еңбек етпей болсаң кезбе.

5-тапсырма

Сөйлемдерді өз ойларыңмен жалғастырып жазыңдар.

Дүниедегі ең асыл, ол –
Адамға ең қажетті, ол –
Жер бетіндегі ең әсем, ол –
Аспандағы ең сұлу, ол –
Мұхиттағы ең үлкен, ол –
Сөздегі ең маржан, ол –
Тағамдағы ең тәтті, ол –
Өмірдегі ең басты, ол –

6-тапсырма

«Даналық» сөзінің әрбір әрпінен басталатын жақсы сөздерді тауып жазыңдар.



Д...

А...

Н...

А...

Л...

Ы...

Қ...



Нақыл сөздер – дана, ойшыл, ғұлама адамдардың ұлағатты ой-пікірлері. Ұлы адамдардың айтып қалдырған нақыл сөздері – ақылдың, сөздің маржаны. Нақыл сөздердің мағынасы терең, қысқа да, нұсқа болып келеді. Нақыл сөздерден сүйіспеншілік, жақсылық, өнер, білім, тәрбие, еңбек, достық туралы ақыл-кеңестер аламыз, ой түйіндеуге үйренеміз, тілімізді байытамыз. Нақыл сөздер жақсылыққа үйретеді, жамандықтан сақтандырады.



Ана тілі

*Өлеңін жазған Әдібай Табылдиев
Әнін жазған Мақсат Дауылбаев*

Ақыл-ойын дананың,
Ана тілден аламын.
Ана тілім ардақты,
Ақ сүтіндей анамның.

Өсірген ой, білімді,
Сүйем туған тілімді.
Мақсат етем әр сөздің,
Мәнін терең білуді.

А.ҚҰНАНБАЕВ ПЕН Ш.ҚҰДАЙБЕРДИЕВТІҢ ІЛІМІНДЕГІ ӨМІРДІҢ МАҚСАТЫ



**Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба.**

Абай Құнанбаев

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Талаптыға нұр жауар

Ұлықман Әбілдаұлы

Болашақ ақынның балалық шағы қос ананың – әжесі Зере мен анасы Ұлжанның бауырында, тәрбиесінде өтті. Сүйікті немересінің азан айтып қойған Ибраһим деген атына тілі келмей, оны «ойлы болсын, аңдағыш болсын, абайлағыш болсын» деген тілекпен Абай атандырған да сол аяулы әжесі-тұғын. Өзара өте тату ене мен келін – екі ана жаратылысынан байсалды, мейірбан, әділ адамдар болғандықтан, өздерінің мейірі қатты ауған бұл баланы бауырмал, адамгершіл, қайырымды да әділ етіп өсіруге тырысты.

Абай өңі қараторы, екі көзі тостағандай әрі өткір, кең маңдайлы, дембелше бойлы бала болады. Мінез жағынан ширақ, өткір, аңқаулығы мен тентектігі де аралас болса керек. Әсіресе, ол аса ұғымтал, бір көргені мен естігенін ұмытпайтын зерделігімен айрықша көзге түсетін. Оның бала кезін білетіндерден қалған сөзге қарағанда, Абай ертегі-аңыздар, ел ішінің өткен өмірінен қалған алуан түрлі әңгімелер, өлең-жырлар десе, ішкен асын жерге қояды екен. Мұндайда

көп мазалайтыны, сондай әңгіме-хикаяларды, әсіресе, ертегілерді көп білетін әрі нақышына келтіріп, жалықпай айтатын өзінің әжесі еді. Шешесі Ұлжан да ара-тұра хикая құмар ұлына ел ішінің күлкілі оқиғаларын мысқыл, сықақ қоса отырып, қызықты етіп әңгімелеп беретін.

Абай осы әдетін өмір бойы тастамаған. Көп жылдар оның қасында болған Көкбай ақын: «Өзі біреуге ұзақ әңгіме, жыр сияқты нәрселерді айтқызғанда, еш уақыт басқа, бөтен нәрселерге аумай, таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын», – деп жазған. Осындай сөзді баласы Тұрлығұл мен қызы Уәсила естеліктерінен де оқимыз. «Әкем Абай туралы» атты естелігінде Тұрлығұл былай дейді: «Түн болғанда әмсе біреуге ертегі айтқызып, я өзі айтып отыратын әдеті бар еді. Біреуге айтқызғанда, бұрын естімеген кісіше, ынтасын сала тыңдап, әбден айтып болған соң, айтушының адасқан жері болса, өзі айтып беретін. Қазақ ертегісінде естімеген, білмеген ертегісі кем шығар».

Бұл кездерде бір елдің анасы атанған Зере әжеге, аға сұлтан Құнанбайға сәлем беруге, не маңызды бір шаруамен алыс-жақыннан бұл ауылға келуші ел ағалары, атақты билер мен ақын-жыршылар, әнші-күйшілер, жат жұрттық жолаушылар үзілмейтін. Ол кездің әдеті бойынша олар жата-жастанып өткен-кеткенді, бұрынғының әр алуан қызықты да қайғылы оқиғаларын айтысып, келген шаруаларын тек кетерде сөз ететін. Ал Абай сол қонақ отырған үйдің ең ынталы да жалықпайтын тыңдаушысы-тұғын. Болайын деп тұрған ерекше зерек бала үшін мұның бәрі туған халқының әдет-салтын, сөз өнері мен тарихын, игі жақсыларының үлгі-өнегесі мен мінез-машықтарын білудің, танудың өзінше бір тамаша мектебі еді. Оның үстіне солардың арасындағы атақты ақын-жазушылар,

әңгімеші-ертекшілер Зере мен Ұлжан аналардың өтінішімен апталап, айлап жатып, жас Абайды әңгіме-жырға қандыратын. Ауыздан-ауызға көшіп, «ғажап-ай» дегізіп келе жатқан шешендік үлгілері, ақындар айтысы, билер дауы, неше түрлі күлдіргі сөз, тапқыр әзіл-сықақтар ынталы ұланның жадында өшпестей қалып отырды. Абайдың еңбекқор, төзімділігі, аз ұйықтайтын сергектігі, тамақты тарта ішетіндігі де бала шағынан бойына мықтап жұққан мінезі болыпты.



- Қос ана Абайға қандай тәрбие беруді көздеген еді?
- Абайдың мінезінде қандай ерекшелік болды?
- Жас Абайдың ауыз әдебиетін сүюі неден байқалады?
- Ел тарихына қызығушылық Абайға қалай әсер етті?
- «Ұлы Абай» деп неліктен айтылған?
- Өзің Абай ата туралы не білесің?



1-тапсырма

Абай атаның даналық сөздерін оқып, көкейлеріңе түйіп алыңдар. Дәптерлеріңе жазыңдар.

Абайдың даналық сөздері

Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол.

Адам баласына адам баласының бәрі – дос.

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

Кімде-кім әділеті жоқ болса, оның ұяты да жоқ.

Пайда ойлама, ар ойла.

2-тапсырма

Абай атаның қара сөздерінен алынған үзінділерді оқыңдар. Өздеріңе ұнаған тұстарын дәптерлеріңе жазып алыңдар.

Он төртінші сөз

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтықта – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады.

Он тоғызыншы сөз

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

3-тапсырма

Болашақ ұлы ақын Абай он жасқа келгенше небір ертегілер мен аңыздарды, батырлар жырын, ақын-жыраулардың толғауларын, шешендік сөз үлгілерін біліп, жадына сақтап қалған.

Адам жас кезінде бас алмай оқып, жаттаған өлеңі мен әнін ұмытпай, өміріне серік етіп өтеді. Сол себепті сен де қызығып оқитын, оқыған сайын құмарта түсетін, түсінетін боласың.

- Өздерің жатқа білетін Абай аталарыңның өлеңдерін ортаға салып айтыңдар.



Абай (Ибраһим) Құнанбаев 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Шыңғыс тауында дүниеге келген. Абай елге танымал, көргенді отбасында өсіп, тәрбие алды.

Абайдың арғы атасы Ырғызбай да атақты би әрі батыр болған. Оның әкесі Құнанбай өте ықпалды би болды.

Абай әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, сосын медреседе оқып білім алады. Ол бала жасынан кітапқа құмар болды. Абай қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын терең меңгерді. Абай халық ауыз әдебиетінің үлгілерін өте жақсы білді. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде-ақ өзінің алғашқы өлеңдерін жаза бастады.



Жастарға (Үзінді)

Шәкәрім Құдайбердиев

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық.
Ал енді, олай болса, кімді алалық?
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын издесек, табармыз шыны ғалым,
Күнде күйлей бермелік бозбалалық.
Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен өзгенің бәрі надан,

Жалыналық Абайға, жүр, баралық!
Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік!



- Шәкәрім Құдайбердиев білімді қандай жолмен табуды айтады?
- Өшпес өмір, таусылмас мал беретін қандай білім деп ойлайсыңдар?
- Білімді, данышпан адам іздеу не үшін қажет?
- Ақын неліктен Абайға жалынайық дейді?
- Абай атадан нені үйренуге болады?
- Өзің Шәкәрім Құдайбердиев туралы не білесің?



4-тапсырма

Шәкәрім Құдайбердиевтің өлеңінен үзінді оқыңдар. Ондағы қарамен жазылған өлең жолдарының мағынасына мән беріңдер. Өзіңе ұнаған өлең шумағын дәптеріңе жазып ал.

«Анадан алғаш туғанымда...»

Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабырдың түбі – сары алтын».

**Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі – өз халқың.**

Адамдық борышың

Адамдық борышың, –
Халқыңа еңбек қыл.

**Ақ жолдан айнымай
Ар сақта оны біл**

Анық пен танық

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.

**Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әр істі сол тексермек.**

5-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Адам өзін-өзі қалай түзету керек деп ойлайсыңдар? Өз ойларыңды айтыңдар.

Бәйшешек бақшасы

Шәкәрім Құдайбердиев

Бұрынғы заманда әлі жеткенге күшпен, әлі жетпегенге айламен зорлық қылып, ел қақсатқан бір залым ұйықтап жатса, қасынан өтіп бара жатқан үш адамның бірі: «Мына залым кешке дейін оянбаса, талай момын зұлымдығынан аман болар еді», – депті.

Сонда тағы біреуі: «Тіпті, ертең де оянбаса игі еді», – дегенде, қалған біреуі: – «Шынында, мұның осы ұйқыдан оянбай қалғаны артық, сөйтсе тамам адам зұлымдығынан құтылар еді» – депті.

Әлгі залым ұйқылы-ояу жатып, сөздің бәрін естіпті де, өзіне-өзі «Үш кісі қауым деуші еді. Мынаның бәрі менен безер болды. Ойлап қарасам, тамам адам баласы бір бауыр, бір дене сияқты, әр адам сол дененің бір мүшесі, бір мүше аурулы, зиянды болса, тамам денені тынышсыздандырады. Мен аурулы мүше екенмін де, тамам адамды тынышсыздандырған екенмін. Мен не бұл адамдардың арасынан кетуім керек, не болмаса барша жанға тынышсыз болатын зұлымдықты қоюым керек екен ғой», – деп, бұрынғы мінезін тастап, түзеліп кетіпті.

6-тапсырма

Шәкәрім атаның өмірдің мақсаты туралы айтқанын оқыңдар. Өмірдегі өз мақсатың жайлы айтып бер.

* * *

Адамда екі түрлі мақсұт¹ бар, оның бірін тән мақсұты, бірін жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен еңбек іздейтін – жан мақсұты. Бастапқыны көксеген адам зұлымдық, қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды.



Шәкәрім Құдайбердиев 1858 жылы Шыңғыс тауы бөктерінде дүниеге келген. Шәкәрім Абайдың немере інісі. Шәкәрім ата-анасынан

¹ Мақсұт – мақсат.

ерте айырылады. Абайдың қамқорлығында болған Шәкәрім саналы, талантты ақын болып қалыптасады.

Ол жақсылық, әділдік, ақыл-сана, білім-ғылым туралы өлеңдер жазған. Оның домбыра, гармонь тартатын өнері болған. Шәкәрімнің жақсы қасиеті – өз бетінше ізденіп-оқуы. Ол бірнеше тіл білген.

Шәкәрім Құдайбердиев – ақын, ойшыл, тарихшы.



Абай біздің бабамыз

*Өлеңін жазған Әбдіраш Жарасқан
Әнін жазған Баянғали Әлімжан*

Өлеңі ақыл,
Өзі аңыз,
Абай біздің бабамыз.
Өсиетін сондықтан
Санамызға жазамыз.

Өтірікпен, өсекпен,
Өмірлері бос өткен.
Адамдарды ұлы Абай
Шығарыпты есептен.

Қайырмасы.

Қайырмасы:

«Бес нәрсеге қашық бол,
Бес нәрседен асық бол!»
Деген жырын Абайдың
Жиі-жиі айтып тұр.

Еңбекпенен, талаппен,
Әрбір күнін ән еткен.
Балалардан ұлы Абай
Адамшылық дәметкен.



АДАМ БОЛ!



Мінез – адамның айнасы.

Әбу Насыр әл-Фараби

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Аңызда да шындық бар

Мамытбек Қалдыбай

- Сұрағың болса, сұра.
- Әуелі әлденіп алайық, Бауке.
- Е, мейлі, «қонақ қойдан жуас» дегенді мен шығарған жоқпын ғой, қарағым.

Тез қимылдап, ортаға журнал столын қойып, дастарқан жайдым. Бағаналы бері Баукеңнің сөзін бөлуге батпай, қипықтап жүрген жұбайым енді еркін қимылға көшті. Қазақша ет асқан едік, бірақ Баукең оған бір рет те қол салмады.

- Тамақтаң, мына қазыдан алсаңызшы! – деген маған көзін аларта қарап:

– Әй, қарағым, «алдына ас қойдым, екі қолын бос қойдым» деген қайда? Мен жегім келсе, сен алыңыз демесең де, жеймін ғой. Тәбетім шаппай отыр, – деді жақтырмай.

- Келгелі бері жөндеп нәр татқан жоқсыз. Бұл ағзаңызға зиян ғой.

Баукең мырс етіп күлді.

– Әнеугүні үлкен қызым Ақан: «Әке, екінші тәулік тамақ ішкен жоқсыз. Құр жатасыз да қоясыз, ешкіммен сөйлеспейсіз, Мұныңыз қалай? – деді.

– Қызым, мен ойланып жатырмын. Ойланған кезімде тамақ есімнен шығып кетеді.

Таң қалып қарап:

– Рас па? – деді.

– Табиғаттың бір қызығы – басыңа ойлар келгенде, қарның ашпайды екен. Ал кейбір кісілердің тамақсау келетіні – ойланбайтынынан болса керек.

Қызым таңырқап не дерін білмей тұрып қалды.

– Қарын ашпаудың себебі, қызым, күллі ағзаны ой билеп кетеді екен.

Ол таңырқаған күйі бөлмемнен үнсіз шығып кетті.

– Бір қызығы, мен тамақты аз жесем де, арықтап көрген кісі емеспін. Қысқасын айтқанда, тамақтың екі түрі болады екен. Бір түрі – кәдімгі өзіміз жеп жүрген тамақ. Түсіндің бе? Онсыз өмір сүру мүмкін емес. Екінші түрі – рухани тамақ. Рухани тамағың болып тұрса, соны ойлап, толғанып жатсаң, қарның ашпайды екен. Ал рухани азығы жоқ адамдар қай жақта асхана, кафе, мейрамхана бар, үйге барғанда не жейміз дейді екен.

Қасиетті кітаптан оқығам, бір пайғамбар үйінен кетіп қалып, таудың ішіне барып, қырық күн аш жатады. Жұрт іздеп таппайды. Қырық күн өткен соң, өзі қайтып келеді.

– Тақсыр-ау, тамақсыз қалай жан сақтадыңыз? Аң аулап жейтін қару-жарағыңыз болған жоқ. Қалайынша аштан өлмедіңіз? – дейді жұрт.

– Мен қырық күн ойланып жаттым. Ойланған кісі аш бола ма? Не деп отырсыңдар?! – деп тастапты.

Әрине, бұл – аңыз. Дегенмен, қарағым, аңызда да шындық бар.



- Бауыржан ата өзінің тамаққа тәбеті жоқтығын қалай түсіндірді?
- Ойлану адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?

- Рухани тамақ дегенді қалай түсінесіңдер?
- «Рухани тоқ адам» деп қандай адамды айтуға болады?
- Өзің қандай адам болғың келеді?



1-тапсырма

Нақыл сөздерді оқып, мағынасын ұғып алыңдар. Нақыл сөздердің ішінен түйінді сөздерді теріп жазыңдар.

Бір нәрсеге, не өнерге талпыну үшін адамға алдымен табандылық қажет.

Әбу Насыр әл-Фараби

Үйренер нәрсең – білім мен мейірімділік.

Жүсіп Баласағұни

Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл.

Шәкәрім Құдайбердиев

Ар-намысың, жан-жүрегің қалай әмір етсе, солай істе.

Василий Сухомлинский

Адамның шын мағынасымен «Адам» болуы үшін өзін сүй, жақындарын сүймен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүйі шарт.

Мағжан Жұмабаев

2-тапсырма

Мәтіндегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып оқыңдар.

Қажетті сөздер: бала, арық, жолаушы, алғыс, суарады, шашады, добын, жүзігін, қолғабыс, мейірімділігі, жақсылықтың, жем.

Мейірім шуағы

Марат Тоқашбаев

Баяғыда Мейірім дейтін ... болыпты. Ол ыстық күнде шөліккеген бақты көріп, арықтармен су жүгіртіп Аяғы сынған тауықты көріп, оны орнына салып, сыртынан таңып тастайды. Шөжелеріне ... шашады. Жылап тұрған кішкентай баланы кездестіріп, оның суға ағып кеткен ... шығарып береді. Көрші әжейдің отынын үйіне жеткізесіді. Күн өтіп, есінен таңған жолаушыға су әкеп береді. Үйде анасына ... жасайды. Бәрінен ... алады.

Бірде сол елдің ханы арықтан өтіп бара жатып, гауһар ... жоғалтады. Оны ұрлап алды деп Мейірімнен көреді. Жазаламақ болып жатқанда оның ... мен адалдығына добын жоғалтқан бала мен көрші әжей, сусаған ... куәлік етеді. Сонда Мейірімге жасалған қиянатқа шыдамаған ... өзінен-өзі тартылып, балапандарын ерткен тауық арық табанынан шұқылып жүріп жоғалған гауһар жүзікті тауып береді. Содан бері жасалған ... бәрі мейірімділік деп аталатын болыпты.

3-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Өлеңде айтылғандарға сүйене отырып, «Мен әдепті баламын» тақырыбында эссе жазыңдар.

Жеткіншекке

Тілеген Шопашев

Автобуста қысылып,
Таппаса орын кәрі адам,
Ұшып тұрып ұсынып,
Өз орныңды бер оған!

Келсең үйге сабақтан,
Міндетіңді біл ұғып.
Уақтылы тамақтан,
Уақтылы тынығып.

Денесін кіл баптаған,
«Төні саудың – жаны сау».
Тазалығын сақтаған
Балалардың бәрі сау.

Ұқыпты бол тырнаққа,
Қылаудай кір жуытпа!
Тісің менен құлақты
Тазалауды ұмытпа!

Ақыл айтса – пайымдап,
Ақырын тос, тыныш тұр.
Сабағыңды дайындап,
Үйдің ішін жиыстыр!

Дәптеріңді шимайлап,
Кітабыңды кірлетпе!
Күтіп ұста абайлап,
Жыртылмасын бір бет те!

Қайта-қайта өшіріп,
Қағазыңды былғама!
Көршің жазса, көшіріп,
Біреудікін ұрлама!

Табаныңнан құр тозбай,
Біл жүретін жолыңды!
Болса үстің мұнтаздай,
Киімің де қонымды.



Адам болу – бұл өзіңнің адамгершілік қасиеттеріңді іс жүзінде көрсете білу. Адамның адамшылығы оның іс-әрекетінен, басқа адамдармен қарым-қатынасынан байқалады. Басқа адамдарға мейірімді, қайырымды болу, қол ұшын созу, жәрдем беру – нағыз адамның ісі.

Өзің үшін, өзгелер үшін, қоршаған орта үшін, әлем үшін сезімталдық таныту, жауапкершілікті сезіну, әділ болу – адамға парыз.

Адам болу – ол жағымды ойлау, бәрін жақсы көру, мінезіңді жақсарту, жақсылық жасау дегенді білдіреді. Әр адам күнделікті өзінің ойына, сөзіне, ісіне есеп беріп отыруы тиіс.



Жүректегі ой Аңыз

Шалва Амонашвили

– Ата, не деп сыбырлап жатырсың? – деп сұрады, атасының ұйықтар алдында өзімен-өзі күбірлеп жатқанын байқаған бала.

– Мен ойды Жүрекке салып жатырмын, балақай... – деп жауап берді ол.

Бала таңғалды:

– Ол қалай?



Дана қарт былай деді:

– Мені ренжіткен көршіммен ұрысқым келмейді, бірақ не істеу керектігін де білмеймін. Мінекей, содан ойды Жүрекке салып, ұйықтаймың, ал таңертең Жүрек не істеу керектігін айтады.



– Жүрек оны қайдан біледі, ата?

– Жүрек бәрін біледі, мен одан өмір бойы сабақ алып келемін. Саған да айтарым: қиын сұраққа жауап іздегенде, бір нәрсе түсініксіз болғанда ұйықтар алдында ойды Жүрекке салып қой, ал таңертең саған жауап келеді. Мұны тек сеніммен жаса.



- Жүрек адамға қалай қызмет етеді?
- Ойды Жүрекке салудың мәні неде деп ойлайсыңдар?
- «Жүрек бәрін біледі» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өзің жүрекке салып ойланып көрдің бе?



4-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Ондағы қарамен жазылған өлең жолдарының мағынасын ашып түсіндіріңдер.

Шәкен Күмісбаев

Жан дүнием

Жан дүнием ізгіліктен жаралған,
Жүрегімнен күн шуағы таралған.
Адамдарды ардақ тұтып аялап,
Тек жақсылық жасай беру – бар арман.

Бұл өмірде не болмайды күнбе-күн,
Сәтсіздікке ұшыраса кімде-кім,
Сол заматта жетіп барып қасына,
Көмектесу – адамшылық міндетім.

Секілденіп көңілдің көк қыраны,
Әншілердің асқақтаса бір әні,
Қуанышты күйге жаным бөленіп,
Бар адамды құшқым келіп тұрады.

5-тапсырма

Адам мінезі туралы нақыл сөздерді оқыңдар. Өзіңе «Мінездеме» жаз.

Адам баласына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.

Әбу-Насыр әл-Фараби

Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады.

Әбу Насыр әл-Фараби

Мінез-құлық – әркімнің өзін көрсететін айна.

Иоганн Гете

Байыптылық – мінездің негізі.

Оноре де Бальзак

Ең зиянды адам – мінезі тайғақ, екі сөйлейтін адам.

Шәкәрім Құдайбердиев

Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.

Әлихан Бөкейханов

6-тапсырма

«Мінез» сөзіне сәйкестендіріп қажетті сөздерді торкөздерге орналастырыңдар.

Қажетті сөздер: еңбек, білім, арман, тазалық, өнер.

		М				
		І				
		Н				
		Е				
		З				



Адамды бір-бірінен ерекшелендіріп тұратын өзіне тән мінезі болады.

Жақсы мінезді адам басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай біледі. Жақсы мінезді адамның ойы таза, сөзі сыпайы, ісі ізгі болады. Мінезің жақсы болса, кез келген ортаға тез сіңісіп, оңай тіл табыса аласың. Әр адам өз мінезінің жақсы жақтарын дамытып, кемшілік тұстарын түзетіп отыруы керек. Мінезді жақсарту әркімнің өз қолында.



Абай ақын атамыз

*Өлеңі мен әнін жазған
Жақсыгүл Қалжанова*

Абай ақын атаның
Туған күнін тойлаймыз.
Өзі айтқандай өнерпаз,
Болуды біз ойлаймыз.

Қайырмасы:

Әнін тыңдап әсерлі,
Жырын жаттап өсеміз.
Туған күні бабаның
Құтты болсын десеміз,
Құтты болсын десеміз.

Сайрандаймыз, ойнаймыз,
Қызыққа біз тоймаймыз.
Жүрегінің түбіне
Ақылымен бойлаймыз.

Қайырмасы.

АДАМНЫҢ ІШКІ СҰЛУЛЫҒЫ



**Нәрсенің сыртына қызықпа,
асылы ішінде болар.**

Ыбырай Алтынсарин

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Сенің сұлулығың – мейірімділігіңде!

Шалва Амонашвили

Бала есейді. Сондықтан да айнаға жиі қарайтын және ашуланатын:

– Мен қандай көріксізбін!

Атасы бұл сөздерді естіп, немересіне былай деді:

– Сенің сұлулығың – мейірімділігіңде!

Бала атасына сеніп, барлығына, барлық жерде жақсылық жасай бастады. Ол жақсылық жасауға берілгені соншалық, өзінің көріксіз екенін тіптен ұмытып кетті.

Уақыт өтіп жатты. Ол жігіт болды.

Күндердің күні, бір кеште ол өзіне жасырына қарап, сыбырласып тұрған әдемі екі қызды байқады:

– Ол қандай тартымды! – деді бірі.

– Оның бет-әлпеті ішкі сұлулығынан нұрланып тұр! – деді екіншісі.

Сонда жігіт атасын есіне алды. Ол іштей «Рақмет саған, данагөй аташым!» деді.



- Бала өзін неге «көріксізбін» деп налыды?
- «Сенің сұлулығың – мейірімділігіңде!» деген атасының сөзін қалай түсінесіңдер?

- «Оның бет-әлпеті ішкі сұлулығынан нұрланып тұр!» деп қыздар неліктен айтты?
- Адамның сұлу екенін қалайша тануға болады?
- Сұлу адамның бойында қандай қасиеттер болады?
- Өзіңді сұлумын деп санайсың ба? Неліктен?



1-тапсырма

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, нақыл сөздерді оқыңдар. Мағынасын түсініп алыңдар.

Өнегелі болса, бала... .

Қорқыт ата

Адам барлық жағынан да: түрі де, киімі де, жаны да, ойы да ... болуы керек.

Антон Чехов

Адамның асқан сұлулығы – оның

Василий Сухомлинский

Адамның ойы да, бойы да... .

Ғабит Мүсірепов

Сұлулық жақсы. Бірақ адамның ең алдымен, ... сұлу болу керек.

Сәкен Сейфуллин

Қажетті сөздер: көркем, қарапайымдылығы, көрікті, жаны, сұлу.

2-тапсырма

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Керексіз сұлулық (Аңыз әңгіме)

Бұғы шөлдеген соң, бұлаққа еңкейіп, су ішіп жатып, өзінің әсем мүйізін көріп шаттанады, сөйтіп денесінің басқа мүшелеріне көз салады. Бұғыға аяқтары келісімсіз, жіңішке әрі арық сияқты көрінеді.

Сөйтіп тұрғанында арыстан шыға келіп, бұғыны қуа жөнеледі. Бұғыны арыстаннан жаңа ғана өзі жақтырмай тұрған аяқтары ажыратып алады, солардың арқасында бұғы орманға арыстаннан бұрын жетеді. Бірақ, орманда бұғының мүйізі әр бұтаққа бір оратылып, кібіртіктей бастайды. Сол кезде арыстан оны ұстап алады. Сонда бұғы «Менің көркім – менің сорым болды, онша жақтырмаған, әлсіз санаған аяғым мені құтқаратындай мықты екен. Дұрыс бағалауды білмеген екенмін» депті.

Сұрақтар:

- Сыртқы сұлулық артық па, әлде ішкі сұлулық артық па? Неліктен?
- Адамды әсем ететін сыртқы келбеті ме, әлде жақсы мінезі ме? Неліктен?
- Адамды түр-әлпетіне қарап бағалаған дұрыс па, әлде адамшылығына қарап бағалаған дұрыс па? Неліктен?
- Сырты сұлу сұлу ма, әлде іші сұлу сұлу ма? Неліктен?

3-тапсырма

«Сұлулық» сөзіне ребус құрастырыңдар.



Адамда тән сұлулығымен қатар жан сұлулығы болады. Адамның сыртқы келбеті сұлу болғаны жақсы. Сұлу, ажарлы, келбетті

адамды көргенде көз қуанады. Сыртқы сұлулық ішкі сұлулықпен үйлессе, нағыз сұлулық сол болмақ.

«Сұлулық бетте емес, жүректе» деп бекер айтылмаған. Ең бастысы, адамның көркіне мінезі сай болғаны дұрыс. Адам жанының сұлулығы оның даналығынан, адалдығынан, әдептілігінен, сыпайлығынан көрінеді. Нағыз сұлулық – жан дүниенің сұлулығы.



Жақсы адам болғым келеді

Асхат Өмірбаев

Ауылдағы жаңа салынған үйлердің бірінен бес жасар бала шықты. Жақында көшіп келгендіктен, ол ешкімді танымайтын. Көшеде асыр салып ойнап жүрген балаларды көріп, қатты қызықты. Шарбақтың арасынан қарап тұрған оны бір кезде әлгі балалар келіп, қоршап алды.

– Сенің атың кім? – деп сұрады әуелі одан тәмпіш мұрын Мәди.

– Кемел, – деді бейтаныс бала.

– Атың жақсы екен! Кел, танысайық, – деді есімін айтқан Мәди қолын ұсынып.

– Ал мынау – Жақсылық, аналар – Айнұр мен Самал. Жүр, бізбен бірге ойна.

– Білмеймін, – деді Кемел сәл тартынып. – Апамнан сұрану керек.

– Не ойнаймыз?

– Шеңбер сызып, асық ойнайық. Сен ләңгі теуіп көрдің бе?

- Жоқ.
 - Апаң мен әкеңнің аты кім? Олар не жұмыс істейді? – деді Айнұр.
 - Апамның аты – Ақгүл. Дәрігер. Ал әкем – Әлихан, мал емдейді.
 - Дәрігер болған жақсы ғой. Мен өскенде дәрігер болам, - деді Самал.
 - Ал мен Қажымұқан атам сияқты балуан болам, – деді Мәди білегінің бұлшық етін көрсетіп.
 - Мен Жансая Әбдімәлік сияқты мықты шахматшы болам, – деді Айнұр.
- Мұны естіген Жақсылық та сөзге араласты:
- Бәрінен әкім болған жақсы. Әкім болсам, ауылға әдемі гүлдер егем. Көресіңдер, ауылымыз әлі әдемі болады. Бәріміз бай боламыз.



- Кемел ғана достарын үнсіз тыңдап тұрған.
- Кемел, сен кім боласың өскенде? – деді балалар оған бұрылып.

- Білмеймін. Бұл туралы әлі ойланған жоқпын.
- Таптым! Сенің атың Кемел ғой. Сен өскенде ғалым бол, – деп қиылды Самал.
- Жоқ, Кемел әкесі сияқты мал дәрігері болады, – деді Мәди қызбаланып.
- Қайдағы... Дәрігер болу үшін инеден қорықпау керек. Сен инеден қорқасың ғой, я? – деп сұрады Жақсылық.
- Ия, қорқам, – деді Кемел шынын айтып. – Мен қарбыз еккенді жақсы көрем.
- Сонда сендер қалада қарбыз егесіңдер ме? – деді Мәди таңырқап. Қалада биік үйлер көп. Апам екеуіміз балконға шығып гүл егеміз. Балкон кішкентай. Қарбыз сыймайды.
- Таптым! Сен өскенде егінші бол! – деді Айнұр.
- Ия. Апам: «Сен осы ауылда туғансың» дейді. Қаладан атам мен әжемнің қасына көшіп келдік. Олар қартайып қалды ғой.
- Сонда сен осы ауылда тудың ба? – деді Самал.
- Ия, – деді Кемел жымыып.
- Осы кезде үй жақтан анасы Кемелді дауыстап шақырды.
- Кемел жүгіріп кетті. Ұзамай, қолында табағы бар, қайтып келді.
- Міне, сендерге бауырсақ әкелдім, – деді ол жымыып. – Апам беріп жіберді.
- Ой, анаң қандай жақсы! – деді Айнұр табаққа қол созып. – Бауырсағы сондай дәмді екен. Менің анам да тәтті тоқаш пісіреді. Пісіргенде саған берем.
- Сенің анаң жақсы адам екен, – деді Мәди де қызыл бауырсақты аузына салып.
- Мен өскенде анам сияқты мейірімді, жақсы адам болғым келеді, – деді Кемел осы кезде әлгінде өзіне қойылған сұраққа кенет жауап тапқандай қуанып.

– Ия, бәріміз де жақсы адам болайық! – деді Жақсылық оны қоштап.

– Жарайды! – деді басқа балалар да екеуін бірауыздан қолдап.

Бұл кезде Кемелдің анасы сырттан қарап, риза болып тұр еді.



- Балалар Кемелді қалай қарсы алды?
- Олар қандай мамандық иелері болғылары келді?
- Балалар аналарын қалай бағалады?
- Балалардың «Бәріміз де жақсы адам болайық!» деп айтуларының себебі неде?
- Жақсы адам мен сұлулықтың қандай байланысы бар?
- Жақсы адам болу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар?
- Өзіңді жақсы адаммын деп санайсың ба? Неліктен?



4-тапсырма

Мәтінді оқып, кестені толтырыңдар.

Қайырымды Күн (Аңыз)

Ертеде Жылқы Күнге қарап былай дейді:

– О, барлық жан-жануарларға тіршілік сыйлаған қайырымды Күн, мені жануарлардың арасындағы ең сұлулардың бірі деседі жұрт. Солай екенін өзім де сеземін. Сонда да кейбір дене мүшелерімді бұдан да әдемірек етуге болар еді-ау деп ойлаймын.

– Сонда қай жеріңді түзей түсуге болар еді деп ойлайсың? – деп сұрайды Күн күлімсіреп.

– Егер, – дейді Жылқы, – сирақтарым бұдан да ұзындау және сидаңдау болса, мен тіпті алдына жан салмайтын жүйрік болар едім. Мойным аққудың мойнындай ұзын болса, маған ол бұдан да әсем көрік бірер еді. Төсім жалпақтау келсе, қазіргіден де алымдырақ болар еді. Оның үстіне адамзатты арқалап жүру үшін жотамнан мәңгі алынбайтын ер болса, тіпті жарасып тұрар еді.

– Жақсы, қалағаның болсын, – дейді Күн жайраңдап, – сәл күте тұр.

Соны айтады да, Күн жерге түйені түсіреді. Денесі алпамсадай, тұрқы арбиған жануарды көрген жылқы әрі қорыққанынан, әрі жиіркенгенінен қалшылдап қоя береді.

– Міне, сен қалағандай ұзын да сидаң аяқ, аққудың мойнындай ұзын мойың, жалпақ кеуде, ері де дайын. Қалай, сенің де осындай болғың келе ме? – деп сұрайды Күн.

– Жоқ-жоқ... – дейді Жылқы тілі күрмеліп.

– Ендеше жөніңе жүр, – дейді Күн Жылқыға, – саған өз бойыңдағы да жетеді! Әркім өз қасиетін бағалауға тиіс.

Мәтіндегі маған ұнаған іс-әрекеттер:	Мәтіндегі маған ұнамаған іс-әрекеттер:	Менің түйгенім

5-тапсырма

Күн шуақтарының ішінен өзіңнің бойыңдағы адамгершілік қасиеттерді теріп жаз және оларды іс жүзінде қалай көрсетіп жүргеніңді айтып бер.



6-тапсырма

Өз мінезіңді жақсартатын іс-әрекеттерді теріп жазыңдар.





Бет-әлпеті сұлу, сәнді киінген адам өзіне басқалардың назарын бірден аударады. Алайда, бұл аз уақытқа ғана созылады. Егер бұл адамның жаны да сұлу екені байқалса, ол адам басқаларды үнемі өзіне тартып тұрады. Жаны сұлу адам айналасына нұрын шашып, қуаныш сыйлайды. Әр адам өзінің ішкі сұлулығын дамытуға ерекше көңіл бөлгені жөн. Өз бойындағы адамгершілік қасиеттерді дамыту жаныңды жақсартып түседі.



Мен әдепті баламын

*Өлеңін жазған Әбдірахман Асылбек
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Мені үлкендер әдепті деп мақтайды,
Мінезімнен теріс қылық таппайды.
Ал, егер сен жалқау болсаң тілазар,
Ондай әдет жақсылыққа жатпайды.

Қайырмасы:

Айтқан тілді аламын,
Айтқан жерге барамын,
Мен әдепті,
Мен әдепті баламын.

Тілін алып кішінің де кәрінің,
Айтқанынан шығып жүрмін бәрінің.
Ата-ананың айтқанынан шығуды,
Әдептілік белгісі деп таныдым.

Қайырмасы.

ТЕСТІЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

Мұғалім саған даналық сөздерді жинап, дәптерге жазып келуді тапсырды.

Сенің әрекетің қандай?

- а) Тапсырманы орындамаймын.
- ә) Тапсырманы орындаймын.
- б) Тапсырманы орындау міндетім екенін білсем де, кейінге қалдыра тұрамын.

2-тест

Мерекелік шарада саған Абай атаның өлеңін жатқа айту керектігі айтылды.

Сенің әрекетің қандай?

- а) Абай атаның өлеңін жатқа айтамын.
- ә) Бұл тапсырманы орындамаймын.
- б) Өлең жаттауға шыдамым жетпейтінін ойлап, бас тартуға тырысамын.

3-тест

Досың сенің мінезіңдегі мініңді айтып, оны түзетуге кеңес берді.

Сенің әрекетің қандай?

- а) Мінезімді түзетудің қажеті жоқ деп санағандықтан, досымның кеңесіне құлақ аспаймын.
- ә) Мінезімді түзетпеймін.
- б) Мінезімді міндетті түрде түзетемін.

4-тест

Сыныптасың әңгіме барысында адамның сыртқы сұлулығы емес, ішкі сұлулығы маңызды екенін айтты.

Сенің әрекетің қандай?

- а) *Сыныптасымның пікіріне мүлдем қосылмаймын.*
- ә) *Өз ойымды өзгерткім келмегендіктен, онымен келісе алмаймын.*
- б) *Сыныптасымның пікірін құптаймын.*

«Даналық іздері» жобасы



Қалай ойлайсыңдар, қандай сөздерді «Дәйексөздер» деп айтуға болады? Ондағы басты нәрсе не?

Осындай сөздерді іздеуді бастаңдар.

II ТАРАУ

ЫНТЫМАҚТЫ ОТБАСЫ



ОТБАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІКТІ ҮЙРЕНЕМІЗ



**Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.**

Нақыл сөз

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Шоқан асулары
(повесттен үзінді)

Сапарғали Бегалин

Бір күні Шоқан Айғаным әжесінің үйіне келді. Еркелене келіп, әжесіне бетінен иіскетіп:

– Әже, мен сізге бүгін бір қисса алып келдім, өзіңе оқып беремін, – деп, Шоқан Әубәкір молдадан әдейі сұрап әкелген «Боз жігіт» қиссасын оқып берді. Айғанымның Шоқан оқуынан бірінші тыңдаған қиссасы осы еді. Салмақпен асықпай, байыпты оқып, әрбір бөлімдерін орнымен баяндап бергеніне сыншыл да есті әже соншалық разы болып батасын берді.

– Шоқанжан, бұл қиссаны мен бұрын естімеген едім. Сондай қызық екен. Біздің қазақ ақындары айтатын жырлар бұдан да қызықты, – деп Айғаным өзі әдеттегі әңгімешіл шебер тілмен Шоқанға «Ер Тарғын» жырын әңгімелеп берді. Әже әңгімесінің ұзын өзегіндегі Шоқанға ең ұнағаны, Ақжүністің жалғыз атты Тарғынды сүйіп, соған еріп елінен қашқаны. Артынан қуып келе жатқан Қарт Қожаққа қыздың тапқыр сөз айтып тоқтатқаны болды.

– Әже, бұл әңгімені маған бұрын неге айтпадыңыз? – деп Шоқан шұғылынан сұрап қалды.

– Мен бұл жырды саған ұғынуға ертерек қой деп жүр едім. Бүгін мына «Боз жігіт» қиссасын оқып бергеннен кейін, мұндай үлкен жырды ұғатын болғаныңды біліп отырмын. Тағы да ұзақ әңгімелерім бар. Кейін айтам, – деп Айғаным оның бетінен сүйді.

Шоқанның әрбір жаңа кітапты оқыған сайын оқу құмарлығы өрши берді.



- Ата-әженің мейірімі дегенді қалай түсінесіңдер?
- Айғаным әжесі мен Шоқанның арасындағы жылылық қалайша байқалады?
- Шоқанның үлкен жырды түсіне алатынын Айғаным әжесі қайдан білді?
- Отбасында өзара түсінісу үшін не қажет деп ойлайсыңдар?
- Өзің отбасында түсіністікке қалай қол жеткізіп жүрсің?

1-тапсырма



Мәтінді оқыңдар. Отбасында үлкендер сені қандай іскерлікке үйретті? Есіңе түсіріп, айтып бер.

Сабақ

Мұрат Көккөзов

Әсет мектепке дейін әжесінің тәрбиесінде болды. Мектепке алғаш барған күні сырт киімінің бір түймесі үзіліп, әжесінен қадап беруді өтінді.

Әжесі Әсетті ине-жіп әкелуге жұмсады. Көзінің нашар көретінін айтып, инені сабақтатты.

Содан соң Әсетке түйменің орнын тапқызып, өзі көрсетіп отырып, орнына қадатты.

Әсет әжесіне қадалған түйме үшін рақмет айтып еді, әжесі Әсетке айтқанын бұлжытпай орындағаны үшін алғыс айтты.

2-тапсырма

Диалогты жалғастырып айтыңдар.

Әжесі мен немересі

Немересі Айару әжесін еркелей құшақтап:

– Әже, жұмбақ жасырып ойнайықшы, – деді.

Әжесі:

– ...

Атасы мен немересі

Немересі Ерсұлтан атасының қолынан ұстап:

– Ата, батырлар жырын айтып беріңізші, – деді.

Атасы:

– ...

Әкесі мен ұлы

Әкесі мен ұлы Темірлан үстел теннисін ойнамақшы болды.

Әкесі:

– Ұлым, үстел теннисі ептілікке, қырағылыққа үйретеді, – деді.

Ұлы Темірлан:

– ...

Анасы мен қызы

Анасы қызы Нұрайымға майда моншақтан әшекей жасауды үйретіп жатыр.

Анасы:

– Қызым, әшекей жасай білу – өнер, ол шеберлікті, талғамды қажет етеді, – деді.

Қызы Нұрайым:

– ...

Ағасы мен інісі

Ағасы Бейбарыс пен інісі Жанарыс екеуі футбол ойынын көрмекші болып келісті.

Ағасы Бейбарыс:

– Жанарыс, сен футбол ойнаудың қандай пайдасы барын білесің бе? – деп сұрады.

Інісі Жанарыс:

– ...

Ағасы мен қарындасы

Ағасы қарындасы Айзереге компьютермен жұмыс істеуді үйретіп жатып:

– Айзере, компьютерде жұмыс істеудің ережесін сақтау денсаулық үшін қажет,- деді.

Қарындасы Айзере:

– ...

Әпкесі мен інісі

Аружанінісі Айсұлтанға құрастырғыш бөлшектерінен ойыншық жинауды үйретіп отырып:

– Ұқыпты бол, ойлан, қиялдай біл,- деді.

Інісі Айсұлтан:

–...

3-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Сенің ата-әжеңмен, әке-анаңмен бірге жағымды істер атқарып, көңіл көтерген сәттерің болды ма? Айтып бер.

Әке, ән айтайықшы!

Сейтқұл Оспанов

Күздің қоңыр күндерінің бірі еді. Аспан тұмшалап тастағандай қара бұлт. Сіркіреп салқын жаңбыр жауып тұр.

Мен диванда әлдебір кітапты парақтап отырғам, жаным Айжан келді де:

- Әке, ән айтайықшы... - деді.
- Жәй ма?- дедім мен таңданып.
- Жәй... Біртүрлі көңілсіз...
- Жарайды.

Менің де кейде мұңданып, домбыраны қолыма алып ыңылдап ән айтатын әдетім бар еді.

Айжан қазақ әндері кітабының бетін аша бастады.

«Шилі өзенді» сызылттық. Сосын «Еркем-айға» көштік... Көңіліміз қалаған әнді бірінен соң бірін айттық. Қайсыбір сағынышты әндерде екеуіміз де көзімізді сулап алдық... Демде бір-екі сағаттай уақыт өтіпті. Ән кітабын да тәтті жегендей ортасынан аудардық... Біртүрлі бойымыз сергіп қалғандай.

– Ән деген жақсы екен ғой... - деді Айжан жүзі балбұл жанып.

– Екеуіміз ән айтып отырғанда, далада күннің көзі де ашылыпты. Ән айтсаң, жаның ғана емес, табиғат та жадырап кетеді екен ғой. Айжан осыны түсінгендей болды.



Адамға ең жақын, ең ыстық – отбасы. Отбасын тәлім-тәрбие мектебі деп атайды. Себебі адам тәрбие үлгісін алғаш рет отбасынан алады. Отбасындағы үлкендер әрдайым сүйіспеншілікпен, шыдамдылықпен өмірге қажетті дүниелерді үйретуден еш жалықпайды.

Атаң мен әжеңнің, әкең мен анаңның айтқан ақыл-кеңестеріне ықылас қойып, мұқият тыңдап, зердеңе тоқып, оны қолдана білу өзіңе пайдалы.

Отбасындағы үлкен-кішінің өзара түсіністігі, сыйластығы аса маңызды.



Құттықтау

Мәдіхат Төрежанов

Үш бөлмелі үйде екі бала оңаша қалған. Үлкені – алты жасар Орынгүл, кішісі Медетбек – төрт жаста. Орынгүл сурет дәптеріне шұқшиып, бірдеңе сызып отыр.

Медетбек ғарышкер болып ойнап жүр. Теледидардан көргенін істейді. Кабинаға (шифоньердің ішіне) кіреді. «Рация» арқылы жермен сөйлеседі.

– Орынгүл, мен ғарышкермін. Қарашы, ұқсаймын ба? – дейді тәтесінің жанына келіп.

Орынгүл басын тұқыртып, інісінің сөзіне көңіл бөлмеді.

– Медетбек тәтесіне өзінің қуанышын сездіріп, мақсатын ұқтыру үшін столға келді.

– Орынгүл, інің ғарышкер атағын алды. Неге құттықтамайсың?! – деп, қуана хабарлады.

Орынгүл бұл жолы да көңіл бөле қоймады. Суретін салып отыра берді.

Ғарыштан ұшып келгенде елемеген, құттықтамаған тәтесіне ыза болды. Бұрымынан ұстап, тартып қалды. Орынгүл орындығымен қоса құлады. Ұшып тұрып, ештеңе болмағандай, суретін сызуға кірісті. Суретті салып болған соң:

– Медетбек, сен менің бұрымымды неге жұлқыладың, жазығым не? – деп сұрады.

– Жазығың сол, – деді Медетбек өкпелегендей, – ғарыштан келгенде құттықтап, мені қарсы алмадың.

– Мен сенің ғарышта ұшып жүрген суретіңді бітіре алмай, әуреке түстім ғой. Жаңа ғана аяқтадым. Міне,



мынаған қарашы... – деп, суретін Медетбектің қолына ұстатты.

Медетбек суретке қарап тұрып:

– Айнытпай қалай салдың? Әкем мен анама көрсетемін. Мені ғарышкер күйімде таныр ма екен! – деп қуанды.

– Әрине, таниды. Ержүректілерді ел-жұрт түгел таниды...

– Ғарышкердің суретін салғаның үшін алғыс айтам! – деп, Медетбек тәтесінің қолын қысты.

– Ғарышкер болып, ғарышқа ұшып келуіңмен құттықтаймын! – деп, Орынгүл інісін құшақтай алды.



- Орынгүл мен інісі Медетбек үйде немен айналысты?
- Медетбек тәтесіне не себепті реніш білдірді?
- Орынгүлдің інісіне көңіл аудармауының себебі неде еді?
- Әпкесі мен інісінің тіл табысқанын неден байқауға болады?
- Отбасында өзара түсіністік болу үшін қандай қасиеттер қажет деп ойлайсыңдар?
- Өзіңнің бауырларыңмен қарым-қатынасың қандай? Айтып бер.



4-тапсырма

Отбасы мүшелеріне қатысты өзіңнің туыстық байланысыңды және қарым-қатынасыңды жаз.

Мысалы:

Мен атама немеремін.

Сондықтан атамның ақылын көкейіме түйіп жүремін.

Мен әжеме

Сондықтан

Мен әкеме

Сондықтан

Мен анама

Сондықтан

Мен ағама

Сондықтан

Мен әпкеме

Сондықтан

Мен ініме
Сондықтан

Мен қарындасыма
Сондықтан

Мен сіңліме
Сондықтан

5-тапсырма

Отбасы мүшелерінің арасында өзара түсіністік болуы үшін не қажет екенін ойланыңдар.

Кластер құрастырыңдар.

6-тапсырма

«Татулық» тақырыбына «Бес жол өлең» (синквейн) құрастырып жазыңдар.

Бес жолдан тұратын өлеңді жазу ережесі:

1-жолға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).

2-жолға тақырып екі сөзбен сипатталып жазылады (сын есім түрінде).

3-жолға үш сөзбен тақырыпқа қатысты іс-әрекет жазылады (етістік түрінде).

4-жолға төрт сөзден тұратын тақырыпқа қатысты бір сөйлем жазылады.

5-жолға тақырыптың мәнін сипаттайтын бір сөз жазылады.



Отбасы – береке-бірліктің, татулықтың, жарастықтың ұясы. Отбасы мүшелері қашанда бір-біріне ақылшы, қамқоршы, қолдаушы, тілекші бола білуі керек. Өзара сыйластық, өзара түсіністік, өзара көмек отбасы мүше-

лерінің адамгершілік жағынан өсіп, дамуына ықпал етеді. Ата-анасын сыйлап, құрметтеген, үлкендердің алдында әдептілік сақтаған, кішілерге қамқор бола білген бала бақытты болады.

Отбасында сенімділік, ұстамдылық, әдептілік, сыпайылық, сыйластық сияқты жақсы қасиеттерді көрсете білу – мінезінді жақсартып, жақсылыққа жол бастайды.



Сен бақытты ұлансың

*Өлеңін жазған Мейірхан Қуанышбаев
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Анаң – күнің, жүрегің,
Әкең – өмір тірегің.
Сен – бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын.

Әжең – асыл ардағың,
Атаң – дана қорғаның.
Сен – бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын.

Ағаң – биік асқарың,
Інің – мөлдір аспаның.

Сен – бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын.

Қарындасың – қанатың,
Ел-Отаның – жаннатың.
Сен – бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын.

ОТБАСЫ ДӘСТҮРЛЕРІ



**Ұяда не көрсең,
ұшқанда соны ілерсің.**

Нақыл сөз

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Әке тәрбиесі

Бауыржан Момышұлы

Тағы бір жай ойыма оралады...

Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отыр екен... Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағыма: «Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?» – деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: «Ассалам-алейкум, аталар!» деп әр сөзді қадап-қадап айттым. Бұған әрине бәрі күлісіп жатыр. Әйткенмен мені араз етіп алмау үшін бәрі де бір ауыздан «Әлейкүмас-салам!» десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып, мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сөйтеді» – дейтін. Міне, әке тәрбиесі осы.



- Әкесі кішкентай Бауыржанды қандай әдептілікке үйретті?
- Сәлем беру дәстүрі туралы не білесіңдер?
- Өз отбасыларыңда қонақ келгенде қандай дәстүрді сақтайсыңдар?
- Өз отбасыларыңда тағы қандай дәстүрлер сақталған?
- Саған қандай отбасылық дәстүр ұнайды? Неліктен?



1-тапсырма

Отбасылық дәстүр түрлерімен танысыңдар. Олардың бірін таңдап, өз отбасыларыңда қолданып көріңдер. Оның қалай өткенін әңгімелеп беріңдер.

Отбасылық дәстүр түрлері

Отбасында дастарқан жаю, бас қосу;
Отбасымен ақыл-кеңес құру;
Отбасымен ата-бабаларды еске алу;
Отбасымен ата-әжелерден бата алу;
Отбасымен бірге серуендеу;
Отбасымен табиғатқа шығу;
Отбасымен саяхаттау;
Отбасымен тарихи, мәдени орындарды аралау;
Отбасылық шежіре дайындау;
Отбасылық фотоальбом безендіру;
Отбасылық кітапхана жабдықтау;
Отбасы мүшелерінің туған күнін, мерейтойын өткізу;
Отбасымен бірге кітап оқу, ертегі айту, ойын ойнау;
Отбасымен бірге үй-ішін, ауланы, бау-бақшаны, табиғат аясын тазалау.

2-тапсырма

Отбасылық дәстүрлерді сақтаудың адам үшін пайдасы қандай екенін жалғастырып жазыңдар.

Бірлік

Татулық

...

3-тапсырма

Отбасылық дәстүрлер туралы постер дайындаңдар.



Отбасылық дәстүрлерді әрбір отбасы өздері құрайды. Отбасылық дәстүрлер отбасы мүшелерін бір-біріне жақындастырады, сүйіспеншіліктерін арттырады. Отбасылық дәстүрлерді жалғастыру ұрпақтан-ұрпаққа аманат болады. Отбасылық дәстүрлерді құрметтеу отбасы мүшелеріне парыз болып саналады. Оны ұқыптылықпен, мұқият қарау – үлкен жауапкершілік. Отбасылық дәстүрді сақтау бірлікке, ынтымаққа, татулыққа жеткізеді.



Туған күн

Роза Әбілқадырова

Бекболат анасының туған күніне не сыйларын білмей, кәдімгідей-ақ қиналып жүрді. Анасы не нәрсені ұнатушы еді? Әрі ойлап, бері ойлап, ақыры тапқан сияқты.

Бірде анасы Бекболаттың жейдесіндегі үзілген түймені көріп: «Мына түйменді қадап алу қолыңнан

келмей ме? Бір өзім қай жағына жетемін. Осындай ұсақ-түйекпен жүйкемді жұқартпасаң да болады ғой», – деп ренжіген. Бекболат: «Түйме қадайтын қыз емеспін ғой», – деп қалған. «Дастарқан дәмі мынау қыздардың, мынау ұлдардың тағамы деп бөлінбейді ғой. Үй шаруашылығына келгенде неге даралана қаласың?». Мұны айтқанда анасының дауысы дірілдеп, кемсеңдегендей болды. Бекболат сонда анасын қатты аяған еді.

Содан бері үйде аналары жоқта қолына ине-жіп алып, майда-шүйде тігуді үйреніп жүрген.

Бекболаттың есіне осы жай түсті де, бір кішкене ақ матаға бес-алты қара түймені екі жол етіп қадап қойды.

Бекболат анасының туған күніне өз саусағынан шыққан өнерін ұсынған. Анасы Бекболат ойлағандай емес, сыйлыққа керемет риза болды: «Міне, мұнан артық сыйлықты ойлап табыңдаршы! Ананың айтқан ақылы далаға кетпей, баласының санасына жеткеннен артық не бар?! Бірақ балам ине-жіпке сақ болғайсың, оны бірден ырқыңа көндіріп алу оңай емес. Асып-сасып кез келген жерге тастап кетіп жүрме». Анасының туған күніне жиналған қонақтар да сыйлықты жер-көкке сыйғызбай мақтады.

Дастарқан басындағы күлкі мен шаттыққа толы отырысты көрген Бекболатқа тағы бір ой түсті.

Қонақтар тарқаған соң, анасының қасына келді:

- Ана, осы Бикен әжейдің туған күні бар ма?
- Әрине, әр адамның туған күні болады.
- Ендеше ол кісі неге туған күнін тойламайды?
- Бұл кейінірек келген дәстүр, ол кісілердің тұсында жоқ еді, сонан соң ескерілмейді-дағы...

Ертеңіне Бекболат Бикен әжейдің үйіне барды. Әжей әдеттегідей: «Ә, Бекентай, келіп қалдың ба? Төрлет.

Қазір екеуіміз әңгімелесіп отырып, шай ішейік», - деп, қуана қарсы алды.

Бекболат әжейдің үйіне жиі баратын. Ауыл балаларының ішінде әжейге көбіне-көп қол ұшын беріп, көмек көрсететін де Бекболат. Әжейдің әңгімесінен бұрын өз сауалын айтты.

– Әже, сіздің туған күніңіз қашан? – Бикен әжей қарқылдап күліп алды да:

– Ол жағын қайдан білейін, қарағым? Дүниеге сендердің жазу-сызуларыңнан бұрын келдік қой, – деді.



– Әже, онда сіздің туған күніңіз сегізінші наурыз болсын, – деді Бекболат.

– Ол жағын өзің біл, қарағым. Әжеңнің туған күнінің билігі сенің қолыңда. Кел, шай ішейік, – деді Бикен әжей, Бекболаттың сөзіне мән бермей. Өйткені бұл аңқылдақ баланың аңғал мінездерінің бірі деп қараған.

Сегізінші наурыз күні кешкісін Бекболат, әкесі, анасы және Бекболаттың достары Серік, Алмажан, Айгүл, Болат сыйлықтарын құшақтап, әжейдің үйіне сау ете қалды.

Бикен әжей қамзолының өңірін сипалай берді. Келгендерге көзін сығырайта ұзақ қарады да:

– Әй, Бекентай-ай, сен болмағанда осындай бақытты күнді көрер ме едім! – деп, еріні кемсеңдеп көзіне жас алды.

Сол күннен бастап Бикен әжейдің туған күні сегізінші наурыз деп есептелетін болды.



- Бекболаттың анасын қуантуына не әсер етті?
- Бекболат анасына қандай ұсыныс жасады?
- Бекболат Бикен әжейге қандай қуаныш сыйлады?
- Бекболаттың бойында қандай қасиеттер бар деп ойлайсыңдар?
- Туған күнді тойлау дәстүрінің қандай артықшылығы бар?
- Өзің туған күніңді қалай тойлайсың? Айтып бер.



4-тапсырма

Отбасында туған күн мерекесін өткізудің жоспарын құрып жазыңдар.

5-тапсырма

«Туған күн» тақырыбына «Бес жол өлең» (синквейн) құрастырып жазыңдар.

Бес жолдан тұратын өлеңді жазу ережесі:

1-жолға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).

2-жолға тақырып екі сөзбен сипатталып жазылады (сын есім түрінде).

3-жолға үш сөзбен тақырыпқа қатысты іс-әрекет жазылады (етістік түрінде).

4-жолға төрт сөзден тұратын тақырыпқа қатысты бір сөйлем жазылады.

5-жолға тақырыптың мәнін сипаттайтын бір сөз жазылады.

6-тапсырма

Суреттерге қараңдар. Олардың ішінен өзіңнің туған күңіңе қандай сыйлық алғың келеді? Ал отбасы мүшелерінің туған күніне не сыйлар едің? Атап айт.



Әр адамға туған күні ең жарқын, қуанышты күн. Туған күнімізді жыл сайын асыға күтетініміз рас. Өйткені осы күні туған күн иесіне жақсы

тілектер, жылы сөздер көп айтылады. Түрлі сыйлықтар алып, көңілің көтеріледі.

Ата-әжеміз «Жасың ұзақ болсын!», «Бақытты бол!» деп бата береді. «Үздік оқы, әдепті бол!» деп айтады үлкендер.

Ең бастысы, бір жасқа есейесің. Отбасы мүшелері сенен үлкен үміт күтеді. Жауапкершілігің арта түседі. Сондықтан да жақсы адам болып өсу – парызың.



Туған күн

*Өлеңін жазған Фариза Оңғарсынова
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Ойнаған, бірге жүгірген,
Досым-ай, саған бүгін мен
Құттықтай келдім,
Құттықтай келдім,
Сені туған күніңмен!

Биіктей берсін талабың,
Қуанышы бол анаңның!
Сен туған күні,
Сен туған күні
Шаттанып ән саламын.



МЕНІҢ ҰЖЫМЫМ



Татулық – табылмас бақыт.

Нақыл сөз

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Қорқақ

Сапарғали Бегалин

Сыныптың Шоқан бастаған балалары өз бөлмелерінде дуылдасып, әңгіме-дүкен құрып отырған. Кенет тәртіпкер офицер кіріп келді. Бұл өзі мазасыз, жөн-жосықсыз шырылдап ұрса беретін адам еді. Балалар тым-тырыс тына қалды. Төсек-орын ұқыпты жиналған, еденде сынық шөп жоқ, айнала мұнтаздай тап-таза. Офицер балалар жататын бөлмеден ешбір мін таба алмай, шығып кетті. Кенет Анатолий деген бала офицердің соңынан жүгіріп барды да, жабулы тұрған есікті жұдырықпен қойып-қойып жіберді. Сонан соң қайта жүгіріп келіп, орнына отыра бергенде, есік ашылды да, офицер кірді.

– Есікті ұрған қайсың? Қане, тез айтыңдар!

Балалар тым-тырыс, тіс жармады, еш нәрсе айтпады. Ешкім мойындамады. Ашуға булығып, түтіккен офицер корпус бастығы Ждан-Пушкинге рапорт жазды. Сыныпты жазалауын өтінді. Келесі күні Ждан-Пушкиннің өзі келіп, балалардың бәрінен тәртіпсіздік істеген кім деп сұрады. Ешкім ләм демеді. Содан корпус бастығы бұл сынып балаларын түгел жаза-лады. Жексенбі күндері бір де бір бала үйіне бармасын

деген бұйрық шығарды. Осы қысым қыс ортасына дейін созылды.

Бірде Ждан-Пушкин Шоқанды шақыртты да, әдепсіздік жасаған баланы айтып бер деп қайта сұрады.

– Оны істеген мен емеспін. Ал тентектікті жасаған кісінің өзі айтсын, – деді Шоқан. – Батылы барса, өзі айтып, жолдастарын мына жазадан құтқарсын, біз қорқаққа куә бола алмаймыз!

Жатаққа келген соң, Шоқан балалармен бірге әлгі Анатолийді ортаға алды.

– Қорқарың бар, қораға кірме» деген біздің қазақта мақал бар. Анатолий, сен жұдырығыңды офицердің сыртынан түйгенше, батыр болсаң, айтарыңды неге көзіне айтпадың? Ал қорқарың бар, қолыңа ие болуың керек еді. Қорыққаныңнан өз кінәңді де мойындамадың... Қорқақ!

Қысқы демалысқа тарағанда балалардың ешқайсысы Анатолийді шығарып салмады. Жалғыз кетті үйіне. Сол бетімен ол корпуста «Қорқақ» деген аттан қашып, мүлде сабаққа келмей қойды.



- Офицер неліктен ашуланды?
- Барлық бала неліктен жазаланды?
- Шоқан қандай батылдық жасады?
- Өз кінәңді басқаларға арту дұрыс па? Неліктен?
- Қандай адам достарын ұятқа қалдармайды деп ойлайсыңдар?
- Өзіңді достарыңның ортасында қалай ұстайсың? Айтып бер.



1-тапсырма

Мәтінді оқып, «Ұжым» деген ұғымның мәнін түсініп алыңдар.

Сұраққа жауап беріңдер.

- Өздеріңді ұжым деп санайсыңдар ма?
Неліктен?

Ұжым деген не?

Мырзабай Жұмаев

Сабақ үстінде бір оқушы мұғалімнен:

– Ұжым деген не? – деп сұрады.

– Сабақтан кейін айтып берейін, – деді мұғалім.

Сабақтан соң сыныптың барлық оқушысы мектеп ауласын тазалауға шықты. Оқушылар жұмысты тиянақты орындады: ағаш отырғызды, арықты аршыды, айналаны айнадай ғып тазалап қойды.

– Біз жақсы жұмыс істедік! – деді мұғалім. – Бір адам мұнымен ертеден кешке дейін әуре болар еді. Біз осыншама шаруаны 30 минутта тындырдық. Ұжымшылдық деген – міне, осы!

– Біз ұжымбыз ба? – деп сұрады манағы оқушы.

– Ия, мектептің барлық оқушысы – ұжым. Зауытта жұмысшылар ұжымы еңбек етеді. Бірлесіп жұмыс істеген адамдарды «Ұжым» дейді.

2-тапсырма

Ұжымшылдық туралы нақыл сөздерді оқып, дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.

Біреудің жақсы ісін көрсең, оны ардақтай біл, кінәліні кешіре біл. Өзіңе де, өзгеге де жақсылық тіле.

Ахмед Иүгінеки

Бірлесе, ынтымақтаса, бір-біріміздің қате-кемшіліктерімізді жолдастық ниетпен шешуге тиістіміз.

Мәлік Ғабдуллин

Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы.

Авраам Линкольн

3-тапсырма

Мәтінді оқындар. Өздерің ұжым болып, бірлесе шешім қабылдаған, жақсылық істеген іс-әрекеттеріңді естеріңе түсіріп айтып беріңдер.

Дәріден де күшті

Әшірбек Амангелдиев

Нағима апай бүгін ыстығы көтеріліп, ауырып тұрса да, мектепке келді. Дәрігер шақыртқан жоқ. Балалардың бір күні зая кетеді ғой. Ол оқушылардың үй жұмысын тексерді. Содан соң жаңа тапсырма берді де, басын сүйеп, төмен қарап, үнсіз отырды. Оқушылар мұғалімнің ауырып отырғанын сезді.

Тапсырманы орындауға үнсіз кірісті.

Апай басын көтерген кезде, алдында тұрған алманы көрді.

– Мүмкін, алма мен кәмпит жесеңіз, жазылып кетерсіз, – деді балалар.

Мұғалім елжіреп кетті.

– Сендерге рақмет, балалар! Алма мен кәмпит емес, сендердің ықыластарың мен пейілдерің маған дәріден де күшті ем.

Сол күні сабақ соңына дейін болды. Апай да, балалар да үйлеріне көңілді қайтты.



Адамға ұжыммен бірге болу қызықты, әрі пайдалы. Көпшіліктің ішінде болу, араласу, ортақ іске жұмылу адамға жақсы көңіл күй сыйлайды, үлгі-өнеге береді.

«Бірлесе көтерген жүк жеңіл» деп бекер айта-паған. Көпшілікпен бірлесіп ақылдасу, шешім қабылдау оңай әрі ұтымды болады. Бірлесіп шешім қабылдау үшін, іс тындыру үшін, күшті ұйымшылдық керек. Саналы тәртіп болуы тиіс. Сонда бірлікке қол жеткізіп, табысқа кенелесіңдер. Сенімдерің арта түседі.



Сынақ

Шәкен Күмісбаев

«Дос адал болу керек. Адал дос ешқашан жауға тастамайды» дейді атам. Нұр мен Еңбекханды асыға күткенде, осы сөз есіме түсті. Көп ұзамай Нұрдың қарасы көрінді. Қолында – добы. Бүгін футбол ойнайтын едік.

– Еңбекхан қайда?
– Біраздан соң келеді.
– Сол-ақ кешігіп жүреді екен.
– Әкесі ағаш жарғызып жатыр.
– Күнде соны істеп жүргендей, – деп ем, Нұр қалши-
ған күйі қадалып қалыпты.

– Күте тұрайық, келеді.
– Мен білсем, ол өзінің орталық шабуылшы бол-
ғанына масаттанады. Басқа ешкім шабуылдай ал-
майтындай, – дедім. Нұр шыдамады білем, ерсілі-
қарсылы жүріп кетті.

– Сен қателесіп тұрсың, – деді ол. – Еңбекхан ондай емес. Ол еңбекқор. Киімін өзі өтектейді, түймесін де өзі қадайды.

Шыдай алмай күліп жібердім. Нұр аң-таң. Сөйтіп тұрғанда, қақпасынан Еңбекхан шықты.

– Жасырын, - дедім Нұрға.

Менің ойымды түсіне қойған Нұр есіктің қалқасына тұра қалды.

– Біз жеңетін шығармыз, – деді, анадайдан Еңбекхан ойын айтып.

Қабағымды түйе қойдым.

– Нұр келмей жатыр.

– Әлгінде осылай қарай кеткен, – деді Еңбекхан.

– Ым, енді түсінікті. Ол Еңбекхан шабуылшы болып ойнаса, мен ойнамаймын деген. Сонан соң үйіне кеткен шығар.



Еңбекхан қызарақтаған жоқ.

– Ол өйтпейді, мүмкін емес. Шабуылға шыққанды ұнатса, мен-ақ қорғаушы болайын. Бірақ ол қорғаныста жақсы ойнайды.

– Тіпті де жақсы ойнамайды, тым кесір...

– Әй, сен өзің дұрыс ойнай алмайсың! – деп маған дүрсе қоя берді, шыдай алмаған Еңбекхан.

– Екеуің ылғи келіспей қалушы ең, несіне жақтай қалдың? – дедім.

– Ойын үстінде қызбалық бола береді. Біз әрқашан доспыз, – деді Еңбекхан.

Нұр есіктің қалқасынан шыға келді.

Үшеуіміз құшақтаса кеттік.



- Доп ойнау үшін достар бір-бірін асыға күту себебі неде?
- Нұр мен Еңбекханның доп ойнауда қандай шеберліктері бар?
- Олардың бірін-бірі қорғаштап сөйлеуі дұрыс па? Неліктен?
- Бірлесіп ойын ойнаудың қандай пайдасы бар деп ойлайсыңдар?
- Өзің достарыңмен ойнағанда қандай ережені сақтайсың? Айтып бер.



4-тапсырма

Ойын-тапсырманы орындаңдар. Сыныптастарыңа тән жақсы қасиеттерді жазыңдар.

Ақ қағазға алақаныңның суретін сал. Оған парталасыңның бойындағы бес жақсы қасиетті жаз. Ал парталасың сенің бойыңдағы бес жақсы қасиетті жазады. Сыныптағы барлық бала осы тапсырманы орындасын. Содан соң барлық балалардың жазғандарын жинап, ондағы ең көп аталған қасиеттерді іріктеп алыңдар. Осылайша сынып оқушыларына тән жақсы қасиеттерді білетін боласыңдар.

5-тапсырма

Нақыл сөзге сүйене отырып, әр істің дұрыс, өнімді, пайдалы болуы үшін тағы нелер керек деп ойлайсыңдар? Жазып беріңдер.

Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек.

Мұқтар Әуезов

6-тапсырма

Өздерің ұжым болып тындыратын істердің жоспарын құрып жазыңдар.



Ұжыммен бірге болу – бақыт. Адам ұжымда өзін еркін сезінеді, өзін қолдайтын, сенім білдіретін, жігерлендіретін адамдардың бар екенін түсінеді.

Ұжыммен бірлесіп іс-әрекет жасау, өзара түсіністік таныту, бір-біріңді сыйлай білу маңызды.



Әрқашан дайынбыз

*Өлеңін жазған Серікбай Оспанұлы
Әнін жазған Әшірхан Телғозиев*

Сенеміз еңбектің күшіне,
Қайда да алда боп дәйім біз.
Үлкенге, құрбыға, кішіге,
Көмекке әрқашан дайынбыз!

Гүл егіп, дән сеуіп қойнауға,
Тек жақсы оқимыз дәйім біз,
Туған жер өзіңді қолдауға,
Қорғауға әрқашан дайынбыз!

Құрыштай ініміз, ағамыз,
Нұрлы Отан, күніңбіз, айыңбыз.
Аяулы, ардақты анамыз,
Ісіңе әрқашан дайынбыз!



АРДАҚТЫ АТ



**Адамда жақсы қасиет болмаса,
оған бақ та, бақыт та қонбайды.**

Жүсіп Баласағұни

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Қорқыт ата (Аңыз)

«Қорқыт ата» деп аталу себебі туралы мынандай аңыз-әңгіме бар. Қорқыт мес болып туады, жұрт шошып қалады. Тек анасы қорықпайды: менің тапқаным жанды бала еді ғой деп месті жарып жібергенде ішінен сәби шыға келеді. Үрейленіп тарай бастаған жұрт қайта жиналып, бұл өзі дүниеге жұртты қорқыта келді ғой деп, атын «Қорқыт» қояды.

Қорқыт ата өмірдегі болып жатқан дүниенің сан-алуан құбылыстарын түсіну үшін, өзін мазалайтын сұрақтарға жауап іздеп, дүниенің о шеті мен бұл шетін ұзақ аралайды. Жақсы-жаман нәрселерді көп байқайды, сөйтіп өзі біраз ой топшылайды, көрген-білгендерін айтып отырады.

Қорқыт ата сегізінші ғасырда өмір сүрген, аты аңызға айналған ақын, асқан күйші, ойшыл адам болған. Қазақ музыкасының тарихында Қорқыт ата «Ән-күй өнерінің атасы» болып саналады.

Қазақ аңыз әңгімелерінде Қорқыт атаның өлімге қарсы арпалысы, өлмеске бір шара іздеуі туралы айтылады. Осылайша қатты бір толғанып жүріп күй өнерін табады. Қорқыт ата күй тартқанда бар тіршілік атаулы үн-түнсіз тынып қалады екен.

Ол туралы аңыз әңгімелер, эпостық жырлар "Қорқыт ата кітабы» атты шығармада жинақталған.



- Қорқыттың дүниеге келуі ел есінде қалай қалды?
- Ол дүниенің бір шетінен екінші бір шетіне неліктен сапар шеккен?
- Қорқыт ата қай жерден жанына тыныштық тауыпты?
- Қорқыт ата қайғы-мұңын қалай жеңілдеткен еді?
- Қорқыт атаны неліктен «Қазақ ән-күйінің атасы» деп атайды?
- Өзің Қорқыт ата туралы тағы не білесің?

1-тапсырма



Қорқыт атаның нақыл сөздерін оқып, мағынасын түсініп алыңдар.

Қорқыт атаның нақыл сөздері:

Қыз ақылды ескермес-
Ана үлгісін көрмесе.
Ұл жарылқап ас бермес-
Ата үлгісін көрмесе.

Қыз анадан үйренбей, өнеге алмас,
Ұл атадан үйренбей, сапар шекпес.

Жердің шүйгін шөбін киік білер,
Жайылымның шалғынын құлан білер.
Әр жолдың сүрлеуін түйе білер,
Жеті бұлақтың иісін түлкі білер,
Керуеннің түнгі жүрісін торғай білер.

2-тапсырма

Өздерің тұратын ауылда (қалада, өңірде) жақсы адамның атымен байланысты жер, су, тау туралы айтып беріңдер.

3-тапсырма

«Ардақты ат» сөзіне ребус құрастырыңдар.



Адам – ардақты ат. Жақсы ат – адамшылықтың жемісі.

«Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын», – деп айтқан Абай атамыз.

Ұлы Абай атамыз адамды артық қылатын және қор қылатын нәрселерді айтып берген:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, одан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – зұлымдық.

Абай атамыздың даналық ақыл-кеңесін жете ұғынып, үнемі есте ұстап, жақсы адам болып өсуге, адам деген ардақты атқа лайықты болуға талпыну – әркімге міндет болып саналады.





Қайырымдылық (Ертегі)

Бұрынғы заманда Есіркеген деген қайырымды бала болыпты. Біреудің басына қиындық түссе, қайғы-мұңын бөлісуге әзір тұрады екен.

Есіркегеннің көршісі Хасен ақсақал бір күні қатты сырқаттанып, төсек тартып жатып қалады. Қарттың сырқаты бүкіл ауылды күйзелтеді. Бұл жағдай Есіркегеннің де қабырғасын қайыстырады. «Шіркін, шипасы тиетін бір ғажайып шөп табылар ма еді?!» деп армандапты ол.

– Бос армандағанша, тауға шығып іздемейсің бе? – депті бір дауыс. Есіркеген дауыстың иесін іздеп, әрі-бері қарайды. Хасен ақсақалдың көк төбетінен басқа ештеңе көзіне түспейді.

– Іздемей-ақ қой. Айтып жатқан мен, Көкжалмын ғой, – депті әлгі ит. – Егер шипалы шөп іздеп шыға қалсаң, серігің болайын.

Ертеңіне бала мен Көкжал ойнаған болып, ауылдан ұзап шығып кетеді.

Екеуі жүре-жүре, сарқырап таудан құлай ағып жатқан асау өзеннің жанына аялдапты.

– Ал енді, қармағыңды суға сал, бұл өзенде ханбалық деген ғажайып балық бар, – дейді Көкжал.

Есіркеген қармағын суға лақтырады. Қалтқыны бағып отырып, ағын екпінімен ағып келе жатқан бір мақұлыққа көзі түседі.

– Көкжал, көкжал, – дейді жағалауды тұмсығымен сүзгілеп жүрген серігін шақырып.

Көкжал суды шалпылдатып жетіп келеді де, тіке мақұлыққа ұмтылады.

Асау ағынмен арпалысып жеткен бетте мақұлықты құлағынан тістеп, сыртқа алып шығады.

– Мынау аюдың баласы ғой, – деп Есіркеген мақұлықты әрі-бері қарап таңданады. Қолтығына қолын сұқса, жып-жылы. Жүрегі де соғатын секілді. Суды көп жұтып, тұншығып қалса керек.

– Қой, бұған мен көмектесейін, – деп Есіркеген оған малта, кепкен нан жегізеді.

Есін жиған қонжық анасы шомылдырып жатқанда, өзінің жазатайым суға кеткенін айтады. Осы кезде тағы бір қонжығын соңына ертіп, аюдың өзі де келіп жетеді.

– Ей, сендер, қонжығымды бөліп жеп, бір тояйын деп отырсыңдар ма? – деп гүжілдейді де, келген бетте Есіркеген мен Көкжалға ұмтылады.

– Жо-жоқ, апатай, тие көрмеңіз бұларға. Бұлар менің құтқарушыларым, – деп қонжық ара түседі. Сөйтіп, мән-жайды бастан-аяқ анасына баяндап береді. Есіркегеннің бұйымтайын да жеткізеді.

– Ей, айналайын-ай, қолымнан келсе, аянбас едім. Ондай шипалы шөп туралы естіген емеспін. Өзім күзде мына бір шөпті жеп алып, содан көктемде бірақ оянамын. Осы шөпті жеп, ұйқыға кеткен адамның жүрегі өте баяу соғады дейді. Сырқат адам ішіп ұйықтаса, ауруы тез меңдеп кете қоймайды, өмірі ұзарады деп естігенім де бар. Бір қажеттеріңе жарар. Осыны алыңдар, – депті аю.

Есіркеген аюға рақметін айтып, шөпті мұқият орап, дорбасына салады да, қоштасып, ары қарай жүріп кетеді.

Небір тастардан өтіп, биік шыңды қиялай өскен қалың қарағайға жеткенде, Көкжал құлағын тігіп, қараңғы түпкірге қарай бастай жөнеледі. Жолындағы бұтақтарды қолымен ысырып, Есіркеген де ұмтылады. Неғұрлым ағаш қалыңдаған сайын, пысылдап тыныс алған дауыс екеуіне де анық естіліпті. Жақындап келсе, мүйіздері айқасып, үйелеп жатқан екі бұғы көрінеді.



– Ей, адамзат! Біз ашумен сүзісеміз деп жүріп, мүйіздеріміз айқасып қалды. Екеуден-екеу айқасқан бетімізбен аштан өлеміз бе деп едік, сендер келіп қалдыңдар үстімізге. Әбден титықтап біттік. Құр жанымыз ғана қалды. Әйтеуір, амалдап ажыратып жібер бізді, – дейді бұғылардың бірі күңіреніп.

Есіркеген қарағайдың бір бұтағын кесіп алып, тазартып, таяқты екі мүйіздің ортасына салып, сонымен ырғаған кезде мүйіздер оңай-ақ ажырап кетіпті.

– Рақмет саған, адамзат! Жақсылығыңды немен өтесек екен?! Біздің мүйізіміз біраз күннен кейін түсіп қалады. Ал адамзат баласы оған әуес келуші еді. Сондықтан таяқпен ұр да, қағып ала ғой, – депті Кербұғы.

– Мүйіздеріңнің керегі жоқ. Көрші атам тамағынан ас-су жүрмей ауырып жатыр. Егер маған жақсылық істегілерің келсе, соған шипа болатын шөпті көрсетіңдер, – дейді Ескерген.

– Бізде «алтын тамыр» деген шөп бар. Ол кісіге қуат береді, жасартады.

Екі бұғы осыны айтып, таудың баурайын шарлап жүріп, үш түп «алтын тамыр» тауып береді.

Сөйтіп Есіркеген ауылына келіп, Хасен қартқа арналып жасалған сорпаға «алтын тамырдан» аз-аздан қосып береді. Шайға да аю берген шөпті салып береді.

Содан бастап қарттың беті бері қарап, біраз уақыттан кейін құлан-таза айығып кетіпті. Қуаныштан ел-жұртын жиып, ұлан-асыр той жасапты. Жиналған көптің алдында ол Есіркегеннің қайырымдылығын аңыз етіп әңгімелеп берген екен.



- Есіркеген Көкжал итімен бірге не себепті сапарға шықты?
- Сапар кезінде Есіркеген қандай қайырымдылықтар жасады?
- Есіркегенді қандай адам деуге болады? Неліктен?
- Жан-жануарлар ризашылықтарын қалайша білдірді?
- «Жақсы адам ісімен жақсы» деп айтудың мәні неде?
- Өзің айналаңа қайырымдылық жасап жүрсің бе? Айтып бер.



4-тапсырма

Адамгершілік қасиеттердің мәнін ұғып алыңдар.

Өздерің қалаған адамгершілік қасиеттің біріне сипаттама жазыңдар.

Адалдық – адамгершіліктің аса маңызды қасиеті. Ол шыншылдық, әділдік, беріктік, сенімділік сияқты қасиеттерді қамтиды.

Адал адамның ниеті ақ, ойы таза болады. Ол ешкімге қиянат жасамайды, тек шындықты айтады, адал еңбек етеді.

Кішіпейілділік – кісілік белгісі. Кішіпейіл адам – барлық адамға құрметпен қарайды. Үлкендерді сыйлайды, кішілерге үлгі болады. Ондай адам өзінің парызына адал, жауапкершілігі жоғары, аса сыпайы келеді. Кішіпейілділік адамның қимыл-қозғалысынан, өзін-өзі ұстауынан, мінез-құлқынан, іс-әрекетінен аңғарылып тұрады.

Сондықтан да халық: «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік», – деп дұрыс айтқан.

Ақкөңілділік – адамның ең бір жақсы қасиеті. Ақкөңіл адамның жүзі жайдары, көңілі ашық болады. Ондай адамдардың жақсылыққа жаны құмар, сезімтал, елгезек келеді. Оларға мейірімділік, қайырымдылық тән. Ешкімді жатырқамайды, басқаларға көмекке әзір тұрады.

«Ақкөңілдің аты арып, тоны тозбас», – деп халық бекер айтпаған.

5-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Еліне риясыз қызмет еткен тағы қандай ардақты адамдарды білесіңдер? Айтып беріңдер.

Мұзафар Әлімбаев

Атақты бабалар мен әжелер, ағалар мен әпкелер

Асанқайғы – абыз дана, ақылгөй,
Нақылында нақышты сөз, тартымды ой.

Өзі ақын, өзі батыр – Ақтамберді,
Ұрпағы атасымен мақтанды енді.

Сардар батыр, ақылды хан Абылай,
Қадірлей біл, қалма атаңды танымай!

Ел басқарған, қол бастаған Кене хан,
Ерлігіне қараша таң, төре таң.

Исатай қалтыратқан хан Жәңгірді,
Махамбет саңқылдатқан сарбаз жырды.

Ұлы Жамбыл ұстаз тұтқан Сүйінбай –
Жалғыз өзі дуылдаған жиындай.

Қолбасы, қарындасы хан Кененің –
Бопайдай батыр тәтем бар ма менің?

Әсем ән мен жырдан
Құйылғандай Біржан.

Дина әжеміз үш жүз күй жатқа тартқан,
Жүз жасаған Жамбылды жалт қаратқан.

Қазақ әнін жайды Күләш әлемге,
«Гәккуімен» шаттық сыйлап бар елге.

Тоқтар аға – тұңғыш қазақ ғарышкер,
Сүйсінгенде жаудырды оған алғысты ел.

6-тапсырма

Өздерің тұратын ауылда (қалада, өңірде) жақсы ісімен ардақты атқа ие болған адамдар туралы мәліметтер жинап, ортаға салып айтып беріңдер.



Адамның ардақты аты мол байлықтан артық. Адамның нағыз адам болудан басқа мақсаты болуы мүмкін емес. Адам жақсылықты арман етсе, бәрі де жақсы болады.

Адамның ардақты атқа сай болуы өзін-өзі тәрбиелеуімен, шындық жолымен жүруімен, рухани біліммен сусындауымен, талмай ізденуімен келетін қажырлы еңбек.

«Ғалымның хаты қалар, жақсының аты қалар», деп халық бекер айтпаған.

Адам деген асқақ атқа лайықты болу үшін адалдық, әділдік, кішіпейілділік, батылдық, мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерін іс жүзінде көрсете білуі тиіс.

Жақсы атқа ие болу және оны сақтап қалу – адамның өз қолында.



Ақын боп кеткім келеді

*Өлеңін жазған Байбота Қошым-Ноғай
Әнін жазған Әсет Бейсеуов*

Қалаға қыста атам кеп,
Айтады бізге ертегі.
Біржан сал, Абай, Махамбет
Жайлы да сырлар шертеді.

Ғажап қой сырлы сөйлеген
Қазақтың қара өлеңі.
Атамды тыңдап кейде мен,
Ақын боп кеткім келеді!..

ТЕСТІЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

Үйде тазарту жұмыстары жүріп жатыр. Әпкең терезені жуып, ағаң кілем қағып жүр.

Сенің әрекетің қандай?

- а) Үй тазарту үлкендердің ісі деп санағандықтан, бұл іске көңіл бөлмеймін.*
- ә) Үй тазартуға қатыспаймын.*
- б) Ешкім айтпаса да, үй тазартуға бірден кірісемін.*

2-тест

Демалыс күндері ата-әжемізге барып, сәлем беру отбасымыздың дәстүріне айналған. Отбасы мүшелері таңертеңнен жинала бастады.

Сенің әрекетің қандай?

- а) Достарыммен футбол ойнауды артық деп санағандықтан, сылтау іздеймін.*
- ә) Мен де отбасылық дәстүрді сақтап, атам мен әжеме сәлем беруге барамын.*
- б) Мен бармаймын.*

3-тест

Сыныптастарым бірлесіп мектеп ішінде «Жасыл алаң» бұрышын жасауды ұйғарды.

Сенің әрекетің қандай?

- а) Мен бұл шараға қатыспаймын.*

ә) «Бірлесе көтерген жүк жеңіл демекші», шараға міндетті түрде қатысамын.

б) Өз басыма ғана пайдалы іс жасауды ойлағандықтан, шараға қатыспаудың амалын іздеймін.

4-тест

Мұғалім мектеп оқушыларымен бірге «Тамаша адамдар өмірі» атты кездесуге баратынымызды хабарлады.

Сенің әрекетің қандай?

а) Мен кездесуге бармаудың жолын қарастырамын.

ә) Мен кездесуге міндетті түрде барамын.

б) Мен бұл кездесуге мүлдем бармаймын.

«Даналық іздері» жобасы



Жобамен жұмыс кезінде жалпы-адамзаттық құндылықтар туралы дәйексөздерді іздеуді жалғастырасыңдар.

Дәйексөздер жинағының беттерін безендіруді бастаңдар.

III ТАРАУ

АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ



ДЕРБЕСТІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК



**Жауапкершілікті сезінуден
жан атаулы биіктейді.**

Стефан Цвейг

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Асыранды қаздар

Әбдірахман Асылбеков

Атам екеуіміз көл жағалап келе жатыр едік, бір топ қаз қаңқылдай көтеріліп, төбемізден аса ұшты.

– Ата, біздің үйдегі қаздар неге мыналар құсап, самғап ұша алмайды, – деп сұрадым атамнан.

Атам аспай-саспай бетіме бір қарап алды да, басын көтеріп, ұшып бара жатқан қаздарға қарады.

– Балам, өз бетімен еңбек ете білу керек. Бір кездері біздің үйдегі қаздар да аспандап ұшқан. Олар өз бетімен тіршілік еткен. Бертін келе адам қолға үйретіп, қорадан шығармай ұстады. Дайын тамақ, әзір ас, жегені – алдында, жемегені – артында. Қабырғасы қалыңдап, жүрегін май басты. Егер өз бетіңмен еңбек етпей, үнемі біреуге иек арта берсең, сен де асыранды қаздарға ұқсап, бойыңдағы қабілетіңнен айырыласың. Самғап биікке ұша алмайсың.

Шынында да солай ғой осы!



- Атасының немересіне айтқан ақылынан қандай ой түйдіңдер?
- Өз бетімен еңбек ету дегенді қалай түсінесіңдер?

- Дербестік адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?
- Дербес адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек?
- Сенің бойыңда дербестік бар ма? Айтып бер.



1-тапсырма

«Дербес адам қандай? Осы сұраққа ойла-нып, дербес адамды сипаттайтын сөздерді тауып жазыңдар.

Дербес адам



2-тапсырма

Суретте бейнеленген көбелектің қанатындағы сұрақтарды оқып, оларға жауап жазыңдар.



3-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Рөлдерге бөліп, сахналап көрсетіңдер.

Әдібай Табылды

Өзім істеймін

Қатысушылар: Әсем – әже, Аяжан – анасы, Тұмаржан – қызы.

Ортаңғы бөлмеде Аяжан ана үй сыпырып жүр.

Бастаушы. Тұмаржан бес жасқа толғалы әрбір істі «өзім істеймін» дейтін болды.

Тұмаржан (анасынан сыпырғышты алып). Апатайым, еденді өзім сыпырам, сыпырғышты маған беріңіз. Міне былай сыпырам...

Аяжан. Жарығым, талабыңнан айналайын! Бес жасқа толдың, көмекшім болдың. Шүкір...

Тұмаржан. Анашым, еденді сыпырып болдым, енді әжеме шай берем.

Аяжан ананың әдемі жүзі құлпырып кетті.

Аяжан. Мақұл, ботам. Әжеңе өрік, мейіз, қант, жұмсақ нан қою керек.

Тұмаржан. Әжеме асты талғап беруді білем, анашым. Сіз жұмысқа бара беріңіз.

Әсем әже. Қамқорлығыңнан айналайын, ботам.

Тұмаржан. Әжетай, сізге шайды өзім қайнатып берем.

Әсем әже. Талабыңнан айналайын, жарығым... Қолыңды күйдіріп алма.

Тұмаржан. Мен өзім, былай, байқаймын ғой...

(Тұмаржан газпештің отын тұтатам деп, байқаусызда саусағын отқа шалдырып алды. Бірақ ол әжесіне білдірмей, от шалған саусағын аузына салып, ештеме сезбегендей болды).

Әсем әже. Жарығым-ау, саусағыңды күйдіріп алған жоқсың ба?

Тұмаржан. Әжетай, жәй әншейін... Енді газпешті жағуды үйрендім. (Тұмаржан сықылықтап күлгенде, әжесі қоса күледі).

Әсем әже. Өздігіңнен тірлік істегеніңнен айналайын, жарығым. (Әсем әжесі немересінің маңдайынан сүйіп, қуанып қалады.)



Дербестік алдына мақсат қоюға көмек беретін және мақсатқа жету жолдарын таба білетін, қабылданған шешімдерді орындай алатын адамның қасиеті.

Дербес адам туындаған жағдайларды өз білімімен, сенім-қабілетімен шешуге тырысады.

Ол өзіне басқа адамдардың айтуын, нұсқауын күтіп отырмайды. Мұның үстіне ол өз көзқарасын, міндетін, мақсатын және оны жүзеге асыру жөніндегі өз түсінігін дәлелдеп, қорғай алады.





Толағай (Аңыз)

Бұрынғы өткен заманда апайтөс¹ Арқаның бел ортасында бір қауымдық жұрт өмір сүріпті. Шұрайлы жерден қоныс алған малға да, жанға да бай өлкенің тұрғындарында: «Бізде барлығы да бар. Бірақ сол мал-жанды қорғайтын батырымыз болса екен», – деген бір ғана армандары болыпты. Күндердің күнінде бір отбасында алтын айдарлы алып бала дүниеге келіп, ел-жұрты болып үлкен той жасайды. Сол нәресте жыл санап емес, күн санап ержете бастайды. Туған-туыстары да көркейіп келе жатқан баланы өз атымен атамай, көз тимесін деп, Толағай дейтін болыпты. Сөйтіп баланың аты Толағай атанып кетеді. Күндердің бір күнінде жер қуаңшылық тартып, жаңбыр болмай, ел күйзеліске ұшырайды. Халықтың басына түскен ауыртпалық Толағайды қатты мазалапты. Сонан бері Толағай Дана деген қарт ақсақалға барып, ақыл сұрапты. Сонда қарт айтқан екен: «Қарағым, Толағай, біздің жеріміз жазық, бұлт үйіріліп тоқтайтын тауы жоқ. Жаңбырдың болмауы сол себептен», – дейді. Толағай: «Ата, сіз рұқсат етсеңіз, мен барып бір жерден тауды арқалап алып келсем болмай ма?» – дейді. Сонда қарт айтқан екен: «Шырағым, Толағай, еліңді ойлап егіліп тұрсың-ау! Тау арқалап әкелу оңай емес. Дегенмен, ондай талабың болса, оңтүстік өлкеде Алатау деп аталатын таулардың атасы бар, рұқсатты содан сұрарсың», – деп батасын береді.

Сөйтіп тауды арқалап әкелуге сайланған Толағай сапарғашығыпты. Арада ай өтеді, жыл өтеді. Бір күндері ақ басты Алатауға жетіп, «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем беріпті, өзінің талап-тілегін айтыпты. Маңғаз

¹ Апайтөс – қен кеуделі.



Алатау талапты ерге зор қошемет көрсетіп, етегінде орналасқан бала тауды Толағайға арқалатып қоя береді. Алғашқыда аяғын ширақ басқанымен иығына түскен салмақ еңсесін басып, бірте-бірте әлсірей бастайды. Арада көп уақыттар өтеді. Арқасында тау, әбден әлсіреген Толағай елінің шетіне іліге бере тізесі бүгіліп, құлап түседі де ұйқыға кетеді. Арқасындағы тау болса, батыр жігіттің үстінен басып қалыпты, Сонан сол Толағай күні бүгінге дейін тау астында ұйықтап жатыр дейді. Ал әлгі бала тауды ел «Толағай» деп атап кетіпті.



- Балаға неліктен «Толағай» деп ат қойды?
- Толағай не үшін тауды арқалап келмекші болды?
- Толағайдың іс-әрекетін қалай бағалауға болады?
- «Елге қызмет ету» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Дербес адамнан қандай үлгі алуға болады? Айтып бер.



4-тапсырма

Жауапкершілікті адам қандай болу керектігі туралы өз ойларыңды жалғастырып жазыңдар.

1. Жауапкершілікті адам өзіне тапсырылған жұмысты дер кезінде орындайды.
2. Жауапкершілігі мол адам
3.
4.

5-тапсырма

Тірек сөздерді пайдалана отырып, әңгіме құрастырып айтыңдар.

Тірек сөздер: тазалық, жинау, балалар, көмек, жауапкершілік, ұқыпты, еңбексүйгіш, уәде, орындау, ризашылық.

6-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрастырып айтыңдар.

Мұрат Сыздық

Өкініш

Атасының тапсырмасын орындап тастамақшы болып Қайырбек қораға қарай беттеді. Дарбазаның сыртынан біреудің ысқырғаны естілді.

– Қайырбек, жүр кеттік. «Бірлік» ауылының балалары келіпті. Осы жолы оларды нөлмен қатырмасақ па?

– Әттеген-ай-а! – деп Қайырбек басын шайқады.

– Атам фермадағы бір танысынан есектің қамытын алған екен. «Соны апарып тастарсың»? – деп еді.

– Өй, бар болғаны сол ма? – Жақып көңілдене күліп қойды.

– Кешке дейін әлі талай уақыт бар. Үлгересің... Көп қиқанды қойып, бізбен жүр. Олардан өткен жолғы қарымтаны қайтармасақ болмайды. Кездесе кетсе, мазақ қылады.

Қайырбек желкесін қасып сәл тұрды да:

– Мейлі ендеше, – деп, балалармен бірге футбол ойнайтын алаңға тартты. Жолшыбай атасы кездесті.

– Қайырбек шырағым, қамытты апарып бердің бе?

Қайырбек не дерін білмей абдырап:

– Иә, ата, апарып тастадым, – деді.

– Әп, бәрекелді. Өркенің өссін, қарағым! – Атасы риза кейіппен Қайырбекке көзін сығырайта қарап, күміс сақалын уыстай сипап қойды.

Қайырбек үйге кештете оралды. «Бірлік» футболшыларын ойсырата ұтқаннан кейін, масат-танған балалар Қаракөлде әбден асыр салды. Көлдің ортасындағы аралдан бүлдірген терді, жасырынбақ ойнады. Ойын қызығына берілгені соншалық – күннің батқанын да байқамай қалды.

Үй іші кешкі асқа отырды. Ас үйде әжесімен амандасқан біреу дабырлай кіріп келді.

– Кеш жарық!

– Оу, Келденбісің. Жоғары шық!? – деп атасы көңілдене дауыстап, кешкі қонақты төрге шақырды.

– Шығамыз ғой. Айтпақшы, құрдас, қартайғанда өтірік айтатын болғанбысың. Бүгін аласың деген қамыт қайда? Үйдегілер «қамыт әкелген пендені көрмедік» деп ант-су ішеді.

– Апармағаны қалай? Қайырбек шырағым... – атасы түсін суытып, немересіне қарады. Қайырбек ұяттан кірерге тесік таппай, көзімен жер шұқыған қалпы үнсіз отырып қалды.



Жауапкершілік – адамның өз міндетін, тапсырылған істі орындап шығуы.

Жауапкершілігі бар адам сол істің мән-жайын жете түсінеді. Ондай адам тапсырылған істі мезгілінде атқарады. Айтқан сөзінде тұрады, ісіне жауап береді.

Жауапкершілігі мол адам өзі үшін және басқалардың абыройы үшін өзін жауапты сезінеді.



Дос болайық, бәріміз!

*Өлеңін жазған Хасенхан Талғаров
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Әрқашан дос, біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Ілгері жүріңдер,
Достық жырын біліңдер,
Ту ғып ұстап бірлікті,
Еңбекті сүйіңдер!

Қайраттанып қарышта,
Озып шыққан жарыста,
Батыл бас, жас ұлан!
Самға биік, алысқа,
Жұлдыздарға, ғарышқа,
Бойда күш тасыған.

Қайыrmасы:
Дос болайық, бәріміз!
Жарасып тұр әніміз.
Тыныштықты сақтаймыз,
Атсын күліп таңымыз.

Қайыrmасы.
Отан біздің панамыз,
Аман жүрсін анамыз,
Нұрлы күн сөнбесін.
Бақыт болып жанамыз,
Жарық біздің санамыз,
Қара бұлт төнбесін.

БАТЫЛДЫҚ ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚ



**Ержүректілік пен батылдық
жүректен шығуға тиіс.**

Бауыржан Момышұлы

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Өрт

Сейілғазы Әбдікәрімов

Күн сенбі. Сабақтан шыққан Мақсұт Жарбұлақ селосының жағасынан он бес шақырым жердегі үйіне бармақшы болып велосипедпен жолға шықты. Ол әр демалыс сайын совхоздың бір отар қойын бағып жүрген әке-шешесіне барып, олардың көңілін көтеріп, бір уақыт өзінің қолғабысын тигізіп, көмектесіп қайту оның соңғы кездері бойына сіңген жақсы әдеттерінің бір еді.

Мақсұт күндегісіндей емес, бүгін өте көңілді. Ол екі пәннен қатарынан қос «бестікті» бірдей алған. Содан ба, әлде үйіне барып, ертең әкесімен бірге қыраттарға шығып, қой бағысып, күзгі табиғат көркін тамашалайтындығын ойлағандықтан ба, әйтеуір, көңілі тым көтеріңкі. Көк велосипедімен еңіс-ылдиларда зырылдатып, белес-белес кезеңдерде баяулатып келеді. Күн көзі ашық болғанымен қарсы алдынан аздап соққан самал бар. Ауылға жақын қалғанда төменгі сайда көршілес отырған Аршынбай деген шопан бар еді. Енді міне сол шопанның үйі лаулап жанып, өртеніп жатқанын көріп бойы түршігіп кетті. Мақсұттың тұла бойы бір ысып, бір суып екі беті

тызылдады. Арғы беткейден Аршынбайдың әйелі ойбайлап, бажылдап зыр жүгіріп келеді екен. Мақсұт ойланбастан, тура өртеніп жатқан үйге тартты. Жақындап келіп, үйдің ішінде шырылдап жылап жатқан жас баланың дауысын естіді. Не істеу керек? Жас баланы мына тілсіз жаудан қалай құтқарып, аман сақтап қалу керек? Өртті сөндіріп болғанша бірталай уақыт өтеді. Ол уақытқа дейін кім бар, кім жоқ. Қой бұлай қарап босқа тұрмау жөн, іске кірісу қажет. Қара қою түтінмен араласа лапылдап жалп-жалп етіп лаулаған жалын үйдің тек бір жақ босағасын алып барады. Енді сәл кешіксе, ана шаңырақ та өртеніп опырылып ортаға түсері хақ. Бала да бір тажалдың жақындап келе жатқанын сезіп онан ары жан ұшыра бебеу қағып безілдейді. Тамағы қарлығып қалған ба, бала үні қырылдап шығады. Мақсұт қас-қағым сәтте лапылдап жанып жатқан қызыл күрең жалынға қойып кетті де, үйдің ішіне кіріп жоқ болды. Үй іші қара түнек. Көкірегін қоңырсыған жалын аралас көк түтін қарып, тұншықтырып барады. Шырылдаған жас баланың зар қағып, безілдеп жылаған дауысы Мақсұттың дәл жанынан естіледі. Ащы түтін, ыстық жалын, жанып жатқан мүліктер мен кереге-уықтардың қорқынышты шытырлаған дыбыстары Мақсұттың есін шығара алмады. Ол асығып, аптығып, сасқан жоқ. Әлгі баланың дауысы шыққан жаққа екі қолын ілгері соза түсіп алға ұмтылып келеді. Лаулаған жалын мен көк түтін арасынан ешнәрсені көре алмайды. Көзінен жас та шықты. Ашытып барады. Бірақ Мақсұт шыдады.

«Қалай болғанда да мына сәбиді құтқаруым керек» деп тістеніп алды да, «осы тұста болу керек» деп ұстай алғаны жанып жатқан көрпе не киіз болып шығады. Қолы отқа қарылып, көйлегі де жана бастаған. Безілдеген баланың жылауы әлсіреп бара жатқанға ұқсайды.

Мақсұттың қолы ақыры балаға да тиді-ау, әйтеуір денесінің күйе бастағанын елеместен, баланы қапсыра құшақтап, далаға қарай құстай ұшты. Бетін, қолын аздап жалын шалғаны болмаса бала аман екен... Көп ұзамай Мақсұттың өрт оқиғасынан болған аздаған жаралары жазылып, мектепке келді.



- Мақсұттың бұл іс-әрекетінің себебі неде?
- Батылдық қандай жағдайларда көрініс береді?
- Мақсұттың іс-әрекетінен қандай үлгі алуға болады?
- Батыл адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек?
- Өзіңнің батылдық танытқан кезің болды ма? Қалайша?

1-тапсырма



Әңгімені оқып, «Батыл адам» қандай болуы керектігі туралы ойланып, өз ойларыңды түйіндеңдер.

Мұқан Иманжанов

Жекпе-жек

Ол кішкентай бала. Мұнда алыстан, қаладан келді. Жергілікті бала Кәрім есер, тентек. Әлі жеткенге тиісіп, зорлықсыз жүрмейді. Балалар одан қорқады. Қылығын айтпайды. Қорқақтық көрсетіп кетеді. Кішкентай бала оны қорықпай, батыл әшкереледі. Қалайша? Оны демеген күш – көпшілік.

Мен қорықпадым. Көпшілік бір тентекке соққы бере алады ғой. Мені оған сабатып қоя ма?.. – деді ол. Тентек жеңілді. Кішкентай бала дұрыс істеді.

Досқа адал көмектеспей, оның кемшілігін батыл айтпай, адам дұрыс тәрбиеленбейді. «Ауыруын жасырған өледі» дейді халық.

Сол бір тентек баланың шын досы да әлгі кішкентай болатынына мен күмәнданбаймын. Қауіпке тура қарай алған батыл адам достықты да қадірлей біледі.

2-тапсырма

Жұмбақты шешіңдер, олардың батылдығы туралы парталасыңмен әңгіме құрастырыңдар.

Мерген қыздың аты кім?
Құралайды көзге атқан,
Бір атқанда жүз атқан.
Қағып түскен бір оқпен
Жау атқышын дзоттан,
Мерген қызды айтшы, сен
Өткің келсе, сынақтан.
(...)

«Максимкасы» есіліп,
Тайраңдаған есірік,
Қырып жаудың қосынын,
Аңыз болған осы күн,
Айта қойшы, сен қане,
Батыр қыздың есімін.
(...)

3-тапсырма

Сөйлемдерді өз ойларыңмен жалғастырып, дәптерге жазыңдар.

Батылдық дегеніміз ...
Батыл іс деп ...

*Батыл адамның бойында ...
Батыл болу ...*



Батыл адам – батыр адам. Батылсыздық іске шамасы келмеуден де нашар. Ағын су емес, тұрып қалған су бұзылады. Біреулер басқалар түртіп қалмайынша, бір де қадам жасамайды. Себеп – ақылдың таяздығында емес, босандығында. Қиындықты көре білу үшін ақыл керек, ал одан шығудың жолын табу үшін кемеңгерлік қажет.

Бальтасар Грасиан



Табанды бала (*Аңыз әңгіме*)

Ерте заманда Әлім деген бала өмір сүріпті. Оның әкесі қайтыс болып, жалғыз анасымен қалады. Олар кедей отбасынан еді.

Күн артынан күн өте береді. Баланың мектепке барып, оқитын уақыты келеді. Бірақ оны мектепке апаруға еш мүмкіндік болмайды. Алайда Әлім «Мен оқуым керек» деп арланады.

Кішкентай Әлімнің көршілері өте бай адамдар еді. Әлім көршісіне келіп: «Сіз үйіңізге қызметші іздеп жүр екенсіз, мені алыңызшы! Еңбегіме көп ақы сұрамаймын, тек қана анда-санда сіздің ұлдарыңыз қалай оқып жатқанын көрсем, жеткілікті», – дейді.

Бай тегін жұмысшы тапқанына қуанып, келісе кетеді.

Бала байдың үйінде таң атқаннан кеш батқанға дейін бел жазбай жұмыс істейді. Бірақ Әлім мұғалімге

көрінбей, оның айтқандарын тығылып тұрып тыңдап алатын еді. Сөйтіп, Әлім оқу мен жазуды үйреніп алады.



Бір жылдан кейін өз бетінше сөздерді ажырата алатын болды. Бірақ қайда, немен жазарын білмей, басы қатады.

Әлім өзінің анасымен теңіз жағасындағы кішкентай үйде тұратын еді. Теңіз толқыны құм бетін шайып, тегістеп кететін. Әлім қолына таяқ алып, теңіз жағасына келіп, құм бетіне әріптерді жаза бастады. Теңіз толқыны шайып, жазғандарын өшіріп кетеді. Әлім ерінбей қайта жазудан жалықпайды.

Енді оған оқитын кітап керек болды.

Бір күні байға келіп: «Сіз маған өз кітаптарыңызды оқуға рұқсат етсеңіз, мен тағы да бір жыл ақысыз жұмыс істеуге келісер едім», – дейді.

Бай мұндай тегін жұмысшыдан айырылғысы келмей, келісе кетеді.

Әлімге ертеден қара кешке дейін жұмыс істеп, түнде оқуға тура келді.

Одан бері көп жылдар өтті. Әлім өз мақсатына жетіп, үлкен ғалым болыпты.

Адамдар кішкентай Әлімнің табандылығын әлі күнге дейін еске алып отырады екен.



- Әлімнің өз мақсатына жетуіне не себеп болды?
- Табанды болудың маңызы неде?
- Табандылық қандай іс-әрекеттер арқылы көрініс табады?
- Өз бойында табандылық бар ма? Айтып бер.



4-тапсырма

«Табандылық» сөзіне ребус құрастырыңдар.

5-тапсырма

Өлеңді оқып, «Батылдық» ұғымы қандай адамгершілік қасиеттермен сәйкес келетінін анықтаңдар. Өзіндік ой тұжырымыңды жаса.

Жұмаш Кенебаев

Нағыз батыр ол маған

Атам Отан қорғаған,
Онда қорқақ болмаған.
Алтын жұлдыз кеудеде,
Нағыз батыр ол маған!

Әкем шопан ауылда,
Мойымаған дауылға.
Еңбек Ері атанған,
Сыйлы бүкіл ауылға.

Батыр Ана – анам да,
Батыр үлкен ағам да.
Ал үйдегі әжеміз
Алғыс айтар заманға.

Міне,
Сондай ата-анам!
Мен үлкеннен бата алам!
«Батырлардың үйі» деп,
Бізді ауылда атаған.

Қосылған соң қатарға,
Еңбек етем Отанға!
«Болмасаң да ұқсап бақ», –
Деген Абай атам да!

6-тапсырма

«Табанды болудың баспалдақтарын» жалғастырып
айтыңдар.

Әрдайым жақсы, жағымды ойла.
Асығыстық жасама.
Жасайтын іс-әрекетіңді ой елегінен өткіз.
Ештеңеге алаңдамастан, батыл қадам жасай біл.
Үлкендерден ақыл-кеңес сұраудан ұялма.
Басты мақсатыңды естен шығарма.



Табандылық – қиыншылықтар мен кедергілерге қарамастан мақсатқа қалайда жетуге бағытталған адамгершілік қасиет.

Табандылық – көптеген ішкі-сыртқы қиыншылық пен кедергілерге қарамастан, алдына қойған мақсатына жетуден көрінетін ерекшелік. Мұндай адам үнемі қажымай-талмай әрекет етіп, осы жолда кездесетін небір ауыртпалыққа төзімділік көрсетеді. Сөйтіп оларды бірінен соң бірін жеңіп, мақсатына жетіп отырады. Осындай жағдайда оның ерік-жігері бұрынғыдан да бетер шыңдалып, жетіле түседі.



Жас дәуірдің гүліміз

*Өлеңін жазған Ермек Өтетілеуов
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Бау, бақша, белдер,
Орман, тау, көлдер –
Көрікті шексіз даламыз.
Дәулеті тасқан,
Сәулеті асқан –
Көңілді ауыл, қаламыз.

Қайырмасы:
Жадырап күндей,
Жайнаған гүлдей –
Бақытты біздер баламыз!



Өзіміз туған,
Көбелек қуған –
Өлкеде өсіп, толамыз.
Жалықпай оқып,
Көңілге тоқып –
Білімді адам боламыз.

Қайырмасы:

Жадырап күндей,
Жайнаған гүлдей –
Бақытты біздер баламыз!

АР – ҰЖДАН ІЛІМІ



Пайда ойлама, ар ойла.

Абай Құнанбаев

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Балмұздақ

Ермек Өтетілеуов

Жексенбі күні. Балабақшаға бірге баратын кішкене көршілер – Алмас, Мирас, Марал, Жанарлар аулада ойнап жүр. Бір кезде бұлардың тұсынан қолына тор ұстаған ағай өте берді. Ол кісі қалтасынан қол орамалын алған сәтте көлемі біркелкі төрт-бес көк қағаз бірге шығып, жел екпінімен балаларға қарай қалықтап ұшты. Мұны бірінші байқаған Алмас:

– Ақша деп айқай салып еді, балалар қолын соза көк қағаздарға қарсы ұмтылды. Әрқайсысы әп-сәтте бір-бірден, ал Мирас екі «ақша» ұстап алды.

Алмас енді:

– Ағай, ағай, тоқтаңыз! – деп әлі ұзай қоймаған әлгі кісіні қуып жөнелді. Марал мен Жанар да жетті жүгіріп.

– Не болды, – деді бұларды таңдана күтіп алған бейтаныс.

– Ағай, сіз ақшаңызды түсіріп алдыңыз, міне, – деп Алмас қолындағы көк қағазды ұсынды!

– Мінеки! – деп, Марал мен Жанар да қағып алған бір-бір «ақшаларын» берді.

Ал Мирас бұл кезде асығыс басып, үшінші қабаттағы пәтеріне көтеріліп бара жатқан-ды.

...Аздан соң бейтаныс ағай әлгі жерге қайта келді.

Жұбы жазылмай ойнап жүрген төрт балаға күлімсірей жақындап:

– Бері келіңдер, – деп оларды өзіне шақырды. Қолында қағазға оралған әлденесі бар. – Балалар, – деді сонан соң ол, орындыққа жалғасып жатып: – Әлгінде маған жинап бергендерің ақша емес, енді қажеті жоқ лотерея билеттері еді. Бірақ, сендер нағыз жігіт екенсіңдер, адал балақайлар көрінесіңдер. Сол үшін мынау – менің сендерге деген сыйым. Алыңдар! – деп қолындағы қағаз орамасынан әрқайсысына бір-бірден балмұздақ ұсынды. Балалар «рақмет» десіп, алып жатыр. Кезек Мирасқа келді. Ол:

– Мен жемеймін, – деп теріс айналды.

– Неге? Қой, ал! – деп бәйек болды ағай.

– Жоқ, жоқ... – Мирас қашқандай болып, кетіп қалды. Оның бұл қылығына бәрі аң-таң. Әсіресе, Мирастың балмұздақты құмарта жейтінін білетін достары қайран.

Балақай, Мирастың балмұздақтан неліктен безгенін, мүмкін, сен айтарсың?



- Ағай балаларға балмұздақты не үшін берді?
- Мирас неліктен балмұздақтан бас тартты?
- Ар-ұждан дауысын ести алуға не көмек береді?
- Арлы адамның іс-әрекеті қандай болады деп ойлайсыңдар?
- Сеніңше, ар-ұждан дегеніміз не? Айтып бер.



1-тапсырма

Ұлағатты сөздерді мұқият оқып, ар-ұждан ұғымына өз анықтамаларыңды жазыңдар.

Адамзатқа өмірден ар қымбат, өлімнен де ұят күшті.
Бауыржан Момышұлы

Ар-намысың, жан-жүрегің қалай әмір етсе, солай істе.
Василий Сухомлинский

Арлы адам – ең күшті адам.
Әбіш Кекілбаев

2-тапсырма

Өлеңді түсініп оқыңдар. Берілген тапсырманы кезеңмен орындаңдар.
Айтбай Хангелдин

Ата ақылы

Шындық деген – ар-ұят,
Әділдік пен адалдық.
Бол ісіңе мұқият,
Қашсын десең жамандық.

Айтпа, жаным, өтірік,
Болам десең үлгілі.
Мәпелеген өсіріп,
Сен де еліңнің бір гүлі...

1-кезең. Ар-ұждан ұғымын сипаттайтын қасиеттерді анықтаңдар.

2-кезең. Ар-ұждан ұғымын сипаттайтын іс-әрекеттерді атап көрсетіңдер.

3-кезең. Ар-ұждан ұғымына төмендегі кесте бойынша өз беттеріңше қорытынды жазып, ойларыңмен бөлісіңдер.

✓	+	?
Мен білемін	Мен үшін жаңа ақпарат	Білгім келеді

3-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Өлеңді негізге ала отырып, ар-ұжданмен өмір сүретін адамға сипаттама жазыңдар.

Шәкәрім Құдайбердиев

Ақылды сол – нысаппен ар сақтайды,
 Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
 Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
 Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.



Ұждан ілімі – рухани-адамгершілік білімнің негізі. Адамның тұлға болып қалыптасуына ата-анасы, айналасы, замандасы, тәлім берер қылған ісі. Сенім белгілерін негізгі басшылыққа ала отырып ұят, шыдамдылық, аяушылық, ізгілік, әділеттілік сияқты қасиеттердің ісі болмақ.

Шынайы адам өзіне ғұмырлық даналық жиған адам. Мәңгілік – не ексең, соны орасың деген өмір тәжірибесінің жемісі. Адам жанының жетістігі рухани әлемнің қазынасына құйылады. Әр адам ұждан білімін оқыса, адамгершіліктің биік шыңына жете алады.

Шәкәрім Құдайбердиев





Мұны қалай түсінеміз?

Әлдихан Қалдыбаев

Мектептің бірінші қабатына терезелерді бекер орнатады. Бала біткеннің бәрі – терезенің жауы. Балалар, әрине, терезеге әдейілеп тиіспейді, абайламай сындырып алады. Футбол теуіп, волейбол ойнасақ, доп терезеге қарай ұшады, қолдағы тас немесе жентектелген қар, бәрі-бәрі терезенің көзін табады. Бітті, әрі қарай баланы шатақ күтіп тұрады.

Бауыржан мен Марат та осындай пәлеге аяқ астынан ұрынды. Анықтап айтсақ, Бауыржан тепкен доп, Мараттың қолынан сырғып шығып, мектеп терезесінің бір көзін қиратты да кетті. Кінәлі кім? Бір-біріне үрейлене және жазғыра қараған екеуінің жүзінде де осы сұрақ тұрды. «Кінәлі – мен» деп мойындар кейіп екеуінде де жоқ. Қайта Марат:

– Терезеге неге сонша қатты тептің? – деп шап ете қалды.

– Қолың қайда? Ұстасаң етті.

– Менің қолымды қайтесің, өзіңнің аяғыңа ие бол. Терезені қираттың, жауап бер.

– Ал, сен ше?

– Мен бе, мен... Сен сындырдың дедім бе, сен.

Марат сөзін аяқтамай теріс айналып, жүгіре жөнелді.

Бауыржан аң-таң тұрып қалды. Сабақтан соң Рахима апайға айтуға бекінді.

Рахима апай қатар отыратын шәкірттің бір нәрсеге келіспей қалғанын бірден аңғарған. Үшінші класта оқитын отыз баланың әрқайсысының мінез-құлқы өзіне әбден мәлім. Бауыржан мен Марат бір-бірімен өте тату еді, не болған? Сұраса ма екен, сұрамаса ма екен? Сабақ соңында да көрер.



Сабақ бітуге жақындағанда, әңгіме ауаны¹ адалдық жөніне ойысты.

– Апай, адал адам қандай болады? – деді Сәуле.

– Ия, бәсе, өздерің айтыңдаршы, адал адам қандай болады? - дейді апай.

Балалар шулап қоя берді:

– Адал адам ақылды болады.

– Адал адам ешкімді алдамайды.

– Адал адам – жақсы адам.

– Дұрыс, балалар, осы айтқандарыңды кішкене бір қорытындылап, ой түйейік.

Осы сәт Марат орнынан атып тұрды. Үстіңгі еріні дүрдиіп, көзі жасаурап кеткен.

¹ Ауан – ағым, ыңғай, икем.

– Апай, біз жоқ, мен жаңа үзілісте бірінші қабаттағы терезенің бір көзін сындырып алдым. Енді қайтсем?

– Міне, бұл – адалдық. Бірдеңені бүлдірген екенсің, қателігіңді мойында, түзе. Адал адам сөйтеді, кінәсін мойындаудан қашпайды. Марат сен де сөйтіп отырсың, адал адам ...

Енді Бауыржан орнынан атып тұрды.

– Апай, Марат – адал емес, өтірікші.

Барлық класс Бауыржанға қарай қалды.

Марат бұға түсті.

– Бауыржан, не дедің? Қайталап айтшы, – деді мұғалім.

– Марат – өтірікші. Терезені біз екеуміз сындырдық. Бұл жаңа қашып еді, енді адал бола қалыпты.

– Солай ма? Рас па, Марат?

– Марат үн қата алмады. Ой, бұл болмаған екен! Қателігіңді мойындағаның жақсы, бірақ шындықты айту бәрінен де артық. Қап, әттеген-ай? Мұны қалай түсінеміз?

Марат жерге кірермен болып, мәлиіп тұр. Бауыржан бір қалыптан айныған жоқ, жүзі жарқын.



- Бауыржанның жүзі неліктен жарқын болды?
- Адал адам деп қандай адамды айтуға болады?
- «Шындықты айту бәрінен де артық» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Адал және шыншыл адамды қандай қасиеттерінен тануға болады?
- Ар-ұжданға сай өмір сүру дегеніміз не? Айтып бер.



4-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Мәтін бойынша дәптерге қос жазба күнделігін толтырыңдар.

Шәкәрім Құдайбердиев

Таза дене, толық мінез ой істерін керек қылады, соның қатты бір керегі – ұждан. Оны адам осы өмірі үшін ғана керек қылмайды, соңғы өмір үшін ғана керек қылмайды, мәңгі өмір үшін де керек қылады. Атым қалсын, мені жақсы көрсін, пәленше сондай таза деген үшін емес. Ұжданның жан тілегі екеніне нанған адам өмірде істеген қиянатына қатты өкініп, күйіп, істеген жақсылығына қуанып өлсе керек. Олар нанбай, ұжданды құр ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деп ұғатын кісіге жақсылық пен қиянаттың көп айырмасы болмаса керек. Оған бүгінгі өмірдің айла-әдісін тапса болғаны. Ұждан – өмірге бірдей керек таяныш. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды.

Мәтіндегі маған ұнаған тұстары	Ол тұстары маған неліктен ұнады?

5-тапсырма


Бауыржан Момышұлының ар туралы пікірін оқып, кластер жасау арқылы өз ойыңды білдір.

Бауыржан Момышұлы

Ар – жақсылық пен зұлымдықты, шындық пен жалғандықты, әділдік пен әділетсіздікті және басқаларды анықтайтын адамгершілік ұғымы. Бұл адамның қызметін оның ақиқат, шындық пен

әділдік жөніндегі ұғым-түсінігіне байланысты реттейтін парыздың қаншалықты орындалған немесе орындалмағанын (осыдан келіп бірде сергектік, бірде жасушылық) анықтайтын, нені істеп, неден бас тартуға тура келетінін көрсететін, көңіл күйдің жайбарақаттығын білдіретін сезім.

Қысқасын айтқанда ар – парыздың бақылаушысы, адам қызметін реттеп отырушы.



6-тапсырма

Ар-ұжданға сай келетін істерді атап айтыңдар.



Ар-ұждан – ең қасиетті ұғым. Ол әділдіктің, адалдықтың, шынайылықтың бірден-бір өлшемі. Ар – адамның өзіндік әділеті.

Ар-ұждан адамға риясыз жақсылық жасауға және басқаларға жәрдем беруге көмектеседі.

Ар-ұждан дауысын есту арқылы адам өзінің ойын, сөзін, іс-әрекетін ізгілікке толтырады. Адамның ар-ұжданы биік болған сайын, оның басқаларға деген жауапкершілігі, мейірімділігі, қамқорлығы арта түседі.



Біз өмірдің гүліміз

*Өлеңін жазған Әнуарбек Дүйсенбиев
Әнін жазған Бекен Ғизатов*

Зеңгір көктен
Нұрын төккен,
Ортақ біздің күніміз.
Жайнап өскен,
Жайдары өскен
Біз – өмірдің гүліміз.

Бал достыққа,
Жолдастыққа
Шақырады әніміз.
Тыныштықта,
Нұр құшақта
Бақыттымыз бәріміз.

МЕН АЗАМАТПЫН



Парыздан биік шың жоқ.

Бауыржан Момышұлы

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Алтын бала

Сағындық Тұрдалиев

Күләш апай ас дайындап жүр. Тамақтың қамырын жаймақ боп дайындаған суының тұзын көрді де, қабағын шытты.

– Қап ұмытып кетіппін-ау!... Зәукен, тез Нағима апаңның үйінен тұз әкеле қойшы!..

Зәукен «жарайды» деп, тұра жөнелді. Күләш апай қамырын илей алмай тосып отыр. Зәукен келмеді. Әрі күтті, бері күтті. Ақыры шыдамы таусылды.

– Әлгі жүгермек қайда жоғалып кетті? – деп далаға шығып еді, масаттанып келе жатқан ұлына ұшырасты.

– Тұз қайда?!

– Апатай, ұмытып кетіппін... – деді де қайта жүгірді. Екеуінің сөзін естіген Бейсен ақсақал дәуірлеп қоя берді:

– Зәукенге кейіме келін! Ол азамат болады. Оны кешіктірген мен едім. Үш-төрт күннен бері радиомыз сөйлемей қалған. Бал-шағаға сендер бүлдірдіңдер» деп кейіп жатыр едім. Зәукен жетіп келді. «Радионың ұстасы қайда» деп сұрадым. Ол: «Мен жөндеймін» деді. «Қой, бұзып аласың» деп сенбеп едім, ол радионы айналдыра қарады да: «Жөндеуге болады, ата. Мен осыны жөндейтін үйірмеге қатысамын» деді.

Радионың қобдиын ашып көрді. Жіңішке қызыл сымды бір бұрандаға қосып бекітіп еді, радиом саңқылдай жөнелді. Ой азамат екен өзі!..

– Зәукендей бала жоқ, алтын бала! Өмірі ұзақ болсын! – деп, Нағима апайда, ақ тілеуін айтып жатыр, – жүгіріп келіп су алып, үйге жеткізіп береді.

Күләш апайдың көңілі судай тасыды. Қуанышы қойнына сыймай, шаруасы есінен шығып кетті.

– Неге келіп ем, осы? – деп сасқалақтады.

– Тұзға! – деді Зәукен қолындағы тұзды шешесіне ұсынып.



- Көрші Зәукенді неліктен «азамат екен» деп айтты?
- Нағыз азаматтың бойында қандай қасиеттер болады?
- Азаматтық парыз дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өзің азаматтық парызыңды қалай орындап жүрсің? Айтып бер.



1-тапсырма

Өзіңді «Азаматпын» деп санайсың ба? Неліктен? Айтып бер.

2-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. «Нағыз азамат» тақырыбында фотоколлаж құрастырыңдар.

Қайрат Жұмағалиев

Адам болдым мен енді!

Үш «бес» алдым!

Шаттандым!

Келді дереу мақтанғым!

Үйге қарай дедектеп,
Жортып келе жатқанмын!

Кенет тоқтай қалғаным!
Жерден көзді алмадым!
Жол үстінде нан жатыр!
Лезде барып алғаным!

Кім бұл нанды қорлаған?!
Барып тұрған оңбаған!
Берер едім сазайын,
Жолықса ғой ол маған!» –

Деп кіжіндім ішімнен,
Шықпаса да тісімнен.
Көкем қарсы жолығып:
«Нан қадірін түсінген
Азаматсың – сен! – деді.
Адам болып қалыпсың,
Бақыттымын мен!» – деді.

3-тапсырма

Мәтінді оқыңдар және сахналап көрсетіңдер.

Бір әжей

Ахмет сабаққа бара жатқан еді. Бір уақытта ол өзінің көршісі Нұрланды көріп қалды. Нұрлан бір әжеймен сөйлесіп тұр екен. Ахмет Нұрланға жақындап:

- Нұрлан, бұл сенің әжең бе? – деді Ахмет.
- Жоқ. Бұл әжей жолдан өтейін деп келе жатыр екен, сөйтсем оның сөмкесі ауыр, өзі баяу қимылдайды, мен әжейді жолдан өткізіп тастайын деген едім – деп жауап берді Нұрлан.

– Онда мен де саған көмектесейін, сен әжейдің қолынан ұста, мен сөмкесін көтерейін, жарай ма?

Ахмет пен Нұрлан бірі әженің қолынан ұстаса, екіншісі сөмкесін көтеріп, жолдан өткізіп тастады. Бұл іс-әрекеттеріне риза болған әжей Ахмет пен Нұрланға алғысын айтып:

– Міне, нағыз азамат екенсіңдер, өркендерің өссін қарақтарым! – деді.

Балалар:

– Сау болыңыз, әжей, – деп күлімдеп, мектептеріне қарай кетіп барады.



Азаматтық парыз – адамның өзге адамдар мен қоғам алдындағы жауапкершілігі, міндеті, борышы.

Азамат болу – өз жауапкершілігін сезіну, елінің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосу. Азаматтық парыз отбасы мен Отанын риясыз сүйу. Әрбір азамат туған жері, өскен елі, Отанына риясыз қызмет етуі тиіс. Азаматтық парызды өтеу – асқан бақыт.



Азамат

Айса Хамзеұлы



Балық аулауға бармақ болып келіскен Болат пен Серік бүгін ерте оянды. Ауылдың сыртындағы қамысты өзеннің иіріміне келді. Шөбі белуардан келеді. Совхоздың егіс алқабы өзенді жиектеп өтетін. Жиектің ашық жерін тауып алып, балық аулауға дайындала бастады. Болат маңайға көз салып тұрған.

– Ананы қара! – деп, шошына дауыстады. Серік жалт қарады. Дәл қастарында үйіліп жатқан бидайды көріп, аңырап тұрып қалды. Жан-жақтарына қарап еді, қыбырлаған ешкім көрінбейді.

– Жүр, ауылға тез жетіп, бастықтардың біріне хабарлайық, – деді Болат.

– Түнде аңдысақ қайтеді? Машинаның нөмерін білсек болғаны. Мүмкін ұрыларды да танырмыз. Совхоздың адамдары болып қалар, – деді Серік.

– Екеуі қараңғылық түскенде келіп, талдың арасына жасырынды. Ұрыларды аңдып отырды. Ұзақ күткендіктен шыдамдары тауысылып, мазасыздана бастады. Қолдарын бір сілтеп, кетуге ыңғайлана бергенде, жарық көрініп, мотор үні естілді. Екеуі бұғып жатып қалды. Машинаның жарығы үстерін жалап өтіп, бидай үйілген жерге келіп тоқтады. Машинаның нөмеріне көзі түскенде, Серіктің өңі бұзылып, не істерін білмей қалды. Көкесінің машинасы – АКТ – 23-96. Дабырласып сөйлескендердің ішінен әкесінің даусын анық естіді.



– Жүр, Болат, кетейік. Мынау – көкемнің машинасы, – деп, үрейлене сыбырлады.

– Көкең ұры болғаны ма? – Болаттың сөзі өңменіне пышақ сұғып алғандай болды.

– Ешкімге айтпа, жарай ма? – деген сөзді даусы дірілдеп, әрең айтты.

– Жарайды! – деген Болаттың сөзінен мүсіркегендік, аяушылық сезіліп тұрды. Ызаға булығып қорланған Серік ауылға қарай жүгіре жөнелді.

Баласының өңін көріп таңырқаған анасына еш жауап берместен, өз бөлмесіне кіріп, шешініп жатып қалды.

Таңертең шай үстінде анасы:

– Неге жүдеп отырсың? Бір жерің ауырып жүрген жоқ па? – деп еді:

– Көкем ұры. Түнде бидай ұрлады. Біз көрдік, - деді де құйған шайын сырғыта салып, үйден шыға жөнелді.

Анасының:

– Тоқта, қайда барасың? Саған не болған? – дегеніне қараған жоқ.

Ертеңінде таңертең:

– Ақылды менің құлыным! – деген дауыстан оянып кетті. Көкесі басынан сипап, маңдайын иіскеп жатыр екен. Көкесінің іс-әрекеті, ақыл-кеңесі, ақжарқын күлкісі бәрі де алдамшы, жасанды болып көрінді.

– Ой, айналып кетейін, мені ұры деймісің? Көкеңнің совхоз мүлкін ұрлағанын қашан көріп едің?

Жастықтан басын жұлып алып:

– Өзен жиегіндегі бидайды ұрлаған кім? Оны түнде қайда апардың? Мені білмеді деймісің? – деп Серік жасаураған отты көзімен тесіле қарады. Көкесінің басын сипай берген қолын итеріп жіберіп, сырт айналып, солқылдап жылап жіберді.

– Балам-ау, түсінсейші! Сол күні біздің бөлімшедегілер көз байланғанша орды. Машинамен қырманға

бидай тасып таптау үшін бункердегі толған бидайды жерге төгуге мәжбүр болған. Келесі күні күндіз тасуға қолымыз тимеген соң, түнде комбайндар тоқтағаннан кейін барғанбыз, – деп көкесі түсіндіріп жатқанда:

– Әлкең қайда? – деген дауыс шықты.

– Мен мұндамын. – Бұл көкесімен бірге істеп жүрген, машина айдайтын Жұман еді.

– Тез, жүрейік, комбайндар астықты тағы да жерге төгіп кетер.

Серік есік алдына шықса, машиналарына от алдырып жүргелі жатыр екен. Көкесі кабинадан басын шығарып:

– Өскенде нағыз азамат боласың, балам! – деп сүйсіне қарап, жүріп кетті.



- Серіктің азамат бола бастағанын неден байқауға болады?
- Нағыз азамат болу қандай іс-әрекеттерден бастау алады деп ойлайсыңдар? Неліктен?
- «Азаматтық парызды дұрыс орындау» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Азаматтық парызын дұрыс орындап жүрген қандай адамдарды білесің? Айтып бер.
- Өзіңді азаматпын деп санайсың ба? Неліктен? Айтып бер.



4-тапсырма

Бауыржан Момышұлының «Парыз» ұғымына берген түсініктерін оқып, талдаңдар.

Парыз алға қойған міндеттен туады, яғни, міндет адамға парызды жүктейді.

Парызды түсіну ар-ұят деп айтылады. Ар – парыздың бақылаушысы, адам қызметін реттеп отырушы.

Әлемде парыздан артық қуатты қозғаушы күш жоқ әрі болмайды да.

Парыздан биік шың жоқ.

5-тапсырма

«Азамат болу – арманым» тақырыбында эссе жазыңдар.

6-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Рөлдерге бөлініп, сахналап көрсетіңдер.

Әдібай Табылды

Борыш пен парыз

Қатысушылар: Асан – атасы, Дарқан – немересі.

Ортаңғы бөлмеде Асан ата немересімен әңгімелесіп отыр.

Асан ата. Ия, Дарқаным, бүгін атаңа қандай сауалың бар?

Дарқан. Ата, Әділ ағай келесі сабақта «Борыш», «Парыз» деген сөздердің мағынасын талдаймыз деп еді. «Борыш» деген не?

Асан ата. «Борыш» деген сөздің мағынасы зор, балам. Ата-анаң сені тәрбиелеп, өсіреді. Сен өскенде ата-анаңды асырап, оларға қызмет етуге міндеттісің. Ол міндетті халқымыз «Борыш» деп атайды.

Дарқан. Кешіріңіз. «Борыш» деген кәдімгі өзіміз ішіп жүрген нәрсе екен деп ойлап едім.

Асан ата. (күліп). Әрбір сөздің мағынасын түсініп ал, балам.

Дарқан. Ал, «Парыз» деген не, ата?

Асан ата. Әрбір саналы адам өсе келе ата-анасына, еліне, Отанына, қолынан келсе, бүкіл адамзатқа жақсылық жасап, адамдық міндеттерін орындауға тиіс. Бұл «Парыз» деп аталады. Туған елге қызмет ету – перзенттік парыз болады.

Дарқан. Ата, борыш, парыз деген сөздердің мағынасын енді түсіндім.

Асан ата. Әрбір сөздің мәнін терең түсінгенің жақсы, балам.

Дарқан. Ата, амандық болса, көресіз, мен өскенде ата-ана алдында борышымды, ел алдында парышымды өтеймін.

Асан ата. Ниетіңнен айналайын! Ол үшін осы бастан білімді, еңбекқор, өнерпаз болуға құштарлан, балам.

Дарқан. Әрине, ол жағынан аздап әрекет бар ғой, ата!

Асан ата. *(мейірлене сүйіп).* Шүкір, амандық болса, атаң ол қызығыңды да көреді!



Отан сүйер ұлан бол!

Мен немере сүйіп отырған адаммын. Балаларды өте жақсы көремін. Сол балалардың, бүлдіршін балдырғандардың бақытты болашағы үшін сұрапыл соғыста ер азабын мейлінше көрген адаммын.

Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,
Арым бар, намысым бар жан тербеткен.

Қазақтың қарапайым бір ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен.

Балаларыма, немере, шөберелеріме айтар
жалғыз тілегім: Елді сүйер ұлан болыңдар! Өз
халқыңа лайықты азамат болып өсіңдер!

Б. Момышұлы



Байқоңыр

*Өлеңін жазған Әбжан Омарқұлұлы
Әнін жазған Мэлс Керейбаев*

Байқоңыр, Байқоңыр,
Бұл – ғарыш алаңы.
Ғажайып сонда өмір,
Паш еткен даламды.

Қайырмасы:

Ұшамыз алысқа,
Шолпанға, Марсқа.
Құс жолы құпия,
Жетеміз ғарышқа!

Боламын ғарышкер
Тоқтар мен Талғаттай.
Көк жүзі күлімдеп,
Ер ұлын тапқандай.

Қайырмасы:

Ұшамыз алысқа,
Шолпанға, Марсқа.
Құс жолы құпия,
Жетеміз ғарышқа!

ТЕСТІЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

Мектепте мұғалім саған көрме жасауға көмектесуіңді өтініп, қолдан бұйым жасауды тапсырды. Сен балалармен бірге ойын ойнап, тапсырма есіңнен шығып кетті.

Сенің әрекетің қандай?

- а) Мен мұғалімнен кешірім сұраймын.*
- ә) Мен тапсырма есімнен шығып кеткенін айтпауға тырысамын.*
- б) Мен тапсырманы мүлдем орындамаймын.*

2-тест

«Математика» пәнінің мұғалімі Жомарт екеуіңнің сабақ үлгерімдерің нашарлап бара жатқанын айтты. Сабаққа ынтаны арттыруды және табандылық танытуды ескертті. Жомарт күнде дайындалып, үздік бағалар ала бастады.

Сенің әрекетің қандай?

- а) Бұған менің ешбір қатысым жоқ деп санаймын.*
- ә) Қолымнан келетін іс екенін білсем де, назар аудармаймын.*
- б) Бар ынтаммен кірісіп, табандылық танытамын.*

3-тест

Анаң саған сабағыңды оқыған соң үйді жинастырып қояды тапсырды. Сен тапсырманы орындауға уәде бердің. Сабағыңды орындаған соң, теледидардан сүйікті мультфильмің басталып кеткенін байқап, қы-

зықтап отыра бердің. Жұмыстан шаршап келген анаң сенің үй жинамағаныңды көріп, ескерту айтты.

Сенің әрекетің қандай?

- а) *Мен бар шындығымды айтып, көшірім сұрап, дереу үй жинауға кірісемін.*
- ә) *Үйді ертең тазалайтынымды айтып, мультфильм көруді жалғастыра беремін.*
- б) *Анамның ескертуіне мүлдем құлақ аспаймын.*

4-тест

Сынып жетекшісі кезекшілік кестесін құрып, оны қабырғаға іліп қойды. Сен басқаларға қарағанда бір кезекшілігің артық екенін байқадың.

Сенің әрекетің қандай?

- а) *Бір кезекшілігім артық болғандықтан, орындамаймын.*
- ә) *Азаматтық парызымды түсініп, кезекшілігімді міндетті түрде орындаймын.*
- б) *Кезекшіліктің артық болғаны зиян еместігін білсем де, кезекшілік кестесін қайта қарастыруды сұраймын.*

«Даналық іздері» жобасы



Дәйексөздер жинағын құрастыру жұмысын жалғастырыңдар. Өздерің де рухани-адамгершілік мазмұнындағы дәйексөздердің авторы бола аласыңдар.

Өздерің құрастырған дәйексөздер жинағын кімдерге сыйға тартуға болатынын ойлаңдар.

Қорытынды мерекеге дайындық жұмыстарын бастаңдар.

IV ТАРАУ

ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ



ТАБИҒАТТЫҢ ЖАНДАНДЫРАТЫН КҮШІ



**Көру мен түсіну қуанышы –
табиғаттың ең тамаша сыйы.**

Альберт Эйнштейн

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Құмды дала қызығы

Бекмырза Баймаханов

Жанаргүлдің анасы – ботаник. Жыл сайын өзі сияқты ботаниктермен бірге өсімдіктерді зерттеуге шығады. Әсіресе, өзен-көлсіз, жауын-шашын сирек болатын шөлді-құмды аймақты көбірек аралайды. Биыл жазда олар Құмтауға барды. Анасы Жанаргүлді ала кетті. Мәшинемен ұзақ жүрді. Бала жолда ұйықтап қалды. Ертеңгісін анасы оятқанда, орнынан зорға тұрды. Шатырдан сыртқа шықты. Күн көкжиектен жаңа көтеріліп келеді. Айнала құм шоқылар. Бірімен-бірі ұласып, көштей тізіліп, сонау көз ұшына дейін көсіліп жатыр. Жанаргүл жүгіріп шоқыға шықты. Таңертеңгі сағымнан құм шоқылар, белес-белес белдер биіктей түсіп, асу бермес асқар таудай көрінеді.

Тамақтан соң, Жанаргүл анасымен бірге бақылау алаңына барды. Белес-белес құм жоталардың үсті жасыл кілемдей жайнап, жайқалып жатыр. Көк шулан қошақанның құйрығындай төңкеріліп бұп-бұйра бұйырқұм мен баялыш, иісі аңқыған жусан, қылқан жапырақты изен мен жүзген, аузыңнан сүт дәмі кетпейтін құмкөсік пен қозықұйрық, айдары желкілдеген құмжуа мен сарымсақ – бәрі-бәрі өседі екен.

Жанаргүлдің анасы солардың ішінен изенді зерттеп жүр. Оның өніп-өсу жолын білмек. Бұл аса қажет. Неге десең, изен жазда жауын-шашын болсын, болмасын жақсы өседі. Көктемде ауылдың қой отарлары көктеуге, жайлауға көшеді. Шөбі аз шөл даланы басып өтеді. Егер изенді өсіру әдісін білсе, сол шөл далаға оны себуге болады. Сонда мал шөптен тапшылық көрмейді.

Жанаргүлдің анасы бақылау алаңына күнде барады. Ұзын діңгекті қолшатырдың көлеңкесінде отырып, көрген-білгендерін жазады. Ал Жанаргүл болса, көбелек қуалайды, құмкөсік қазады. Бірде ол изеннің көлеңкесінен басы жалпақ, құйрығы қысқа, төрт аяғы тарбиған бір мақұлықты көрді. Қолындағы таяғымен түртіп еді. Бұтаны айнала беріп, жоқ болды. Жанаргүл әрі іздеді, бері іздеді, таба алмады. Жүгіріп анасына барып айтты.



– Ол «бат-бат» кесіртке. Сенен қорқып құмға батып, тығылып қалған ғой. Жүр, барып, көрейік, – деді.

Келсе, кесіртке әлгі бұтаның түбінде жатыр екен. Ауық-ауық аузын ашады. Көмейінен қып-қызыл жалын шыққандай болады. Сөйтсе, бұл оның өзі қорек ететін шыбын-шіркейлерді алдап-арбауға арналған айласы екен.

Бір күні құмкөсік қазып жүріп, Жанаргүл өзінің жұдырығындай тасбақа тауып алды. Ол да құм астында жатыр. Тірі. Қазып алып, қызған құмның үстіне қоя беріп еді, көлеңке қуып, тарбаңдай жөнелді. Жанаргүл жанына барып еді, мойнын ішіне тартып, тыпыр етпей жата қалды. Сөйтсе, сыртында сауыты бар тасбақа да шыжыған шілдеде, апшыны қуырған аптапта ыстықтан қашып, қалың құмға көміліп, бас сауғалайды екен. Тасбақаның шөлге көмбістігі содан болса керек.

Жанаргүл тапқан олжасы – құртақандай тасбақаны алып келіп, өзінің балалар бақшасындағы жан-жануарлар бұрышына тапсырды. Бөбектер тасбақаны көріп, мәз болысты.



- Жанаргүлдің анасы қандай зерттеу жұмысымен айналысты?
- Жанаргүл табиғатты қалай қызықтады?
- Жанаргүл кесіртке туралы не білді?
- Тасбақаның қандай ерекшелігі Жанаргүлді таң қалдырды?
- Жанаргүл достарын табиғат сыйымен қалай қуантты?
- Өзің табиғатқа зерттеу жүргізіп көрдің бе? Айтып бер.



1-тапсырма

Жаз мезгілі қызыққа толы. Әсіресе, көздің жауын алатын гүлдер мен алуан түсті көбелектер көңілге қуаныш сыйлайды. Оларды әсемдігі бірінен бірі өткен нағыз өнер туындысы дерсің. Жаздың жайдары күндерінде гүлдер мен көбелектерге зер салып, қызықтап көріңдер.

Табиғаттың осы таңғажайып көріністерін бақылап, өз әсерлеріңмен бөлісіңдер.

2-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Кестені толтырыңдар.

Айлар сыры

Қаңтар –

қыраулы қыс – суықтан қорықпа!

Ақпан –

қақаған аяз – суыққа шынық!

Наурыз –

мұз еріді – құлақшыныңды шеш!

Сәуір –

жауын жауды – қолшатыр ұста!

Мамыр –

жер көгерді – көкке шық!

Маусым –

гүл қаулады – гүлдесте жаса!

Шілде –

жидек пісті – тоғайға бар!

Тамыз –

жер ысыды – жалаң аяқ жүр!

Қыркүйек –

жеміс пісті – баққа бар!

Қазан –

салқын түсті – суға түспе!

Қараша –

күн суыды – жылы киін!

Желтоқсан –

қар қылаулады – қыс келді!

Табиғаттың адамға сыйы	Адамның табиғатқа жақсылығы

3-тапсырма

«Табиғат» сөзіне ребус құрастырыңдар.



Табиғаттың өзінде ерекше бір сүйсінерлік, жанға жайлы бір нәрсе бар.

Ұшы-қиыры жоқ теңіздей шексіз даланы неше алуан шөп басып, үлбіреген нәп-нәзік гүлдер бейне жасыл дастарқандай боп жайылады.

Дала тұрғынын басқаша көрініс, басқаша табиғат қоршайды. Жайқалған өзен, кең айдыны тұнық та жарқын. Үйрек, қаз, аққулар су бетінде әсем қалықтап жүзеді, қиқулап үн қосады. Бәрі де орынды, жарасымды.

Шоқан Уәлиханов



Тоғай ішінде



Константин Ушинский

Аударған Ілияс Есенберлин

Екі бала – ағасы мен қарындасы мектепке бара жатты. Олар тамаша көлеңкесі мол кішкентай тоғайдан

өтуге тиісті еді. Тоғай іші салқын әрі көңілді болса, ал жол үсті қапырық әрі шаңды еді.

– Сен қалай ойлайсың, мектепке баруға біз әлі үлгереміз ғой. Мектеп қазір ыстық та көңілсіз, ал тоғай сондай ғажап екен! Тыңдашы, тоғайда құстар қалай сайрайды! Ал қаншама ақтиін бұтақтан-бұтаққа секіріп жүр десеңші! Біз қазір тоғайға соқсақ қайтеді? – деді ағасы.

Ағасының ұсынысы қарындасына ұнады. Екеуі әліппелерін шөпке тастай салып, бірімен-бірі қол ұстасып, жасыл талдар мен бұйра аққайыңдардың арасына кіріп жоқ болып кетті.

Тоғайдың іші шынында, қызық думан, көңілді еді. Құстар дамылсыз ұшып-қонып, ән салып, тоғайды бастарына көтеруде: ақтиіндер бұтақтан-бұтаққа секіріп, шыбын-шіркей шөп арасында ызыңдап қаптап жүр.

Балалар ең алдымен, алтындай жарқыраған кішкентай қоңызды көрді.

– Бізбен ойнасаң қайтеді? – деді балалар кішкентай қоңызға.

– Қуана-қуана ойнар едім, қазір уақытым жоқ, бүгін жейтін тамақ іздеп тауып алуым керек, – деді кішкентай қоңыз.

– Бізбен ойнашы, – деді балалар сары араға.

– Сендермен ойнайтын уақытым жоқ, бал жинауым керек, – деді ара.

– Ал сен де ойнамайсың ба бізбен? – деді балалар құмырсқаға.

Құмырсқаның бұларды тыңдауға да мұршасы жоқ еді: ол өзінің ғажайып илеуіне өзінен үш есе үлкен сабанды сүйреп бара жатыр еді.

Балалар: «Бізбен ойнашы», – деп, ақтиінге де өтініш етіп көрді. Ол өзінің үлпілдек құйрығын бұлғаң еткізіп,

қысқы азығына жаңғақ жинауға тиісті екенін айтып, жауап берді.

Көгершін:

– Өзімнің кішкентай балапандарыма ұя саламын, – деді.

– Сұрғылт көжек бетін жууға өзенге асығып жүгіріп кетіп қалды.

Бүлдіргеннің ақ гүлдерінің де балалармен ойнауға уақыты болмады. Ол жайма-шуақ күн райын пайдаланып, өзінің шырыны тәтті жемісін мезгілінде дайындауға асығуда еді.

Ешкімнің мойын бұруға мұршасы жоқ, ешкім ойнамаған соң, балалар көңілсізденді. Олар жүгіріп өзенге келді. Өзен тастан-тасқа секіріп сылдыр қағып, кішкене тоғайды қуалай ағып жатыр екен.

– Дәу де болса, сенің қолың бос-ақ шығар? Бізбен ойнашы, – деді балалар өзенге.

– Менің қолым бос па? – деді өзен ашулана сылдырап. – Көрмейсіңдер ме, жалқау балалар, мен күні-түні жұмыс істеймін, бір минут маған тыным жоқ. Мен адам мен хайуандардың шөлін қандырмаймын ба?

– Мен болмасам, кірді кім жуады, диірмендердің доңғалақтарын кім айналдырады, қайықты кім жүргізіп, өртті кім сөндіреді? Жұмыс деген бастан асып жатыр, - деп ол сөзін түйіндеді де, тастан-тасқа секіріп, сылдырлап ағып кете барды.

Балалардың тіпті іші пысып кетті, ең алдымен мектепке барып, соңынан тоғайға келгенде дұрыс болады екен, деген ойға қалысты. Дәл осы кезде ұл бала жасыл бұтақтың үстінде отырған нәп-нәзік, әдемі қызыл тамақ шымшықты көрді. Ол тіпті қаннен-қаперсіз отырған секілді және еріккендіктен болса керек, өте шат-шадыман әнге басып отыр.

– Әй, әнші! – деп айқайлады бала қызыл тамақ шымшыққа, – сен нағыз қолы бостың өзісің ғой, біздермен ойнасайшы.

– Нағыз қолы бостың өзі? – деп шиқ етті қызыл тамақ шымшық тым өкпелі үнмен. – Балапандарымды тамақтандыру үшін ұзақ күнге шіркей аулаған жоқпын ба? Тіпті тұралап қалғаным соншалық, міне, қанаттарымды қаға алатын емеспін, қазірдің өзінде де әнімменен балапандарымды әлдилеп отырмын. Ал өздерің бүгін не істедіңдер, кішкентай жалқаулар?

– Мектепке бармадыңдар, еш нәрсе үйренген жоқсыңдар, тоғайда сенделіп жүрсіңдер, ол аз болғандай, шаруа істеп жатқандарға кесірлеріңді тигізесіңдер. Оданда пайдалы біріспен айналысыңдар, кімде-кім еңбек етсе, тек сондай адамға ғана демалу, ойнау жарасымды екенін ұмытпаңдар!

Балалар ұялып қалды: олар мектепке барды, кешігіп келгендеріне қарамай, сабақтарын ынтамен оқыды.



- Балалар тоғайға не үшін бармақшы болды?
- Тоғайдың кішкентай тұрғындары ойнауға неліктен қарсылық білдірді?
- Олардың әрекетін қалай бағалар едіңдер? Неліктен?
- Табиғаттан нені үйренуге болады?
- Оқушының басты міндеті не деп ойлайсыңдар?
- Өзің күнделікті немен айналысасың? Айтып бер.



4-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Өзің жыл мезгілдеріне қандай тілек айтар едің?

Қысқы тілек

Көлдерде сең ықса екен,
Көктем ерте шықса екен.
Ұя жасап құстарға,
Қамқорлыққа алар ек.
Көлдерде сең ықса екен,
Көктем ерте шықса екен.

Көктемгі тілек

Көлге кеме жүздіріп,
Қызығына батар ек.
Күнге дене қыздырып,
Жағажайда жатар ек.
Көктем орнын берсе екен,
Кешікпей жаз келсе екен.

Жазғы тілек

Болғанменен әлі алыс,
Кетпейді оқу ойымнан.
Мезі қылды демалыс,
Шықтым мүлде ойыннан.
Жеміс пісіп толса екен,
Күз тезірек болса екен.

Күзгі тілек

Қуысып, қар лақтырып,
Жалықпастан ойнар ек.
Осылай бір шат күліп,
Жаңа жылды тойлар ек.
Қыс келіп, күз ауса екен,
Құс кетіп қар жауса екен.

5-тапсырма

Аңызды оқыңдар. Ондағы іс-әрекеттерге баға беріп, кестені толтырыңдар.

Бурабай туралы аңыз

Көкшетау таулары үстіндегі аспан көкпеңбек нұрлы, ауасы тұнық мөлдір болғандықтан да «Көкше тау» деп аталады. Осы таулардың арасында ертеректе бір бай әрі би қоныстанған екен. Ол бай бимен бірге бір еркін де тәккаппар ақбас бура мекен еткен. Ол бураның әсем түрі, биік тұрпаты, қалың жүнінің ақтығы көрген адамды қызықтырмай қоймайды. Талайлардың қолына түсіп үлгеріп те шыққан Бура, сытылып қашып құтылып кете беретін болған. Бура жалғыз жүріп, жалғыз тұрып, ешкімге басын имей үйреніп кетеді.

Ол суды тек тазалығы мен мөлдірлігі үшін Күміскөл атап кеткен бір ғана көлден ішеді. Күн сайын тал түсте су ішуге келетін соқпағы да біреу болатын.

Бура қасиетті еді. Жау қосындарының жақындағанын күні бұрын сезіп, боздаған дауысымен халыққа төнген қауіп жайлы хабар беретін. Бура ханның ауру-сырқатын ерте біліп, ерекше тынышсызданып, күңірене боздап, беймаза болатын. Үрейлі күндердің алдында ақ бура толассыз, тоқтаусыз ақыратын. Ақырғанын естігенде төңіректегі адамдар мен далалардың халқы асығыс жиналып, жау шапқыншылығын қайтару үшін жасақтар құрып, бірігетін. Ақ бураға табынып, пәле-жаладан қорғау үшін жіберген қасиетті жануар деп санап жүрді.

Жылдар өтіп, адамдар арасынан, басбұзарлар пайда болып, жануарлар мен жабайы аңдар-құстарды қырып жойды. Адамдарға таяп жақындап келгенде бура ақырып хабар жеткізетін. Қарақшылардың жолдары болмай, бурадан құтылмақшы болады.

Күндердің күнінде қалың орманда келе жатып, аңшылардың қолына түседі. Қарақшылар бураны жаралайды. Бура боздап, өзі туып өскен, көлдің жағасына келіп, жан тәсілім етеді. Ақ бура сол қалпында қос өркешті ақ тауға айналады. Таудың биіктігі сонша қос өркешті шөккен бура айдаладан көрініп тұрады. Ақ бура мекен еткен жердегі күміс көл Бурабай аталып кетеді.

Маған ұнаған іс-әрекеттер	Маған ұнамаған іс-әрекеттер	Менің ұсынысым

6-тапсырма

Берілген тақырыптар бойынша сахналық көрініс көрсетіңдер.

1. «Табиғат – мен үшін қуаныш».
2. «Табиғат – мен үшін денсаулық».
3. «Табиғат – мен үшін шығармашылық».



Адам табиғатсыз тіршілік ете алмайды. Табиғат адамды қайырымды, бір мақсатқа ұмтылған, сұлу жанды етіп тәрбиелейді. Ол денсаулық, шабыт, және шығармашылықтың қайнар көзі.

П.И.Мариковский



Көктем өрнегі

*Өлеңін жазған Ермек Өтетілеуов
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Біздің ауыл тап-таза бұлағы да,
Ән салады майысып құрағы да.
Жаз жайлауға барамын демалыста
Асау тайдың ойнаймын құлағында.

Қайырмасы:

Біздің ауыл алма бақ,
Өрік, жүзім жетеді.
Сағынарым қайда да –
Алатаудың етегі.

Сол ауылға жазда мен ораламын,
Сағынған соң құшағын жан ананың.
Бұлт ішінде жүрдім мен биік өрлеп,
Жас орманын жалықпай араладым.

Қайырмасы.

Біздің ауыл Алатау етегінде,
Құс боп ұшып мен оған жетем күнде.
Менің атам жүреді қойын бағып,
Ақ боз аты келеді жетегінде.

Қайырмасы.

27-28

ЖАНДЫ СУ



Бұлақ көрсең, көзін аш!

Нақыл сөз

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Көзата бұлағы

(Аңыз әңгіме)

Бағзы замандардың бірінде Қазығұрт тауын әрі әулие, әрі емші адам мекендепті. Ол емші болғанда көз ауруын ғана жазады екен. Сондықтан зағип болғандардың барлығы осы емшінің дақпыртын естіп, дертінен айығу үшін арнайы іздеп келіп, емделіп



жүріпті. Бір ғажабы шын ниетімен емделуге келген сырқаттардың барлығы айығып кететін көрінеді. Жанары ашылып, жарық дүниенің келбетін көрген пенделер емшіге шексіз алғыстарын жаудырыпты.

Өмір бар жерде, өлім бар демекші, күндердің күнінде дәм-тұзы таусылған емші көз жұмады. Жақсылығы жалпақ дүниеге жайылған әулиені дүйім жұрт жиналып, Қазығұрттың баурайына жерлепті.

Арада қырық күн өткенде әулие мазарының дәл жанынан жерді жарып бұлақ ағып шығады. Бір ғажабы, осы бұлақтың суынан ішіп, беті-қолын жуған адам көз ауруынан құлан таза айығатын болыпты.

Сөйтіп халық бұл бастауды «Көзатаның бұлағы» деп атапты.



- Қазығұрт тауының етегінде қандай адам өмір сүрген?
- Оған неліктен адамдар ағылып келетін болған?
- Әулие мазарының жанында қандай ғажап оқиға болды?
- Бастауды неліктен шипалы дейді?
- Өзің «Бұлақтай таза болу» дегенді қалай түсінесің? Айтып бер.



1-тапсырма

Судың қандай қасиеті болатынын өздерің тәжірибе жасап, біліп алыңдар.

№1 Тәжірибе

Суды бір стақаннан екінші стақанға құйыңдар.

Не байқадыңдар?

Судың қандай қасиетін байқадыңдар?

Түйін: Су ағады, ол сұйық.

№2 Тәжірибе

Балалар судың дәмін көріңдер.

(Балалар өздерінің күнделікті су ішетін стақандарын қолданады)

Дәмі қандай?

Түйін: Судың дәмі жоқ.

№3 Тәжірибе

Суы бар стақанды алыңдар.

Оған қасық салыңдар.

Қасық көріне ме?

Түйін: Су мәлдір.

№4 Тәжірибе

Стақандағы суға түрлі-түсті таяқшаны салыңдар.

Судың түсі қандай?

Түйін: Су түссіз.

№5 Тәжірибе

Мынау белгісіз сұйық. Мұның иісі жағымсыз болуы мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, оның иісін білуіміз керек.

Ол үшін сұйық тұрған ыдысты алысырақ қоямыз. Қолымызбен толқын тәрізді қимыл жасап, ыдыстағы суды өзімізге шақырамыз.

Мұрнымыз не сезді?

Судың иісі бар ма?

Түйін: Судың иісі жоқ.

2-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Судың пайдасы туралы кластер құрастырыңдар.

Су – өмірдің өзегі

Тәнім сумен құрамдас,
Судың ғажап киесі.
Сусыз өмір сүре алмас
Бүкіл тірлік иесі.

Өсімдігің жәндігің,
Бақша мен бау, шалғының –
Сусындатып барлығын,
Су шешеді тағдырын.

Су – балықтың ғұмыры,
Суда оның қорегі.
Су – тіршілік тұғыры,
Су – өмірдің өзегі.

Сәні болып құрылықтың,
Жерді гүлге бөледі.
Су болмаса тірліктің
Кензесі кебеді.

3-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Кестені толтырыңдар.

Судың есте сақтау қабілеті

Судың есте сақтау қабілеті бар. Жапония зерттеушісі Эмото Масару су құрамының өзгеретіндігін зерттеген. Екі бірдей ыдысқа су құйып, біреуіне жақсы, жағымды сөз, екіншісіне жаман, жағымсыз сөз жазылған қағаз

жапсырған. Сулардан түзілген кристалдарға қарағанда, жағымды сөз жазылған су кристалының өте әдемі, ал жағымсыз сөз жазылған судағы кристалдардың пішіні бүлінгендігі анықталған.

Суды ішкен кезде адамның ойы, көңіл күйі жақсы болса, судың құрамы да жақсы болып өзгереді. Ал адамның ойы, көңіл күйі жаман болса, судың құрамы жаман болып өзгереді де, адамға жағымсыз әсер етеді.

Сол себепті адамның ойы түзу, сөзі дұрыс, ісі де ойы мен сөзіне сәйкес болуы тиіс.

Суды үнемдеу, қорғау, сақтау – әрбір адамның парызы.

Жақсы сөз айтқанда



Жаман сөз айтқанда



«V» Мен білемін	«+» Мен үшін жаңа	«-» Мен басқаша ойлаймын	«!» Мені таңғалдырды



Су – табиғаттың сыйы. Су – байлық. Су – тіршілік көзі. Су адам өміріне өте қажет. Су – таза, иіссіз, мөлдір. Су табиғатта қатты, сұйық, газ күйінде кездеседі.

Судың емдік қасиеті бар. Табиғатта шипалы сулар көп кездеседі. «Судың да сұрауы бар», «Судай таза бол», «Сумен бекер ойнама», «Суды босқа төкпе» деп бекер айтылмаған.

Адам баласының судан үйренері көп. Су көздерін таза ұстап, оның қадірін біліп, қорғау қажет. Суды үнемдеп, сақтау керек.



Тұзкөл (Аңыз әңгіме)

Нарынқол аймағының көркем табиғатының бір әдемі суреті – «Тұзкөл» көлі. Ол бұрын суында балық ойнап, аққу жүзіп, сулы көл болған деседі. Елдер суына шомылып, таудың етегінде үй тігіп, демалып жатады екен. Суы ащылау болса керек. Бірде шөліркеген бір кісі сол көлдің суынан ішіп тұрып: «Тұу, суы тұздай, әрі мұздай ғой» депті. Өзі бір қасиетті адам болса керек. Сол кісінің шөмішін салып тұрған жері су күйінде қалып, бүкіл көлдің беті тұз, асты батпақ болып кетіпті.

Сол көлдің батпағынан алып, ауырған жерге тартса, тез жазылады. Ал жаңағы кісінің шөміш салған жері – үлкен бастау. Сол бастау суына арнайы келген адамдар тиын тастап, су ішеді. Суы – өте шипалы.



- Тұзкөлдің әдемілігі неде болған еді?
- Су ішкен кісі Тұзкөлге қандай баға беріпті?
- Көлде қандай өзгеріс болды?
- Бастауды неліктен шипалы дейді?
- «Сусыз тіршілік жоқ» дегенді қалай түсінесіңдер?

- Өзің судың тағы қандай қасиеттерін білесің?
Айтып бер.



4-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Судың денсаулыққа пайдасы туралы эссе жазыңдар.

Мұзафар Әлімбаев

Рақат қой салқын су

Мәңгі ерімес мұз-қары
Тау қойнында туғам мен.
Суық қой деп ызғары,
Қорықпаймын судан мен.

Су пайдалы адамға,
Шынығамын күнде мен.
Тоңбайды аяз, боранда
Салқын суға үйренген.

5-тапсырма

Өлеңді оқып, суға ризашылық білдіріп, алғыс хат жазыңдар.

Тұрысбек Еділбаев

Су

Жер де судан тұрады,
Көк те судан тұрады.
Дене судан тұрады,
Теңіз судан тұрады,
Су – тірліктің бұлағы.

6-тапсырма

Су туралы мақал-мәтелдер тауып айтыңдар.



Су – біздің басты байлығымыз. Су адам баласына аса қажетті мол қазына. Адам сусыз тіршілік ете алмайды. Табиғатта судың қолданылмайтын жері жоқ. Сусыз тамақ піспейді, тазалық та болмайды.

Су жолымен адам қатынайды, қайық, кеме жүзеді, жүк тасиды. Судың күшінен электр қуатын да алады.

Бірде-бір өндіріс орны сусыз жұмыс істей алмайды. Бояу езу, мата, тері бояу, қағаз, сабын дайындауға да су қажет. Суды көзіміздің қарашығындай сақтап, игілікке жұмсау керек.



Балбұлақ

Өлеңін жазған Мүбәрак Жаманбалинов

Әнін жазған Нұрлан Дүкенбай

Сылдыр-сылдыр сылдырап,
Мөлдір бұлақ ағады.
Былдыр-былдыр бал құрақ,
Көмкереді жағаны.

Балғын-балғын балалар,
Саялайды құрақта.
Отырады жағада,
Шомылады бұлаққа.



Күнде келіп апам да,
Мөлдіреген су алып.
Тұнығынан шопан да,
Тұрады қой суарып.

Түрлі-түрлі, не түрлі,
Бар-ау қызық мінезі.
Еліктейтін секілді
Адамға да бұл өзі.

Тайызынан су алса,
Лайлана қалады.
Тереңінен су алса,
Күлім-күлім қағады.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ӘСЕМДІГІ



Туған жерге туың тік.

Нақыл сөз

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Жайдары жаз

Міржақып Дулатов

Жаз болудың алдында күн ұзарып, ақырындап қар да ери бастайды. Жолдардан, жылғалардан су ағып, көлге, өзенге құяды.



Өзенде мұз жарылып, су лайланып, төмен ағып, сең жүре бастайды. Су өзеннің жиегінен асып, жағаларынан қар көшіп, күн жылынып болған соң, шөп шығып, түрлі-түсті гүлдер шешек атады.

Егіншілер соқа-сайманын түзеп жер жыртуға шығады. Тоғай да жапырақтарын жамылып, жаңа келген сайрағыш құстардың үнімен көңілді боп кетеді. Жазда жан-жануарлардың бәрі де тіріледі. Жаздың жетіп күннің жылығанына бәрі де шаттықта. Қыстан қысылып шыққан мал жүнін тастап, бие құлындап, қой қоздап, қара жерді сағынып қалған жануарлар, байласа тұрмай, далаға қашады.

Балалар ойынға шығып, жүгіріп, жыл құстары тегіс келіп, жұмыртқа салған. Көлде қаз, үйректер бықылдап отыр. Анда-санда аппақ болып, ұзын мойнын иіп, сұлу кеудесін керіп, жүзіп жүрген аққуды да көруге болады. Таң ата шырылдаған торғай мен үйдің алдың, кісінің жолын ерсілі-қарсылы кесіп ұшқан қарлығаштарда да дамыл жоқ.

Мал көкке тойынады. Жұрт бие байлайды. Балалар анау байлаған жас құлындарды желіге оралып қалмасын деп күзетіп, бір жағынан тайларын үйретіп жүр.




- Жазда табиғат қалай түрленеді?
- Адамдар күн нұрына, гүлдер мен құстарға неліктен қуанады?
- Жазда балалар немен айналысады?
- Жазғы табиғат адамға несімен қызықты?
- Өзің тұратын жердің жазғы табиғаты қандай? Айтып бер.



1-тапсырма

Өнер туындысын қарап шығындар. Ондағы бейнеленген көріністен алған әсерлеріңді айтып беріңдер.



Әбілхан Қастеев. Бақта. 1958 жыл

2-тапсырма

Туған жер туралы мақал-мәтелдерді оқып, ұнағанын көшіріп жазыңдар. Жаттап алыңдар.

Туған жер туралы мақал-мәтелдер

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Туған жердің жері де көрікті,
Елі де сүйікті.

Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
Туған жердің ауасы да шипа.
Туған жердің жусаны да жұпар.

Туған жердің торғайы да сүйкімді.

Туған жердің жуасы да тәтті.

Аққу көлін аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.

Ел іші алтын бесік.

Өз елім – өлең төсегім.

3-тапсырма

Диалогты жалғастырып айтыңдар.

Немересі:

– Ата, ең әсем нәрсе не?

Атасы:

– Туған жеріңнен әсем ешнәрсе жоқ, ботам!

Немересі:

– Неге?

Атасы:

– Саған алғаш сұлулықты көрсеткен осы туған жер!

Немересі:

– ...

Ең сұлу жер



Ал қазақ жерінің көркіне келетін болсақ, бұ жағы бір керемет. Мұнда әлемге аты шыққан таулы Швейцариямен таласар, жасыл шалғынды, ақ қайыңды, мөлдір сулы Бурабай мен қалың қарағайлары көкпен тілдескен, жұпар аңқыған Альпі шөптері белуардан

келген, жартас шыңдарының қойнауларында
көз жасындай мөлдір өзен-бұлағы бұрқырай
аққан Алатау, Алтай, Баянауыл, Ұлытау
өлкелері жатыр. Мыңдаған көл, жүздеген
өзендерімен, Африкадағы Сахараға бергісіз,
құмды, боранды шөл далалары да жеткілікті
қазақ халқы – ел сұлуының бірі, қазақ жері –
жер сұлуының бірі.

Илияс Есенберлин



Өтебай Тұрманжанов



Туған өлкем

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Түлігі өскен алуан-алуан,
Төс, алқабы малға толған.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!
Ер еңбегі шалқып, тасқан,
Ел еркіндеп бақыт тапқан.

Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!



- Туған жердің сұлулығы адамға қалай әсер етеді?
- Адам неліктен туған жерін аңсап тұрады?
- «Жері байдың елі бай» деп айтудың себебі неде?
- Өзің әсем жерлерді көргенде қандай сезімге бөленесің? Айтып бер.



4-тапсырма

Өздерің тұратын жердің қыс, көктем, жаз, күз мезгілдеріндегі ұнайтын көріністердің суретін салыңдар.

5-тапсырма

«Туған жер – әсемдік аясы» тақырыбында эссе жазыңдар.

6-тапсырма

«Туған жер» тақырыбына «Бес жол өлең» (синквейн) құрастырып жазыңдар.

Бес жолдан тұратын өлеңді жазу ережесі:

1-жолға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).

2-жолға тақырып екі сөзбен сипатталып жазылады (сын есім түрінде).

3-жолға үш сөзбен тақырыпқа қатысты іс-әрекет жазылады (етістік түрінде).

4-жолға төрт сөзден тұратын тақырыпқа қатысты бір сөйлем жазылады.

5-жолға тақырыптың мәнін сипаттайтын бір сөз жазылады.



Әркімге туған жері ыстық. Туған жердің әсем табиғаты жылдың төрт мезгілінде де ғажайып көріністерімен таң қалдырып тұрады.

Көрнекті жазушы Ақселеу Сейдімбек «Дүние дидаһындағы ең сұлуды, ең қымбатты, адам баласына ең жақынды, ең қаталды, ең дананы, қара қылды қақ жарған ең әділді аташы!» десе, «Табиғат!» дер едім», деп әділ баға берген болатын.

Табиғаттан барлығын табуға, барлығын үйренуге болады. Табиғат адам үшін ашық кітап тәрізді. Табиғаттың сұлу да әсем, көрікті келбеті жайылған дастарқан сияқты.

Табиғат адамға қуаныш сыйлайды, шабыт береді.



Менің өлкем

*Өлеңін жазған Нұрсұлтан Әлімқұлов
Әнін жазған Ибраһим Нүсіпбаев*

Көрікті өлкеме қарашы,
Тізілген орман-тау, қаласы.
Алтай мен Атырау арасы –
Қазақтың кең байтақ даласы.

Жерімде әрқашан мереке,
Еңбек пен достықтан басталған.
Дәулеті шалқыған береке,
Кең далам – жазылған дастарқан.

ЖЕР – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ



Мықты болсаң, жердей бол

Халық нақылы

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Бесік

Жақсылық Кенжалиев

Кең бөлмеде үшеу... Сәуле, анасы, сосын бесікте жатқан інісі. Терезеден күн сәулесі құйылып тұр. Өзімен-өзі ойнап отырған Сәуле анасына қарайды. Анасы болса бір қырынан бесікке сүйеніп алып, бұның інісін емізіп отыр. Сол бойда бұл досы Шолпанның анасы айтқан мына бір әңгімені еріксіз есіне түсірді.

– Әрбір қазақ баласы үшін бесік екеу: біріншісі жер, екіншісі тал бесік. Жер бесіктің табиғи өз заңы бар: жылдың төрт маусымы және оның күні, түні болады. Сендер әлі кішкентайсыңдар... Өсе келе оқисыңдар, түсінесіңдер...- дегенде ойнап отырған Шолпан екеуі ауыздарын ашып: «қалай көп біледі, ә..? деп таңданған.

– Сонда бәрімізді жер бесік тербетіп тұра ма?- деген Шолпанның сұраулы жүзіне анасы:

– Әрине, құлыным, Жер-ананы бәріміз қадірлей білуіміз керек, – деген.

Енді міне...

Кенет анасы кейін серпілді де, өңірін қымтады. Сосын асықпай бесікті тербете бастады. Бір кезде Сәуленің көз алдына ойда жоқта бір суреттер елестеді. Өйткені бесіктің бас жағы мен аяқ жағының өзі бірдеңеге өте ұқсас екен. Қараптан-қарап отырып таң қалды. Ия, ия тап солай. Аумайды-ау, аумайды...

Айтпақшы неге ұқсайды?

Ұқсағанда да...

Бейне көршілес отырған екі үй. Сол екі киіз үйді үйді бір-бірімен жалғастырып тұр... Және тағы екеуі де бірдей: тербетіледі дерсің. Демек, Жер-ана бұларды тербетіп барады. Ал анасы бесікте жатқан інісін тербетіп отыр. Олай болса, адам баласы қашанда Жер-ананың әлдиінде екен.

– Бесік неге керек? – деген Сәуле былай шыға анасының шалғайына жабысқан күйі.

– Балам-ау, бесіксіз адам баласының күні бар ма? Небір ғұлама-данышпандардың өзі осы бесікте жатып өсті, енді, ер жетті...

– Сол бесіктің өзі екі киіз үйге ұқсайды екен... – деп, Сәуле де өз болжамын анасына айта бастады.

– Ақылыңнан айналдым, ботам менің. Сондықтан да ғой... Аспанымыз ашық, жер бетінде тыныштық болсын деп бүкіл адамзат баласының тілейтіні... – деп, анасы қызын бауырына қысты, басынан, шашынан иіскеді.



- Жер ғаламшары несімен ерекше?
- «Жер – жайлы мекен» деп неліктен айтады?
- «Жер – жамылғы» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Жер мен адамның қандай байланысы бар?
- Өзің жерді не үшін қадірлейсің?



1-тапсырма

«Жер – ғажап ғаламшар» тақырыбында коллаж құрастырыңдар.

2-тапсырма

Өлеңді оқып, жерге ризашылық білдіріп, алғыс хат жазыңдар.

Ақылбек Шаяхмет

Жер басып жүрміз бәріміз

Жер басып жүрміз бәріміз,
Ол біздің ортақ үйіміз.
Мәңгілік келген сәніміз,
Табиғат берген сыйымыз.

Жер басып жүрміз бәріміз,
Ол біздің ортақ үйіміз.
Әуелеп шықсын әніміз,
Күмбірлеп шықсын күйіміз.

3-тапсырма

Жерді қорғау туралы ереже құрастырып жазыңдар.



Жер—ерекше ғаламшар. Жер—адамдардың өмір сүріп, тіршілік етуіне қолайлы, жайлы мекен. Жер ғаламшары Ғарыштан қарағанда ашық-көгілдір және ақ түстермен ерекшеленеді.

Жер — Күнді айналатын бірден-бір ғаламшар. Күн Жерге қуат береді. Жер барлық жанды-жансыз тіршілік иелеріне нәр береді.



Күн Айды іздеп жүр (Ертегі)

Қаржаубай Омаров



Күн мен Ай үнемі бірге ойнап, бірге жүріпті. Екеуі өсе келе өздерінің жарығы түскен Жерге қызықтап қарайтын болады. Одан мал бағып, егін егіп жүрген

адамдарды, түрлі аң, құстарды көретін. Аспанды күркіретіп, найзағай ойнатып, оларды қорқытып, мәз болысатын.

Содан бір жылдары Жерден Күнге Адам деген елші келіпті. Ол:

– Күн қалқам, сенің нұрың жер бетін тіршілікке бөледі. Өсімдік өсіп-өніп, құрт-құмырсқа қыбырлады. Бірақ біз өне бойы ыстыққа шыдай алатын емеспіз. Соны айта келдім, бір амалын тап, шырағым, – деп кетіп қалыпты. Адамның бұл өтініші Күнге ой салады. Өзінің қарындасы Аймен ақылдасады.

– Адамдарға көмектесу керек... – дейді, Ай мұңайыңқырап.

Дегенмен, Күн мен Ай ақылдасып жүріп, көп уақытты өткізіп алады. Жердің беті жылан тілімен жалағандай қуарып, талай өзен суалады. Адамдар Күннің нұрынан пайда болған апатқа шыдай алмай, таңдайлары кеуіп, еріндері кезеріп, талықсып жатады. Баяғыда Күнге елші болып барып қайтқан адам дүние жүзіндегі үрім-бұтақтарын жинап алып кеңес құрады. «Көп ақылы – көл» деген емес пе, жиынға қатысқандар Күнге былай деп хат жазу керек деген тоқтамға келеді:

«Айналайын Күн, біз өмір сүріп, тіршілік етсін десең: жаңбыр жауып, ағаш көктеп, көк шығатын бір мезгіл жаса, оны біз «Көктем» деп атайық. Жердің беті түсті кілемдей құлпырып, жеміс пісетін бір мезгіл жаса. Оны біз «Жаз» деп атайық. Қоңыр салқын болып, жапырақ түсетін бір мезгіл жаса, оны біз «Күз» деп атайық. Қырау түсіп, қар жауатын бір мезгіл жаса, оны біз «Қыс» деп атайық», – деп жазып, бұл хатты ұшқыр қаламға байлап, Күнге жіберген екен дейді.

Күн осы хатты алысымен Адам айтқан төрт мезгіл – Көктем, Жаз, Күз, Қысты қалай жасаймын деп ойла-

нып, әбден жүдепті. Менің жарығым неге өткір, ыстық болды екен деп өкініпті.

Ай ағасы Күнге көмектеспекші болып жүріп, бір амалын тапты. Бірақ оны Күнге айтпайды. Сонда Айдың ойлап тапқаны мынау еді.

– Күн аға, – дейді Ай еркелеп, – ойнап келейік, қашанғы ойлана береміз, бірауық басты тынықтырып, бой жазайық.

Басы қатып отырған Күн қарындасы Айдың айтқанына көне кетеді.

– Жасырынбақ ойнайық, – депті Ай оның қиқарланбағанына қуанып.

– Ол қандай ойын? – депті Күн таңырқап.

– Міне, былай: сен көзіңді жұмасың, мен алысқа барып жасырынғанша көзіңді ашпайсың. Онға дейін сана да, сосын іздеп, мені тауып ал, – дейді Ай күліп.

– Күн көзін өтірік жұмып: «Бір,екі, үш...» - деп санай бастайды.

– Ай кетіп бара жатып, артына қайырыла қарайды да:



– Иә, сен көріп тұрсың, теріс қарап тұрып сана! – деді.

Күн ұялғанынан қайтадан санай бастады. Ай кемеше жүзіп, көзді ашып-жұмғанша көкжиекке барып жасырынды.

Күн онға дейін санап болды да өзінше іштей ойлап: «Бәрібір кеткен жағыңды білем, қазір-ақ тауып алам!» деп қуып береді. Күн көкжиекке батып кеткенде, өзін таба алмағанына сылқ-сылқ күліп, Ай аспанның төріне шығып алып, қалықтап қыдырып жүреді. Күн мұны шаршап-шалдығып іздеп келе жатқанда Ай тағы да көкжиекке жантаяды. Осылайша әлденеше рет сарыла іздегенімен таба алмайды.

Өзін таба алмасына көзі жеткесін Ай Күнді мазақ қыла бастайды. Күн таңертеңгісін ұясынан оянып, өзін іздеп көкжиектен көтеріліп келе жатқанда Ай дөңгелек бетін өзгертіп, қауынның бір тілігі сияқты болып тұра беретінді шығарды. Күн содан бері Айды іздеп жүр, іздеп жүр.

Күн Айды іздегеннен бері Адамдардың тілегі орындалып, Жерде ауа-райы өзгереді.

Күн Айды бүгін-ертең табам-ау деп үміттеніп жүрген мезгіл – «Көктем» деп аталады.

Күн Айды тезірек көрсем деп қатты сағынған мезгіл – «Жаз» деп аталады.

Күн Айды таба алмай жылап, көңілсіз жүрген кез – «Күз» деп аталады.

Күн таптырмаған Айға ашуланып, қабағынан қар жауып жүрген кез – «Қыс» деп аталыпты.

Адам Күннің Айды іздеу үшін ұйқысынан оянып, аспанға көтерілген көкжиегіне «Шығыс» деп ат қойыпты.

Ал Күннің Айды әбден іздеп, шаршап-шалдығып, демалуға жатқан көкжиегіне «Батыс» деп ат қойылыпты.

Адам Күннің шығыстан көтеріліп, батысқа дейін Айды іздеген уақытты «Күндіз» деп, ал ол ұйықтап, аспанда Ай қалықтап жүрген уақытты «Түн» деп атаған екен.

Күн Айды әлі іздеп жүр. Егер тауып алса, Жердің бетін бұрынғыдай аңызақ ыстық қуартып жіберіп, адамдардың «Көктем, Жаз, Күз, Қыс болсын» деген тілегі орындалмас еді. Ақылды Ай осыны ойлайды да, Күнге әлі таптырмай келеді.

Күн Айды іздей береді.



- Адам Күнге қандай өтініш жасады?
- Жер қандай жағдайға душар болады?
- Күн Айды неліктен таба алмады?
- Жердегі жыл мезгілдері қалай пайда болды?
- Ай неліктен Күнге көрінбей жүр екен?
- Күн мен Айдың Жермен қандай байланысы бар?
- Саған Жер ғаламшары неліктен ұнайды? Айтып бер.



4-тапсырма

Кестені толтырыңдар.

Жердің адамға қамқорлығы	Адамның жерге қамқорлығы

5-тапсырма

Өлеңді оқып, сурет салыңдар.

Мүбәрәк Жаманбалинов

Жомарт дала

Қайда болдың, бал ара?
– Жүрдім бақта, далада.
– Неге жүрдің далада?
– Қонақтадым аралап.

Күлді күллі атырап,
Жайыпты гүл, жапырақ.
Жауқазын дәм татырды.
Райхан да шақырды.

Раушанның, алманың –
Бәрін-бәрін шарладым.
Бәрінен де бал алдым,
Жомартын-ай даланың!

6-тапсырма

«Ғаламшар» сөзіндегі әріптерді пайдаланып, сөздер тауып жазыңдар.



Жер ғаламшарының басқа ғаламшарлардан айырмашылығы бар. Жердің табиғаты жасыл желегімен, көгілдір мұхит, көл, өзендерімен, таулы, далалы, шөлді жерлерімен ерекше. Жер ғаламшарына су көп жиналған. Жер бізге тағам, баспана, киім-кешек және минералдар береді.

Жер адамдарға, тіршілік иелеріне өмір сүруге мүмкіндік беретін оттегімен қоректендіреді.

Жер ауаны реттеп, төтенше қызып кетуден
қорғайтын жамылғы іспеттес.

Жер – адам баласы үшін құтты қоныс.
Жерді қадірлеу, аялау адам баласына парыз.



Қазақ жері

*Сөзін жазған Тұманбай Молдағалиев
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Жатыр бұлттың ішінде
Тауларымыз – биік тау.
Барлық жердің ішінде
Сол жер маған сүйікті-ау.

Қосыл досым, әніме
Жаным-жомарт, күн кеуде.
Не керектің бәрі де
Табылады бұл жерден.

Көгімізде күн ғажап,
Күлімдейді үнемі.
Өз жеріндей қазақтың
Жаны жомарт біл оны.

БАЛАЛЫҚ ШАҚ МЕЙРАМЫ



Бейбітшілік – ел ұраны.

Нақыл сөз

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



Әрқашан күн сәнбесін!

Әдібай Табылды

Бейбітшіліктақырыбына арналған әдеби музыкалық қойылым.

Қатысушылар: Бастаушы, Ваня, Дин Хуан, Ганс, Джон, өнершіл балалар мен қыздар.

Сахнада бейбітшілік пен балаларды қорғауға арналған безендіру. Өнершілдер топ-тобымен өз өнерлеріне лайықты орналасқан.

Бастаушы (тебіреніп):

Ағайын туған бар адам

Адамдық үшін жаралған.

Күлсін деп күнге қараған!

Жарқырап тұрсын күніміз,

Жайқала берсін гүліміз!

Бар елге қымбат туыстық,

Баянды болсын тыныштық!

«Бейбітшілік туы берік қолда» әні хормен айтылады. Бәрі көк жалаушаларын бұлғай көтеріп, орындарында тұрып маршқа басады. Хор соңынан Ваня, Дин Хуан, Ганс, Джон кезек-кезек бір адым алға шығып, бейбітшілік туралы тақпақ айтады.

Ваня (күлімдеп):

Ақ көңіл, досшыл боламын,
Аппағы менмін ананың!
Бейбітшіл әрбір досымның
Ісіне мен де қосылдым!

Дин Хуан (елжіреп):

Вьетнамдық Хуанмын,
Жауымды жеңіп жұбандым!
Жетімек едім өксіген,
Достарды тауып, қуандым!

Ганс (күлім қазып):

Бақытты жас Ганспын,
Барлығыңмен таныспын!
Сендерді, достар, сүйемін,
Хат жазып, хабар алыстым!

Джон (күлімдеп):

Қап-қара негр баламын,
Қарашығымын анамның
Бостандық – достық талабым!
Бар бала маған дос екен!
Бақытты болып өссе екен!

Асан (масаттанып):

Өнершіл өрен Қазақпын!
Өсірді бейбіт, азат күн.
Тым ыстық – достық, туыстық,
Тыныштық күні – ғажапсың!

Бесеуі (қосылып, қолдарын түйістіре):

Бір-бірімізге серікпіз,
Бірлікке мәңгі берікпіз!

Бесеуі орындарына тұрады. Өнершілдер бірінен соң бірі адым алға шығып, бейбітшілік туралы тақпақ айтады.

Ұл бала (*тебіреніп*):

Ау, адамдар – даналар!
Соғысқа қарсы балалар,
Өркендей берсін қалалар,
Гүлдене берсін далалар!
Тындырсын халық мол ісін,
Тыныштық керек ол үшін!

Қыз бала (*шаттана тебіреніп*):

Біздің жер гүл-гүл жайнайды.
Балалар еркін ойнайды.
Өйткені Отан ұлы елім –
Бейбітшілік тірегі.

Бәрі (*қосылып*):

Бейбітшілік – ұранымыз,
Бейбітшілік – жыр, әніміз.
Таңғажайып ұлы Отанда,
Тату-тәтті тұрамыз біз!

Ән (*«Бейбітшілік жыры»*).

«Әлем сүйген салтымыз бар:
Бейбітшілік ел ұраны»...

Бәрі (*әннің қайырмасына қосылады*)

«Кел, достар, шырқайық, әр елде,
Бейбіт күн жасасын әлемде!»

Қыз бала (*ерекше қуанышпен*):

Халықтар достасса,

Қамқор боп дос досқа,
Тыныштық сән құрып,
Орнайды мәңгілік.

Тақпақ биге ұласады. «Ақ көгершін» биін екі қыз немесе бірнеше оқушы орындайды.

Бастаушы (тебіреніп):
Бейбітшілік ұранымыз –
Бейбіт елде тұрамыз біз.
Берекелі еңбек етіп,
Бейбіт заман құрамыз біз!

Хор («Әрқашан күн сөнсебін!»). *Барлығы жалаушаларын бұлғап, орындарында марш басып, жігерлі шабытпен орындайды.*



- Бейбітшілік дегенді қалай түсінесіңдер?
- «Татулық – бақыт бастауы» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өмірдегі басты нәрсе не деп ойлайсыңдар?
- Сенің мақсатың қандай? Айтып бер.



1-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын ашып айтып беріңдер.

Ғаббас Жұмабаев

Біздің тілек

**Бізге ашық күн керек,
Аспан керек мөп-мөлдір.
Қуанышқа тұр бөлеп
Бақытты өмір төккен нұр.**

Тыныш болып жер беті,
Түршікпесін денеміз.
**Азамат боп ер жетіп,
Ағаларға ереміз.**

2-тапсырма

Сурет бойынша әңгіме құрастырып айтыңдар.



3-тапсырма

Сұрақтарға жауап жазыңдар.

Нені білдім?	Не үйрендім?	Нені білгім келеді?



Өзін-өзі тану – рухани-адамгершілік білім беретін пән. Өзіңді тани алсаң, өзгелерді, әлемді тани аласың. Адам ішкі тыныштығын сақтап, әрдайым тек жағымды ойлап, сөйлеген сөзіне, істеген ісіне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Адамға лайықты іс – ол тек шындықты айту, сабырлы болу, жақсылық жасау.

Ізгілікке ұмтылу – бақытқа бастайтын жол.



Сырбай Мауленов

Балалық

Балалық – қиялдың әлемі,
Ғажайып сәуленің гүлдері.
Балалық – бұлбұлдар әуені,
Балалық – наурыз күндері.

Балалық – алтын таң шақтары,
Балалық – найзағай ақ жалын.
Балалық – аспанның бұлттары,
Балалық – толассыз ақ жауын.

Балалық – орманның бүршігі,
Балалық – қоянның көжегі.
Балалық – бақаның у-шуы,
Балалық – даланың өзені.

Жапырақтарын жайнатып,
Әлдилесе бақша-бау.
Балаларға сол бақыт –
Жаз орманда жақса алау.

Балаларға сол бақыт –
Аман болса әкесі,
Қатар өссе тәтесі,
Аман болса анасы,
Жүрсе алдында ағасы,
Болса мөлдір өзені,
Болса байтақ даласы!



- Өлеңдегі балалық туралы айтылған сөздерді қалай түсінесіңдер?
- Өздеріңді қандай сәттерде бақытты сезінесіңдер?
- Сендердің тілектерің қандай?
- Өзің нені армандайсың? Айтып бер.



4-тапсырма

Жазғы демалыс кезінде немен шұғылданыатыныңды айтып бер.

5-тапсырма

«Даналық іздері» жобасының қорытындысын ортаға салып айтыңдар.

6-тапсырма

Өзін-өзі тану сабақтарынан алған жақсылықтарды естеріңе түсіріп, сахналау, концерт, ойын түрінде презентация жасаңдар.



Адам өмір бойы өзін-өзі танумен айналысады. Өзін таныған адам өзін, өзгелерді, әлемді тани түседі. Ондай адам ақиқат жолымен жүреді, әділдікті жақтайды.

Өмірдің мәнін түсінген адам өзіне не қажет екенін біледі. Ондай адамның ниеті түзу, тілек-қалаулары орынды, ісі игілікті болады.

Ол үшін өзіңе-өзің есеп беріп, өзіңді-өзің бақылап, мінезіңді жақсартумен айналысуың керек. Алдымен өзіңді-өзі тани біл.

Каникул жыры



*Өлеңін жазған Оспанхан Әубәкіров
Әнін жазған Салтанат Сұлтанова*

Қырдың гүлі,
Күннің нұры,
Қол бұлғайды сая бақ.
Асқар белдер,
Толқын көлдер,
Құшақтайды аялап.

Еліміздің,
Жеріміздің,
Жазы жаннат, тамаша!
Дала қандай,
Қала қандай,
Көз тоймайды қараса!

Шығысқа да,
Батысқа да,
Бастап жүрді Күн мен Ай.
Жер мен көкпен
Серуендеткен
Каникулдың күндері-ай!

ТЕСТІЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

Мұғалім шығармашылық жұмыстармен айналысу үшін табиғат аясына баратынымызды айтты.

Сенің әрекетің қандай?

- а) *Мен шығармашылық жұмыстармен айналысу үшін табиғат аясына барамын.*
- ә) *Мен бармаймын.*
- б) *Мен шығармашылық жұмыспен айналысуға ерінетіндіктен, бармаудың амалын ойластырамын.*

2-тест

Әпкең ыдыс жуғанда суды бекер ағызып жатқанын байқадың.

Сенің әрекетің қандай?

- а) *Әпкеме суды үнемдеу керектігін айтамын.*
- ә) *Бұған көңіл бөлмеймін.*
- б) *Суды үнемдеу керектігін білсем де, әпкемнің ісіне араласпаймын.*

3-тест

Мұғалім туған жердің әсемдігі туралы эссе жазуды тапсырды.

Сенің әрекетің қандай?

- а) *Мен бұл тапсырманы орындамаймын.*

ә) *Мен туған жердің әсемдігі туралы эссе жазуға сенімсіз болғандықтан, сылтау айтамын.*

б) *Мен туған жердің әсемдігі туралы эссені қуана жазамын.*

4-тест

Біздің сынып оқушылары «Жер – ортақ үйіміз, таза сақтау ізгі іс» акциясын өткізуге дайындалып жатыр.

Сенің әрекетің қандай?

а) *Мен бұл акцияға атсалыспаймын.*

ә) *Мен акцияға міндетті түрде атсалысамын.*

б) *Мен бұл акциядан сырт қалған дұрыс деп ойлаймын.*

«Даналық іздері» жобасы



Жоба бойынша жұмыс қорытындысын шығарыңдар. Мерекеге кімдерді шақыратындарыңды ойлаңдар.

Мерекені ұйымдастырарда сендердің ілтипаттарың мен қамқорлықтарыңды ерекше қажет ететін жандар барын естеріңнен шығармаңдар.

ТҮСІНДЕРМЕ СӨЗДІК

Адалдық – адамның аса маңызды қасиеті. Адам бойындағы таза ниет. Ар-ұжданға беріктік, іс-әрекеттегі тазалық, басқаға қиянат жасамау, шындықты, ар-ұжданды қорғау. Отанға беріле қызмет ету, таза жанды болу.

Адамзат – бүкіл адам баласы.

Адамгершілік – ізгілікті білдіретін ұғым, адами қасиеттердің жиынтығы. Адамның күнделікті өмірінде жетекші болатын ішкі, рухани қасиеттері.

Ақкөңілділік – адам баласының жақсы қасиеттерінің бірі. Ақкөңіл адам өзгенің жетістігін, қуанышын, бақытын өз жетістігі мен бақытындай көріп, қуанады.

Ақиқат – шындықтың адам санасында дәлме-дәл бейнеленуі. Адам түсінігінің өмір шындығымен сәйкестігі. Заттар мен құбылыстардың анық бейнесі. Адамның шындықты дұрыс, әділ бейнелеуі, оны санаға өмірде қандай болса, сондай күйінде түсіруі.

Алғыс – өзіне жасалған жақсылыққа ризашылық білдіру.

Ар – адамның ең жоғарғы адамгершілік қасиеті. Кісінің халық пен қоғам, жеке адамдар алдында өз әрекеті үшін жауапкершілігін сезініп, саналы ұғынуы.

Ар-ұят – ізгілік пен мейірімділікті, имандылық пен инабаттылықты білдіретін ұғым. Адамның әдептілікті сақтап, іс-әрекеті мен мінез-құлқына баға беруімен байланысты туындайтын қасиет.

Әдептілік – адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы, мәдениеттіліктің белгісі. Әдептілік адамның жүріс-тұрысы, өзін-өзі ұстауы, қарым-қатынасының жалпы ережелері.

Әлем – бізді қоршап тұрған шексіз кең әрі мәңгі дүние.

Батылдық – адамның өз-өзіне сенімділігі, қорқынышты жеңе алуы, ешнәрседен тайынбай іс-қимыл жасауы, жылдам шешім қабылдай білуі.

Дербестік – өз алдына мақсат қоя білу және сол мақсатқа өзінің жетуі; өз бетінше таңдау жасай алу; шешім қабылдай білу; өзінің іс-әрекетіне және мінез-құлқына жауапкершілік.

Достық – адамдар арасындағы жеке риясыз қарым-қатынасты білдіреді. Достардың қызығушылықтары мен

айналысатын істері ортақ болып келеді. Достар бір-бірін түсінеді, бір-біріне сенеді, өзара сыйласады, көмектеседі.

Жақсылық – адамдарға көмек көрсетуге ұмтылыс. Жақсылық – адам жанының қалауы. Жақсылық жасау – басқаларды қиыншылықта қалдырмауға күш салу.

Жауапкершілік – адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет. Өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, аса ұқыптылықпен қараудың белгісі.

Кешірімділік – адам бойындағы жақсы қасиет. Адамдарға құрметпен, ізгілік тұрғыдан қарау. Адамның оқыс істері мен қоғамға зиянды іс-әрекет жасағаны анықталғанда, оған адами тұрғыдан кеңшілік жасап, залалды істерінің мән-жайын түсіндіру, кешірім сұрау.

Кішіпейілділік – ізеттілік пен әдептіліктің, құрмет пен сыйластықтың белгісі. Ол өзге адамдарды сыйлаудан, олармен қарым-қатынас жасаудағы қарапайымдылықтан көрінеді.

Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін, ізгі қарым-қатынастарын білдіреді.

Қамқорлық – адамға, табиғатқа, жан-жануарларға жақсылық істеу, көмек көрсету.

Қанағатшылдық – адамның барға риза болуын білдіретін ұғым. Қанағат ету – жетіспеушілікке, таршылыққа төзіп шыдау емес, ақылға сүйеніп, өзін-өзі тежеп, құнығудан бас тарту. Қанағатшылдық – қолдағы барына, қол жеткізген табыстарына разы болу.

Қарапайымдылық – ақыл-парасатты іс-әрекетпен, ізетті мінезбен жұрттың сүйіспеншілігіне бөлену.

Мақсат – адамның қол жеткізуі тиіс нәтижеге алдын ала ниеттенуі. Мақсатқа жету үшін адам іс-қимылы мен күшін бағыттап, реттеп отырады.

Мейірімділік – жеке адамның жоғары адамгершілік белгісі болып табылады. Мейірімділік басқаларға тек жақсылық ойлау. Адамның бір-біріне жылылығын білдіріп, оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырату, игі әрекет жасау.

Өзара түсіністік – достық пен сүйіспеншіліктің негізі. Адамдардың бір-бірін түсіне білуі және келісімге келуі.

Парыз – адамның ел-жұрт, мемлекет пен қоғам алдындағы борышын білдіретін ұғым. Жақсы адам болу, жақсылық жасау – басты парыз.

Патриот – өз Отанын, халқын, туған жерін, өскен елін шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам.

Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс. Туған жерін, ана тілін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрмет тұту.

Сұлулық – адамның сыртқы бейнесі мен ішкі әлемінің үйлесімділігі. Ішкі сұлу адамның сырты да нұрланып тұрады. Адам барлық жағынан әдемі, әсем, көркем болуға ұмтылуы керек.

Табандылық – өзінің әрекетін алдына қойған мақсатына бағындыру және кедергіні жеңе отырып, бастаған ісін аяқтап шығу. Алған мақсаттан қайтпайтын, қиыншылықты қажымай ығыстырып, мақсатқа жететін ерік күші. Мінез-құлықты ұзақ уақыт бойы белгілі бір мақсатқа сай бағыттап, бақылап отыру қабілетінен көрінетін жеке адамның қасиеті.

Ұжым – адамдардың ортақ мақсатқа бірігуі. Жоғары нәтижеге қол жеткізу жолында топтасуы.

Ұқыптылық – тәртіптілікті, тыңғылықтылықты, дәлме-дәлдікті және жұмыста да жинақылықты көрсетеді. Сырт көрінісінде де тап-тұйнақтай, сайма-сай, мінсіз болудан көрінетін жеке бастың қасиеті.

Ұстамдылық – адамның бойындағы жағымды қасиет. Өз тәртібін қадағалай білу, өзін тежей алу. Бұл адамның өз мінез-құлқын бақылай білуі, ашулы кездерде, ызаланған сәттерде, ауырғанда, өмірдің қиын мәселелерін шешкен шақта шыдамдылық көрсету және өрескел мінез-құлық пен артық әрекеттен бас тарту.

Ұят – адамдардың қарым-қатынас мәдениетіндегі ненің жақсы, ненің жаман екендігін түсіну және ажырата білу. Ұят – адамның өзінің іс-әрекеті үшін жауапкершілік танытуы. Ұят – адамгершіліктің бір жемісі, сонымен қатар ар-намыстың қосшысы.

Шығармашылық – ақыл-ой арқылы мәдени, материалдық, жасампаздық игілік жасауға бағытталған адамның қызметі.

Шыдамдылық – қиындыққа шыдай білу, мінездегі төзімділік, сабырлылық, беріктік. Шыдамдылық жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі арқылы қалыптасады.

Шындық – табиғи және қоғамдық-тарихи құбылыстар жиынтығының нақтылығы.

Шыншылдық – шындықты бағалай білу және шындықты айта білу. Адамның іс-әрекеті оның ойы мен сөзіне қайшы болмауы үшін өмір сүре білуі. Адалдық, турашылдық қасиеттерімен мәндес.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Эзоп – біздің заманымызға дейінгі 6 ғасырда өмір сүрген ежелгі грек ақыны, мысалшы.

Сократ – біздің заманымызға дейінгі 470 – 399 жылдары өмір сүрген ежелгі грек философы.

Қорқыт ата (9 ғасыр) – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы.

Әбу Насыр әл-Фараби – Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки 870–950 жылдар шамасында өмір сүрген әлемге әйгілі ойшыл, философ, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі.

Жүсіп Баласағұни, Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни (1020) – ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Жүсіп Баласағұнидің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны арқылы қалды.

Қожа Ахмет Ясауи (1093 жыл шамасында, кейбір деректерде 1103, 1041, Сайрам (Исфиджаб) – 1166 ж. Түркістан (Ясы) – түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орыны бар ұлы ақын, пәлсапашы.

Константин Дмитриевич Ушинский (19.2.(2.3.)1824, Тула – 22.12.1870 (3.1.1871) Одесса, Киев) – ұлы педагог.

Шоқан Уәлиханов (шын есімі Мұхаммед Қанафия; 1835, Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Құсмұрын жері – 10 сәуір 1865, Көшентоған, Жетісу) – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнолог, географ, фольклортанушы, суретші.

Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим, 1841–1889) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904) – қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер.

Шәкәрім Құдайбердиев (11 шілде (24 шілде) 1858 – 2 қазан 1931) – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор.

Әлихан Бөкейхан (5 наурыз 1866, Қарқаралы уезі, Семей облысы, Дала Өлкесі – 27 қыркүйек 1937, Мәскеу) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы.

Ахмет Байтұрсынов (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) – қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.

Міржақып Дулатов (1885–1935) – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері. Туған жері – Торғай уезінің, Сарықопа облысының бірінші ауылы (қазіргі Қостанай облысының Жанкелді ауданына қарасты «Қызбел» ауылы).

Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы.

Мағжан Жұмабаев (25 маусым 1893, Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл жағасы – 19 наурыз 1938, Алматы) – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы.

Ілияс Жансүгіров (5 мамыр 1894 жыл, Алматы облысы Ақсу ауданы – 1938 жыл) – ақын, қоғам қайраткері.

Сәкен Сейфуллин (15 қазан 1894 Ақмола уезі, Ақмола облысы, – 25 ақпан 1939, Алматы, Қазақ КСР, КСРО) – қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын және жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері.

Сапарғали Бегалин (1895 жылы 24 қарашада Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Дегелең ауылы – 1983) – жазушы, Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі.

Мұхтар Әуезов (1897, 28 қыркүйек – 1961, 27 маусым) – қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымдарының докторы, профессор (1946), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Өтебай Тұрманжанов (15 желтоқсан 1905, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Жалғызбағаш ауылы – 1978, Алматы) – балалар жазушысы, фольклоршысы.

Бауыржан Момышұлы (24 желтоқсан 1910 жыл, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ (Көлбастау) ауылы – 10 маусым 1982 жыл, Алматы) – Халық Қаһарманы, жазушы. Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик.

Илияс Есенберлин (10 қаңтар, 1915 жылы қазіргі Ақмола облысы, Атбасар қаласы – 1983, Алматы) – қазақ жазушысы.

Василий Александрович Сухомлинский (28 қыркүйек 1918, Васильевка селосы, Александровский уезі, Херсон губерниясы, Украина – 2 қыркүйек 1970) – ұлы педагог, жазушы.

Мәдіхат Төрежанов (30 сәуір 1921 жыл, Ақмола облысы, Алексеевский ауданы, Трудовой ұжымшары – 1996 жыл, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Еңбек ауылы) – жазушы.

Сырбай Мәуленов (17 қыркүйек 1922 жыл, Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы, Торғай поселкесі; – 1993) – ақын.

Ибрагим Нүсіпбаев (24 қыркүйек 1922 жыл, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Көктөбе ауылы – 27 шілде 1987 жыл) – Қазақстан мәдениет қайраткері, композитор.

Мұзафар Әлімбаев (29 қазан, 1923 жыл, Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды атырабы – 26 қараша 2017, Алматы) – балалар ақыны.

Бердібек Соқпақбаев (15 қазан 1924 жыл, Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылы – 1991 жыл, Алматы) – қазақ балалар жазушысы.

Мүбәрәк Жаманбалинов (7 қараша 1924 жыл, Павлодар облысы, Железинка ауданы, Тәттімбет ауылы) – 23 қаңтар 2010 жыл, Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Иртышск ауылы) – балалар ақыны, журналист, өлкетанушы, жазушы.

Әдібай Табылды (2 қаңтар 1926 жыл, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы Жаңа тұрмыс ауылы) – балалар жазушысы, сатирик, ғалым.

Құрманбай Толыбаев (14 наурыз 1926 жыл, Алматы облысы, Шелек ауданы – 21 тамыз 2004 жыл) – жазушы.

Мұқағали Мақатаев (9 ақпан 1931, Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылы – 27 наурыз 1976, Алматы) – қазақтың лирик ақыны.

Шалва Александрович Амонашвили (1931 жылы 8 наурызда Тифлисте дүниеге келді, қазіргі Тбилиси, Грузия) – кеңес, грузин және ресей педагогы және психологы, КСРО ПФА академигі.

Оспанхан Әубәкіров (4 мамыр 1934, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үшбұлақ ауылы – 1986, Алматы) – жазушы, сықақшы.

Айса Хамза (19 тамыз 1934 жылы Ақмола облысы, Астрахан ауданы Қызылжар ауылында дүниеге келген) – балалар қаламгері.

Қадыр Мырза Әлі (5 қаңтар 1935 жыл, Орал облысы, Жымпиты ауданы – 24 қаңтар 2011 жыл, Алматы) – ақын.

Тұманбай Молдағалиев (20 наурыз 1935 жыл, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Жарсу ауылы – 10 қазан 2011 жыл, Алматы қаласы) – қазақтың біртуар ақыны.

Қастек Баянбай (15 қараша 1936 жыл, Алматы облысы, Алакөл ауданы, Талдыбұлақ ауылы) – балалар жазушысы, ақын.

Жұмағалиев Қайрат (16 қыркүйек 1937 жыл, Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Бесқұдық ауылы – 2013 жыл) – ақын.

Ермек Өтетілеуов (1 қаңтар 1938 жыл, Ақмола (қазіргі Астана) қаласы – 2006 жыл) – балалар ақыны.

Әбдірахман Асылбеков (1 мамыр 1938 жыл Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал ауылы) – ақын.

Әли Ысқабаев (5 мамыр 1939 жыл, Алматы облысы, Балқаш ауданы, Құйған ауылы) – жазушы.

Фариза Оңғарсынова (5 желтоқсан 1939 жыл, Гурьев облысы (Атырау облысы), Новобогат ауданы, Манаш ауылы – 23 қаңтар 2014 жыл, Астана) – қазақ ақыны, халық жазушысы, журналист.

Шәкен Күмісбаев (17 қазан 1942 жыл, Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылы) – жазушы.

Жарасқан Әбдірашев (7 наурыз 1948 жыл, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аманөткел ауылы, – 10 ақпан 2001 жыл, Алматы) – ақын, сыншы, аудармашы, сықақшы.

МАЗМҰНЫ

I тарау. ҒАСЫРЛАР ДАНАЛЫҒЫ

1-2. Адамзат мәдениетінің рухани-адамгершілік әлемі	6
3-4. А.Құнанбаев пен Ш.Құдайбердиевтің іліміндегі өмірдің мақсаты	13
5-6. Адам бол!	22
7-8. Адамның ішкі сұлулығы.....	32

II тарау. ЫНТЫМАҚТЫ ОТБАСЫ

9-10. Отбасындағы өзара түсіністікті үйренеміз	45
11-12. Отбасы дәстүрлері.....	55
13-14. Менің ұжымым	63
15-16. Ардақты ат	71

III тарау. АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

17-18. Дербестік және жауапкершілік.....	85
19-20. Батылдық пен табандылық.....	94
21-22. Ар-ұждан ілімі	104
23-24. Мен азаматпын!	114

IV тарау. ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ!

25-26. Табиғаттың жандандыратын күші	127
27-28. Жанды су	139
29-30. Туған жердің әсемдігі	148
31-32. Жер – ортақ үйіміз	155
33-34. Балалық шақ мейрамы	164

Түсіндерме сөздік	174
Есімдер көрсеткіші	178

Оқу басылымы

Ізғұттынова Рабиға Отарбайқызы
Оралбекова Әлия Құрбанқызы
Тәттімбетова Құралай Жеңісқызы

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

**Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына
арналған оқулық**

Редакторы
Суретшісі Алиева Д.Д.
Компьютерде беттеген Абкеева А.